



ISSN 2308-9865

№3,
2017

МЕХАНИКА ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Ғылыми журналды



Научный журнал

МЕХАНИКА И ТЕХНОЛОГИИ



Scientific Journal

MECHANICS & TECHNOLOGIES



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«М.Х. ДУЛАТИ атындағы
ТАРАЗ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ»
ШЖҚ РМК



МЕХАНИКА ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ISSN 2308-9865

Ғылыми журнал
1994 жылдың қаңтарынан бастап шығады
Жылына төрт рет шығады

№ 3 (57)
Шілде-қыркүйек
2017 ж

Бас редактор И.И. Бекбасаров

Редакция алқасы: Н.А. Абиев, Б. Абзалбекұлы, К.И. Баданов,
И.И. Бекбасаров, Ю.Л. Винников, Н.А. Горбатовская,
Г.Е. Жидекулова, М.Т. Кейкиманова, Б.А. Койайдаров,
С.М. Койбаков, М.М. Мукимов, М.И. Никитенко, А. Нурлыбаева,
Г.Е. Омарова, С.А. Орынбаев, А.В. Пилягин, А.А. Сагындыков,
Х.Р. Садиева, А.С. Сейтказиев, А.Н. Семернин, Н.А. Смирнова,
Е.С. Спандияров, А.Г. Шлейкин, Я. Шульц

Корректор және компьютерлік беттеу Е.И. Атенов

Редакция мекен-жайы:

080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 60.

Тел.: 8 7262 45-35-10, факс: 8 7262 43-24-02.

<http://mit.zhambyl.kz> E-mail: bekbasarov.isabai@mail.ru

Тіркеу куәлігі №1193 (23.11.1993), №560-Ж (4.02.1999), №4244-Ж
(08.10.2003), №13521-Ж (15.04.2013)

Басуға қол қойылған күн 06.10.2017. Форматы 70×180/16. Шартты баспа
табағы 17,9. Тираж 300 дана. Тапсырыс 927.

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің «Тараз
университеті» баспасы. 080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 60.

© М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, 2017

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

РГП на ПХВ
«ТАРАЗСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ имени М.Х. ДУЛАТИ»



МЕХАНИКА И ТЕХНОЛОГИИ

ISSN 2308-9865

Научный журнал
Издается с января 1994 года
Выходит четыре раза в год

№ 3 (57)
Июль-сентябрь
2017 г.

Главный редактор И.И. Бекбасаров

Редакционная коллегия: Н.А. Абиев, Б. Абзалбекулы, К.И. Баданов,
И.И. Бекбасаров, Ю.Л. Винников, Н.А. Горбатовская,
Г.Е. Жидекулова, М.Т. Кейкиманова, Б.А. Койайдаров,
С.М. Койбаков, М.М. Мукимов, М.И. Никитенко, А. Нурлыбаева,
Г.Е. Омарова, С.А. Орынбаев, А.В. Пилягин, А.А. Сагындыков,
Х.Р. Садиева, А.С. Сейтказиев, А.Н. Семернин, Н.А. Смирнова,
Е.С. Спандияров, А.Г. Шлейкин, Я. Шульц

Корректор и компьютерная верстка Е.И. Атенев

Адрес редакции:

080012, г. Тараз, ул. Толе би, 60.

Тел.: 8 7262 45-35-10, факс: 8 7262 43-24-02.

<http://mit.zhambyl.kz> E-mail: bekbasarov.isabai@mail.ru

Свидетельство о регистрации №1193 (23.11.1993), №560-Ж (4.02.1999),
№4244-Ж (08.10.2003), №13521-Ж (15.04.2013)

Подписано в печать 06.10.2017. Формат 70×180/16. Усл. печ. л. 17,9. Тираж
300 экз. Заявка 927.

Издательство «Тараз университеті» Таразского государственного
университета им. М.Х. Дулати. 080012, г. Тараз, ул. Толе би, 60.

© Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, 2017

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



TARAZ STATE UNIVERSITY
named after M.Kh. DULATI

MECHANICS & TECHNOLOGIES

ISSN 2308-9865

Scientific Journal

Published since January 1994

Published four times a year

№ 3 (57)

July-September
2017

Editor in chief I.I. Bekbasarov

Editorial board: N.A. Abiev, B. Abzalbekuly, K.I. Badanov,
I.I. Bekbasarov, N.A. Gorbatovskaya, M.T. Keikimanova,
B.A. Koiaidarov, S.M. Koibakov, M.M. Mukimov, M.I. Nikitenko,
A. Nurlybayeva, G.E. Omarova, S.A. Orynbayev, A.V. Pilyagin,
Kh.R. Sadieva, A.A. Sagyndykov, J. Schulz, A.S. Seitkazyev,
A.N. Semernin, N.A. Smirnova, Y.S. Spandiyarov,
A.G. Shleikin, Yu.L. Vinnikov, G.Y. Zhidekulova

Press-corrector and computer page makeup Ye.I. Atenov

Editorial address:

080012, Taraz, Tole bi street, 60.

Tel.: 8 7262 45-35-10, fax: 8 7262 43-24-02.

<http://mit.zhambyl.kz> E-mail: bekbasarov.isabai@mail.ru

Registration certificate №1193 (23.11.1993), №560-Ж (4.02.1999), №4244-Ж (08.10.2003), №13521-Ж (15.04.2013)

Signed in print 06.10.2017. Form 70×180/16. Cond. print. sh. 17,9. Edition 300 copies. Application 927.

Printing House «Taraz University» of Taraz State University
named after M.Kh. Dulati. 080012, Taraz, Tole bi street, 60.

© Taraz State University named after M.Kh. Dulati, 2017

МАЗМУНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

МЕХАНИКА

Қойайдаров Б.А. Желдің қуатын желдөңгелекпен алу	6
Қойайдаров Б.А. Желді өзінен өткізетін қалақтармен жабдықталған желдөңгелекті есептеу	12
Қойайдаров Б.А. Қарсылық күшінің қалақтарымен жабдықталған желдөңгелектерді есептеу	20
Қойайдаров Б.А., Байарыстанова А.М. Конфузор қалақты желдөңгелекті есептеу	28
Қойайдаров Б.А., Байарыстанова А.М. Қозғалыстағы конфузор қалақты желдөңгелекті есептеу	44
ТЕХНОЛОГИИ ПРОДОВОЛЬСТВЕННЫХ ПРОДУКТОВ	
Горбатовская Н.А., Дильдабаева А.С., Шоя Е.Н., Умирбаева Ш.Д. Газообразующая способность муки – важный технологический показатель	59
Спандияров Е., Кенжеходжаев М.Д., Изтурганова Т.Б. Релаксация напряжения толочка «тары» в условиях объемного сжатия ..	65
Клышбекова А.С. Конфет тұрқыларының өндірісінде асқабақ және алма езбесін біріктіріп қолдану мүмкіндігі	69
МАШИНОСТРОЕНИЕ И ОБРАБОТКА МАТЕРИАЛОВ	
Нусипали Р.К., Танабекова А.Б. Цилиндр бетті дайындамаларды центрлеп бекітетін эмбебап станоктық құрылғы	76
Жүсіп Т.С., Дүйсебаев Ж.А., Мельдебеков Б.Л. Влияние усовершенствованного рабочего органа на эффективность работы бульдозера с поворотным отвалом	87
Тлеуов О.А., Жашен С.Ж. Резания материала, когда лезвие резака ориентировано к оси вращения валка под прямым углом	91
Baubek S., Nemerebayev M., Bekmuratov M.M., Orynbayev S.A. Investigation of machine parameters for contour processing automation of products in a light industry	98
ТЕХНОЛОГИИ В СФЕРЕ СТРОИТЕЛЬСТВА	
Баялиева Г.М., Нурпеисов С.К., Омирбекова А. Силикат-натриевое композиционное вяжущее и изделия на основе барханного песка	108
Баялиева Г.М., Нурпеисов С.К., Омирбекова А. Технология стеновых изделий на основе шлаков	111

МЕЛИОРАТИВНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

Хожанов Н.Н., Юлдашева Д., Хожанова Г.Н. Расчет эффективности сельскохозяйственных земель на основе энергетического подхода	115
---	-----

ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКА

Орынбаев С.А., Абикен А. Анализ потерь электроэнергии в электрических сетях Казахстана и дальнего зарубежья	123
---	-----

Орынбаев С.Ә., Бекмуратов М.М., Ыдырыс М.Д. IGBT және MOSFET транзистордың негізгі көрсеткіштері және артықшылықтары	128
--	-----

Кейкиманова М.Т., Касенова Т.К., Жантурина А.С. Ток көздері параллель қосылған электр тізбектерін есептеу туралы	132
--	-----

МАТЕМАТИКА

Абиев Н.А., Сейдалиева Ш.Т. Сингулярлы ауытқыған теңдеулер бифуркацияларының компьютерлік интерпретациялануы	140
--	-----

Абиев Н.А., Сейдалиева Ш.Т. Сингулярлы ауытқыған дифференциалдық теңдеулердегі шекаралық қабаттың қалыңдығын компьютерде бағалау	148
--	-----

Баяндиев Е.Н., Мекемова Д.А. Решение систем дифференциальных уравнений и построение фазовых портрет на MAPLE	157
--	-----

ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

Шедреева И.Б., Тлепберды К., Жолдыбай Б. GSM жүйесін EDGE технологиясына қарасты жетілдіру	160
--	-----

Шедреева И.Б., Тлепберды К., Жолдыбай Б. EGPRS және EDGE радио-интерфейстың сипаттамалары	164
---	-----

Ахметова С.О., Куттибоев А.А. WI-FI технологиясы негізінде жергілікті желіні құру бойынша NET CRACKER бағдарламасын қолдану	167
---	-----

Тлешова А.С., Айтқали Б.А. PLC (Power Line Communications) технологиясын қолданумен энергия торабы бойынша мәліметтерді беру торабын зерттеу	172
--	-----

Тлешова А.С., Жақсылық М.Р. «Радиотехника және телекоммуникация негіздері» пәнінен MATLAB бағдарламасында тәжірибелік зерттеу жұмыстарын жасау	177
--	-----

Тлешова А.С., Жақсылық М.Р. «Сымсыз байланыс технологиясы» пәнінен Cisco Packet Tracer бағдарламасы көмегімен білімгерлердің зерттеу жұмысы	182
---	-----

Механика и обработка материалов

ӘОЖ 621.311.24

Б.А. Қойайдаров

Техн. ғылымдарының канд., доцент

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан

ЖЕЛДІҢ ҚУАТЫН ЖЕЛДӨҢГЕЛЕКПЕН АЛУ

Желдің энергиясын желдөңгелектің көмегімен пайдаланудың мүмкіншілігі мен жолы қарастырылған.

Түйін сөздер: жел, энергия, қуат, желдөңгелек, бет, жылдамдық, күш.

Желдің, ілгерілемелі қозғалыстағы қатты дене сияқты, кинетикалық энергиясы болады [1-3]

$$E = \frac{1}{2} m v^2, \quad (1)$$

мұнда: m – жел легінің массасы, кг; v – желдің жылдамдығы, м/с.

Желдегі қуатты оның кинетикалық энергиясын уақыт бойынша дифференциальдау арқылы анықтайды [1]

$$N = \dot{E} = \frac{1}{2} \cdot \dot{m} \cdot v^2. \quad (2)$$

Жел легінің массасы

$$m = \rho \cdot V_g, \quad (3)$$

мұнда: $\rho = 1,25 \text{ кг/м}^3$ – желдің тығыздығы (температура 15°C , қысымы 1 атм болғанда); V_g – беттен 1 секундта өтетін желдің көлемі, м^3 .

Жел легінің массасын дифференциальдаймыз

$$\dot{m} = \rho \cdot \dot{V}_g = \rho \cdot S \cdot \dot{S} = \rho \cdot S \cdot v,$$

мұнда: S – жел түсетін беттің ауданы, м^2 ; v – желдің жылдамдығы, м/с.

Соңғы теңдеуді ескеріп желдің қуатын табамыз

$$N = \frac{1}{2} \rho \cdot S \cdot v^3. \quad (4)$$

Желдің қуаты негізінен оның жылдамдығына тәуелді:

1) желдің жылдамдығы 30 м/с жеткенде оның қуатының тығыздығы – 16 кВт/м^2 ;

2) желдің жылдамдығы 1 м/с болғанда оның қуатының тығыздығы – 1 Вт/м^2 .

Сондықтан, жел энергетикалық қондырғының қуатын желдің орташа жылдамдығы анықтайды.

Желдің энергиясын пайдалану үшін желқондырғының желдөңгелегі оны тежеп, жылдамдығын V_1 –ден V_2 –ге дейін төмендетіп, желдің жоғалтқан қуатын алады, энергияның сақталу заңы бойынша


$$N_k = N_1 - N_2, \quad (5)$$

мұнда: N_k – желдөңгелектің желден алған қуаты, кВт; N_1 – желдөңгелекке келген желдің қуаты, кВт; N_2 – желдөңгелектен шыққан желдің қуаты, кВт.

Желдің желдөңгелектен өту схемасы 1-суретте көрсетілді [1, 2]. Желдөңгелекке кірген жел сондай мөлшерде шығады. Сондықтан, желдің тығыздығы өзгермейтін жағдайда, келесі шарт орындалуға тиіс

$$p \cdot S_1 \cdot v_1 = p \cdot S \cdot v = p \cdot S_2 \cdot v_2 = const,$$

мұнда: S_1 – жел кіретін беттің ауданы, м²; v_1 – желдің кіру жылдамдығы, м/с; S – желдің желдөңгелектегі түсетін бетінің ауданы, м²; v – желдің желдөңгелектегі жылдамдығы, м/с; S_2 – желдөңгелектен желдің шығатын бетінің ауданы, м²; v_2 – желдің желдөңгелектен шығу жылдамдығы, м/с.



Сурет 1. Желдің желдөңгелектен өту сұлбасы

Желдің кіру (v_1) және шығу (v_2) жылдамдықтарының орташа шамасы желдөңгелектегі жылдамдығы болады

$$v = \frac{1}{2}(v_1 + v_2). \quad (6)$$

Желдөңгелектің желден алатын қуаты (2) және (5) теңдеулер бойынша келесідей болады

$$N_k = \frac{1}{2} \cdot \dot{m} \cdot (v_1^2 - v_2^2),$$

мұнда

$$\dot{m} = p \cdot S \cdot v = p \cdot S \cdot \frac{1}{2} \cdot (v_1 + v_2).$$

Сонда

$$N_k = \frac{1}{4} \cdot p \cdot S \cdot (v_1 + v_2) \cdot (v_1^2 - v_2^2). \quad (7)$$

Желдөңгелекке кірген желдің қуаты

$$N_0 = \frac{1}{2} p \cdot S \cdot v_1^3. \quad (8)$$

Желдөңгелектің желден алған қуатының (N_k) оған келген желдің қуатына (N_0) қатынасы жел энергиясын пайдалану коэффициенті деп аталады [1]:

$$C_p = \frac{N_k}{N_0} = \frac{\frac{1}{4} \cdot p \cdot S \cdot (v_1 + v_2) \cdot (v_1^2 - v_2^2)}{\frac{1}{2} \cdot p \cdot S \cdot v_1^3};$$

$$C_p = \frac{1}{2} \cdot \left(1 + \frac{v_1}{v_2}\right) \cdot \left(1 - \frac{v_2^2}{v_1^2}\right). \quad (9)$$

Желқондырғыдағы желдөңгелекке келетін және одан шығатын желдің жылдамдықтарының қатынасы

$$x = \frac{v_1}{v_2}. \quad (10)$$

Желдің энергиясын пайдалану коэффициентінің (C_p) оңтайлы шамасын анықтау үшін (9) теңдеуді жылдамдықтар қатынасы (x) бойынша дифференциальдап нөлге теңестіреміз:

$$\frac{dC_p}{dx} = \frac{d\left[\frac{1}{2}(1+x) \cdot (1-x^2)\right]}{dx} = 0;$$

$$\frac{dC}{dx} = -\frac{3}{2} \cdot x^2 - x + \frac{1}{2} = 0.$$

Осы теңдеудің шешуі желдің жылдамдықтарының қатынасы (x) қандай болу керек екендігін анықтайды:

$$x_{1,2} = \frac{-b \pm \sqrt{b^2 - 4ac}}{2a};$$

$$x_{1,2} = \frac{1 \pm \sqrt{1+3}}{-2 \cdot \frac{3}{2}} = \frac{1 \pm 2}{-3};$$

$$x_1 = -1; \quad x_2 = \frac{1}{3}.$$

Желдөңгелектегі желдің жылдамдықтарының қатынасының (x) тиімді шамасы

$$x = \frac{v_2}{v_1} = x_2 = \frac{1}{3}.$$

Желдің желдөңгелектегі жылдамдықтарының қатынасы (x) осы шамаға жеткенде желдің энергиясы барынша пайдаланылады. Сондықтан, осы кезде желдің энергиясын пайдалану коэффициенті жоғарғы деңгейіне жетеді [1]:

$$C_{p \max} = \frac{1}{2} \left(1 + \frac{1}{3} \right) \cdot \left(1 - \frac{1}{9} \right) = \frac{16}{27};$$

$$C_{p \max} = 0,593.$$

Есептеулер, желдің энергиясын желдөңгелек арқылы пайдалану 59,3% аспайтынын көрсетті.

Қазіргі кезде, канатты желдөңгелектен желдің энергиясын пайдалану 50% аспайды. Сондықтан, желдің энергиясын пайдалану коэффициенті 0,593 жақындайтын желдөңгелек құру өзекті мәселе.

Желдөңгелектің пайдалы әсер коэффициенті [1]

$$\eta = \frac{C_p}{C_{p \max}} = \frac{C_p}{0,593} = 1,686 \cdot C_p;$$


$$\eta = 1,686 \cdot C_p, \quad (11)$$

мұнда: C_p – желдөңгелектің желдің энергиясын пайдалану коэффициенті.

Желдің ішінде көлбеу орналасқан пластинаға түсетін желдің күші 2-суретте көрсетілді [1, 2]:

$$\vec{F} = \vec{F}_x + \vec{F}_y,$$

мұнда: F – желдің пластинаға түсіретін күші; F_x – желдің қарсылық күші; F_y – желдің көтеру күші.



Сурет 2. Көлбеу пластинаға түсетін желдің күші

Пластина мен желдің жылдамдығының векторының арасындағы бұрышты (α) желдің шабуылдау бұрышы деп атайды.

Желдің қарсылық (F_x) және көтеру (F_y) күштерінің арақатынасы пластинаның желдің жылдамдығының бағытындағы қимасының формасына тәуелді болады [1,2].

Пластинаның қимасының формасы желдің ағып өтуіне оңтайлы болған сайын қарсылық күшінің шамасы төмендейді [1,2].

Желдің денеге түсіретін қарсылық күші [1]

$$F_x = \frac{1}{2} \cdot C_x \cdot p \cdot S \cdot v^2, \quad (12)$$

мұнда: C_x – дененің қарсылық коэффициенті; S – дененің жел түсетін бетінің ауданы, м²; $p = 1,25 \text{ кг} / \text{м}^3$ – желдің тығыздығы; v – денеге түсетін желдің жылдамдығы, м/с.

Формасы әртүрлі денелердің қарсылық коэффициенттері оларды аэродинамикалық құбырда сынау арқылы анықталған [1,3].

Қарсылық күшінің қуаты

$$N_x = \frac{1}{2} \cdot C_x \cdot p \cdot S \cdot v^3. \quad (13)$$

Егер, желдің ішіндегі дене желдің жылдамдығының бағытында қозғалатын болса, онда қарсылық күші келесідей болады [1]

$$F_x = \frac{1}{2} \cdot C_x \cdot p \cdot S \cdot (v - u)^2, \quad (14)$$

мұнда: u – дененің жылдамдығы, м/с.

Желдің ішінде қозғалатын денеге түсетін қарсылық күшінің қуаты

$$N_x = \frac{1}{2} \cdot C_x \cdot p \cdot S \cdot (v - u)^2 \cdot u. \quad (15)$$

Жел ішіндегі ұшақ қанаты тәрізді денеге түсетін желдің көтеру күші [1]

$$F_y = \frac{1}{2} \cdot C_y \cdot p \cdot S \cdot v_A^2, \quad (16)$$

мұнда: C_y – қанаттың көтеру коэффициенті; $p = 1,25 \text{ кг} / \text{м}^3$ – желдің тығыздығы; S – қанаттың бетінің ауданы, м²; v_A – желдің қанатты шабуылдау жылдамдығы, м/с.

Желдің айналыстағы қанатты шабуылдау жылдамдығы [1]

$$v_A = \sqrt{v^2 + u^2}, \quad (17)$$

мұнда: v – желдің жылдамдығы, м/с; u – қанаттың нүктесінің шеңберлік жылдамдығы, м/с.

Айналыстағы қанаттың ең үлкен шеңберлік жылдамдығының желдің жылдамдығына қатынасын тез жүру коэффициенті деп атайды [1]

$$\lambda = \frac{U_{\max}}{v}. \quad (18)$$

Қанатты желдөңгелектің қуаты, желдің тығыздығы $p = 1,25 \text{ кг} / \text{м}^3$ болғанда, келесі формуламен есептеледі [2]

$$N_y = 4,81 \cdot 10^{-4} \cdot C_p \cdot D^2 \cdot v^3, \quad (19)$$

мұнда: D – қанатты желдөңгелектің диаметрі, м; C_p – қанатты желдөңгелектің желдің энергиясын пайдалану коэффициенті; v – желдің жылдамдығы, м/с.

Желдің жылдамдығы желқондырғы үшін маңызды параметр.

Желдің энергиясын ұтымды пайдалану үшін оның желдөңгелекке кірген жылдамдығын үш есе төмендетіп шығару керек.

Желдің энергиясын желдөңгелектің көмегімен пайдалану 59,3% аспайды.

Қазіргі кезде, ең жақсы деген желдөңгелектің желдің энергиясын пайдалануы 50% аспайды. Сондықтан, желдің энергиясын пайдалану коэффициенті 0,593 жақындайтын желдөңгелек құру өзекті мәселе.

Желдің ішіндегі дене желдің ағып өтуіне кедергі жасайтын болса оған желдің қарсылық күші түседі. Қарсылық күшінің шамасы дененің формасына байланысты болады.

Желдің ішіндегі дененің желдің ағып өтуіне кедергісі аз болса оған желдің көтеру күші түседі. Көтеру күшінің шамасы дененің желдің бағытындағы қимасының формасына тәуелді болады.

Желқондырғыға желдөңгелектің екі түрін құруға болады:

- желдің қарсылық күшімен жұмыс жасайтын желдөңгелек;
- желдің көтеру күшімен жұмыс жасайтын желдөңгелек.

Қазіргі кезде, кең тараған әрі желдөңгелектің ең жетілген түрі желдің көтеру күшімен жұмыс жасайтын қанатты желдөңгелек.

Желдің қарсылық күшімен жұмыс жасайтын түрлі желдөңгелектер ұсынылған. Бірақ олардың желдің энергиясын пайдалану коэффициенті төмен, габаритті өлшемдері үлкен. Сондықтан, тиімді қарсылық күшінің желдөңгелектерін құру өзекті мәселе.

Желдің энергиясын желдөңгелекпен пайдаланудың теориялық негізі желэнергетикалық қондырғыны дұрыс құруға мүмкіндік жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Фолькер Куашнинг. Системы возобновляемых источников энергии [Текст] / Фолькер Куашнинг. Перевод с немецкого. – Астана: Фолиант, 2013. – 432 с.
2. Тлеуов, А. Нетрадиционные источники энергии [Текст] / А. Тлеуов. – Астана: Фолиант, 2009. – 248 с.
3. Янсон, Р.А. Ветроустановки [Текст] / Р.А. Янсон. – М.: МГТУ, 2007. – 36 с.

Материал редакцияға 21.02.17 түсті.

Б.А. Койайдаров

Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

ОТБОР МОЩНОСТИ ВЕТРА ВЕТРОКОЛЕСОМ

Рассмотрена возможность использования энергии ветра при помощи ветроколеса.

Ключевые слова: ветер, энергия, мощность, ветроколесо, поверхность, скорость, сила.

B.A. Koyaydarov

Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan

SELECTION OF WIND POWER WINDWHEELS

The possibility of using wind energy using wind wheel.

Keywords: wind, energy, power, wind wheel, surface, speed, strength.

ӘОЖ 621.311.24

Б.А. Қойайдаров*Техн. ғылымдарының канд., доцент**М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан***ЖЕЛДІ ӨЗІНЕН ӨТКІЗЕТІН ҚАЛАҚТАРМЕН ЖАБДЫҚТАЛҒАН
ЖЕЛДӨНГЕЛЕКТІ ЕСЕПТЕУ**

Өзінен желді өткізетін қалақтармен жабдықталған желдөңгелектің есептеу әдістемесі құрылды.

Түйін сөздер: желдөңгелек, қалақ, жел, жылдамдық, күш, қуат.

Желдөңгелектер қуатына қарай келесі топтарға бөлінеді [1,2]:

- аз қуатты – 5 кВт дейін;
- төмен қуатты – 5-99 кВт аралығында;
- орта қуатты – 100-1000 кВт аралығында;
- жоғары қуатты – 1 МВт жоғары.

Қарсылық күшінің желдөңгелек түрін аз және төменгі қуаттарға пайдаланған тиімді.

Қалақтары желдің өтіне кезекпен кіретін қарсылық күшінің желдөңгелектерінің негізгі кемшіліктері: габаритті өлшемдері үлкен; желдің энергиясын пайдалану коэффициенті төмен. Осыған байланысты, қарсылық күшінің желдөңгелектерін жетілдіруді келесі бағыттарда жүргізу керек:


- 1) Желдөңгелекті қарсылық коэффициенті жоғары қалақтармен жабдықтау;
- 2) Желдөңгелекті тізбекте қатар жұмыс жасайтын қалақтармен жабдықтау.

Бірінші бағыттағы жетілдіру жұмыстары негізінен желдөңгелекке қарсылық коэффициенті жоғары болатын қалақ жобалаумен шектелуде. Алайда, бұл жетілдіруде желдөңгелектегі қалақтардың желдің легіне кезекпен кіруі сол күйінде қалуда. Екінші бағыттағы жетілдіруде желдөңгелекті өзінен желді өткізетін қалақтармен жабдықтау ұсынылды [2, 3]. Сонда, бірнеше қалақтарға қатар жұмыс жасау мүмкіндігі беріледі. Соның арқасында, желді өткізбейтін қалақтың бетінің ауданы желді өткізетін бірнеше қалаққа бөлінеді. Сонда, бұрын бір қалақпен алынатын күшті бірнеше қалақпен алады. Осының нәтижесінде желдөңгелектің габаритті өлшемдері кішірейеді.

Қарсылық күшінің қалағы өзінен желді өткізу үшін тесіктері немесе жел жүретін қуысы болуы керек. Осы тұжырым негізінде қалақ ретінде тор немесе перфорацияланған пластинканы немесе конфузорды пайдалану ұсынылған [2, 3].

Осындай қалақтармен жабдықталатын желдөңгелектің жел жүретін қуысы және жабық қорабы болуы керек. Осындай желдөңгелектің қаңқасы 1-суретте көрсетілді. Ол екі дискіден (1) және орталық құбырдан (2) тұрады. Дискілер (1) орталық құбырға (2) пісіріліп бекітілген.

Желдөңгелектің жел жүретін көлденең қимасының формасы мен ауданы келесі өлшемдеріне байланысты: D_n – дискінің диаметрі; D_b – орталық құбырдың сыртқы диаметрі; B – дискілердің арақашықтығы.



Сурет 1. Желдөңгелектің қаңқасы

Желдөңгелектің жел жүретін қуысына біркелкі адыммен қалақтары орналасады.

Желдөңгелек жабық қорабтың ішіне подшипникті тіректерге еркін айнала алатын мүмкіндікпен бекітіледі. Желді желдөңгелектің қуысына қорабтың құбырлары арқылы береді және шығарады.

Желдөңгелектің қуысына кірген желдің қуаты [2]

$$N_0 = 0,5 \cdot p \cdot S_n \cdot \vartheta_1^3, \quad (1)$$

мұнда: $p = 1,25 \text{ кг/м}^3$ – желдің тығыздығы; S_n – желдөңгелектің қалағының бетінің ауданы, м^2 ; ϑ_1 – желдің кіру жылдамдығы, м/с .

Желдөңгелекке кірген желдің массалық мөлшері

$$Q_1 = p \cdot S_n \cdot \vartheta_1. \quad (2)$$

Желді өткізетін қалақтың бетінің ауданы

$$S_n = S_c + S_n, \quad (3)$$

мұнда: S_c – желді өткізетін бетінің ауданы, м^2 ; S_n – желді өткізбейтін бетінің ауданы, м^2 .

Желді өткізетін қалақтың желді өткізбейтін бетінің үлесі

$$K_n = \frac{S_n}{S_n}. \quad (4)$$

Қалақтың желді өткізбейтін беті келген желдің мөлшерінің бір бөлігін ұстайды

$$Q'_1 = p \cdot S_n \cdot \vartheta_1 = p \cdot S_n \cdot K_n \cdot \vartheta_1. \quad (5)$$

Желдің тежелген мөлшері қалаққа қарсылық күшін түсіреді

$$F_{c_1} = 0,5 \cdot C_x \cdot p \cdot S_n \cdot K_n \cdot g_1^2 \quad (6)$$

1-ші қалақтан өтетін желдің мөлшері

$$Q_2 = Q_1 - Q'_1 = p \cdot S_n \cdot g_1 - p \cdot S_n \cdot K_n \cdot g_1;$$

$$Q_2 = p \cdot S_n \cdot g_1 \cdot (1 - K_n). \quad (7)$$

Бірінші қалақтан өткен желдің мөлшері желдөңгелектің қуысына таралып, жылдамдығын өзгертеді

$$Q_2 = p \cdot S_n \cdot g_2. \quad (8)$$

(7) және (8) теңдеулерді теңестіріп 2-ші қалаққа түсетін желдің жылдамдығын табамыз

$$p \cdot S_n \cdot g_2 = p \cdot S_n \cdot g_1 \cdot (1 - K_n);$$

осыдан

$$v_2 = g_1 \cdot (1 - K_n). \quad (9)$$

Желдің 2-ші қалақта тежелетін мөлшері

$$Q'_2 = p \cdot S_n \cdot g_2 = p \cdot S_n \cdot K_n \cdot g_1 \cdot (1 - K_n);$$

$$Q'_2 = p \cdot S_n \cdot K_n \cdot g_1 \cdot (1 - K_n). \quad (10)$$

Тежелген желдің 2-ші қалаққа түсіретін қарсылық күші

$$F_{c_2} = 0,5 \cdot C_x \cdot p \cdot S_n \cdot K_n \cdot g_2^2;$$

(9) теңдеуді ескергенде

$$F_{c_2} = 0,5 \cdot C_x \cdot p \cdot S_n \cdot K_n \cdot g_1^2 \cdot (1 - K_n)^2. \quad (11)$$

2-ші қалақтан өтетін желдің мөлшері

$$Q_3 = Q_2 - Q'_2 = p \cdot S_n \cdot g_1 \cdot (1 - K_n) - p \cdot S_n \cdot K_n \cdot g_1 \cdot (1 - K_n)$$

$$Q_3 = p \cdot S_n \cdot g_1 \cdot (1 - K_n)^2. \quad (12)$$

2-ші қалақтан өткен желдің мөлшері желдөңгелектің қуысына таралып, жылдамдығын өзгертеді

$$Q_3 = p \cdot S_n \cdot g_3. \quad (13)$$

(12) және (13) теңдеулерді теңестіріп 3-ші қалаққа түсетін желдің жылдамдығын табуға болады

$$p \cdot S_n \cdot \mathcal{G}_3 = p \cdot S_n \cdot \mathcal{G}_1 \cdot (1 - K_n)^2;$$

осыдан

$$\mathcal{G}_3 = \mathcal{G}_1 \cdot (1 - K_n)^2. \quad (14)$$

3-ші қалақта тежелетін желдің мөлшері

$$Q'_3 = p \cdot S_n \cdot K_n \cdot \mathcal{G}_3;$$

(14) формуланы ескергенде

$$Q'_3 = p \cdot S_n \cdot K_n \cdot \mathcal{G}_1 \cdot (1 - K_n)^2. \quad (15)$$

3-ші қалаққа түсетін желдің қарсылық күші

$$F_{c3} = 0,5 \cdot C_x \cdot p \cdot S_n \cdot K_n \cdot \mathcal{G}_3^2;$$

(14) формуланы ескерсек

$$F_{c3} = 0,5 \cdot C_x \cdot p \cdot S_n \cdot K_n \cdot \mathcal{G}_1^2 \cdot (1 - K_n)^4. \quad (16)$$

Осындай заңдылықтармен желдің қалақтардан өтуі желдөңгелектің қуысында жалғаса береді.

Есептеулер, желді өткізетін қалақтармен жабдықталған желдөңгелектің, әлі қозғалысқа келмеген қалпында, желмен әрекетке кіруінің келесі заңдылықтарын анықтады:

1) Желдөңгелеке кірген желдің массалық мөлшерінің қалақтан қалаққа өзгеру заңдылығы

$$Q_i = p \cdot S_n \cdot \mathcal{G}_1 \cdot (1 - K_n)^{i-1}, \quad (17)$$

мұнда: $i = 1 \div z$ – желдің өтіндегі қалақтардың реттік нөмірі; z – желдөңгелектің бір уақытта желдің өтінде болатын қалақтар саны.

2) Желдөңгелектің қуысындағы желдің жылдамдығының қалақтан қалаққа өзгеру заңдылығы

$$\mathcal{G}_i = \mathcal{G}_1 \cdot (1 - K_n)^{i-1}. \quad (18)$$

3) Желдөңгелектің қуысында желдің қалақтарға түсіретін күштерінің өзгеру заңдылығы

$$F_{c_i} = 0,5 \cdot C_x \cdot p \cdot S_n \cdot K_n \cdot \mathcal{G}_1^2 \cdot (1 - K_n)^{2(i-1)}, \quad (19)$$

мұнда: C_x – қалақтың қарсылық коэффициенті [3].

Желдің энергиясы ұтымды пайдаланылады, егер желдің желдөңгелекке кіру және одан шығу жылдамдықтарының қатынасы

$$\frac{v_2}{v_1} = \frac{1}{3}$$

Осыдан

$$v_2 = 0,33 \cdot v_1. \quad (20)$$

мұнда: v_2 – желдің шығу жылдамдығы, м/с.

(20) теңдеуді ескеріп (18) теңдеуден желдөңгелектің желдің өтінде бір уақытта жұмыста болатын қалақтар санын табуға болады:

$$g_i = 0,33 \cdot g_1 = v_1 (1 - K_n)^{i-1};$$

бұл шарт $i = z$ болғанда орындалуға тиіс

$$(1 - K_n)^{z-1} = 0,33;$$

екі жағын логарифмдейміз

$$(z - 1) \cdot \ln(1 - K_n) = \ln 0,33;$$

осыдан

$$z = \frac{\ln 0,33}{\ln(1 - K_n)} + 1. \quad (21)$$

Желдөңгелектің бір уақытта желдің өтінде болатын қалақтар саны қалақтың желді жібермейтін бетінің үлесіне (K_n) тәуелді болады екен.

Бір уақытта желдің өтіндегі қалақтарға түскен желдің күштері желдөңгелекті айналысқа келтіретін бұрау моментін береді

$$M_K = 0,25 \cdot (D_n + D_6) \sum_{i=1}^z F_{c_i}. \quad (22)$$

Желдөңгелектің айналысқа келу шарты

$$M_K \geq M_C;$$

(22) формуланы ескерсек

$$\sum_{i=1}^z F_{c_i} \geq \frac{M_C}{0,25(D_n + D_6)} H, \quad (23)$$

мұнда M_C – желдөңгелекке түскен қарсылық моменті, $H \cdot m$.

Желдөңгелекке түскен бұрау моменті (M_k) оны қозғалысқа келтіріп, қалақтарын белгілі бір шеңберлік жылдамдықпен (u) айналдырады.

Осы кезде желдің өтіндегі 1-ші қалаққа түсетін желдің массалық мөлшері келесідей болады

$$Q_1 = p \cdot S_n (v_1 - u), \quad (24)$$

мұнда: v_1 – желдөңгелектің қуысына желдің кіру жылдамдығы, м/с;
 u – қалақтың центрінің шеңберлік жылдамдығы, м/с.

1-ші қалақта тежелетін желдің мөлшері

$$Q'_1 = p \cdot S_n \cdot K_n \cdot (v_1 - u). \quad (25)$$

1-ші қалаққа түсетін желдің қарсылық күші

$$F_{c_1} = 0,5 \cdot C_x \cdot p \cdot S_n \cdot K_n \cdot (v_1 - u)^2 . \quad (26)$$

1-ші қалақтан 2-ші қалаққа өтетін желдің мөлшері

$$Q_2 = Q_1 - Q'_1 = p \cdot S_n \cdot (v_1 - u) - p \cdot S_n \cdot K_n \cdot (v_1 - u) ;$$

$$Q_2 = p \cdot S_n \cdot (v_1 - u) \cdot (1 - K_n) . \quad (27)$$

Өткен жел желдөңгелектің қуысына таралып жылдамдығын өзгертеді

$$Q_2 = p \cdot S_n \cdot v_2 . \quad (28)$$

(28) және (27) теңдеулерді теңестіріп 2-ші қалаққа баратын желдің жылдамдығын табамыз

$$p \cdot S_n \cdot v_2 = p \cdot S_n \cdot (v_1 - u) \cdot (1 - K_n) ;$$

осыдан

$$v_2 = (v_1 - u) \cdot (1 - K_n) . \quad (29)$$

2-ші қалақта тежелетін желдің мөлшері

$$Q'_2 = p \cdot S_n \cdot K_n \cdot (v_1 - u) \cdot (1 - K_n) . \quad (30)$$

2-ші қалаққа түсетін желдің қарсылық күші

$$F_{c_2} = 0,5 \cdot C_x \cdot p \cdot S_n \cdot K_n \cdot (v_1 - u)^2 \cdot (1 - K_n)^2 . \quad (31)$$

2-ші қалақтан өтетін желдің мөлшері

$$Q_3 = Q_2 - Q'_2 = p \cdot S_n \cdot (v_1 - u) \cdot (1 - K_n) - p \cdot S_n \cdot K_n \cdot (v_1 - u) \cdot (1 - K_n) ;$$

$$Q_3 = p \cdot S_n \cdot (v_1 - u) \cdot (1 - K_n)^2 . \quad (32)$$

Желдөңгелектің қуысында өткен желдің жылдамдығы өзгереді

$$Q_3 = p \cdot S_n \cdot v_3 . \quad (33)$$

(33) және (32) теңдеулерді теңестіріп 3-ші қалаққа баратын желдің жылдамдығын табамыз

$$p \cdot S_n \cdot v_3 = p \cdot S_n \cdot (v_1 - u) \cdot (1 - K_n)^2 ;$$

осыдан

$$v_3 = (v_1 - u) \cdot (1 - K_n)^2 . \quad (34)$$

3-ші қалақта тежелетін желдің мөлшері

$$Q'_3 = p \cdot S_n \cdot K_n \cdot (v_1 - u) \cdot (1 - K_n)^2. \quad (35)$$

3-ші қалаққа түсетін желдің қарсылық күші

$$F_{c_3} = 0,5 \cdot C_x \cdot p \cdot S_n \cdot K_n \cdot (v_1 - u)^2 \cdot (1 - K_n)^4. \quad (36)$$

Осындай заңдылықтармен, айналыстағы желдөңгелектің қуысында желдің қалақтармен әрекеттесуі жалғасады.

Желді өткізетін қалақтың желді тежей де, өткізе де алатын қасиеті ескеріліп жүргізілген есептеулер, желді өткізетін қалақтармен жабдықталған айналыстағы желдөңгелектің жел жүретін қуысында желдің қалақтармен әрекеттесуінің келесі заңдылықтарын анықтады:

1) Желдөңгелекке кірген желдің массалық мөлшерінің қалақтан қалаққа өзгеру заңдылығы

$$Q_i = p \cdot S_n \cdot (v_1 - u) \cdot (1 - K_n)^{i-1}. \quad (37)$$

2) Желдөңгелектің қуысындағы желдің жылдамдығының қалақтан қалаққа өзгеру заңдылығы

$$v_i = (v_1 - u) \cdot (1 - K_n)^{i-1}. \quad (38)$$

3) Желдөңгелектің қуысындағы желдің қалақтарға түсіретін күштерінің өзгеру заңдылығы

$$F_{c_i} = 0,5 \cdot C_x \cdot p \cdot S_n \cdot K_n \cdot (v_1 - u)^2 \cdot (1 - K_n)^{2(i-1)}. \quad (39)$$

Желдің өткізетін қалақтармен жабдықталған айналыстағы желдөңгелектің қуаты желдің өтіндегі қалақтарға түскен желдің күштерінің қуаттарының қосындысына тең болады

$$N_k = u \cdot \eta \cdot \sum_{i=1}^z F_{c_i};$$

(39) теңдеуді ескергенде

$$N_k = \eta \cdot u \cdot \sum_{i=1}^z 0,5 \cdot C_x \cdot p \cdot S_n \cdot K_n \cdot (v_1 - u)^2 \cdot (1 - K_n)^{2(i-1)};$$

$$N_k = 0,5 \cdot C_x \cdot p \cdot S_n \cdot K_n \cdot (v_1 - u)^2 \cdot u \cdot \eta \sum_{i=1}^z (1 - K_n)^{2(i-1)}, \quad (40)$$

мұнда: η – желдөңгелектің пайдалы әсер коэффициенті.

Желдөңгелектің қуысына кірген желдің қуаты

$$N_0 = 0,5 \cdot p \cdot S_n \cdot v_1^3. \quad (41)$$

Желді өткізетін қалақтармен жабдықталған желдөңгелектің желдің энергиясын пайдалану коэффициенті

$$C_p = \frac{N_k}{N_0} = \frac{0,5 \cdot C_x \cdot p \cdot S_n \cdot K_n \cdot (v_1 - u)^2 \cdot u \cdot \eta \sum_{i=1}^z (1 - K_n)^{2(i-1)}}{0,5 \cdot p \cdot S_n \cdot v_1^3};$$

$$C_p = C_x \cdot K_n \cdot \eta \cdot \frac{u \cdot (v_1 - u)^2}{v_1^3} \cdot \sum_{i=1}^z (1 - K_n)^{2(i-1)}. \quad (42)$$

Желді өткізетін қалақтармен жабдықталған желдөңгелектің желдің энергиясын пайдалану коэффициенті қалақтың қарсылық коэффициенті (C_x) мен желді тежейтін бетінің үлесіне (K_n) тәуелді болатынын (42) теңдеу көрсетті.

Желді өткізетін қалақтармен жабдықталған желдөңгелектің теориялық негізі құрылды. Ұсынылған есептеу әдістемесін пайдаланып желді өткізетін қалақтардың әртүрімен жабдықталған желдөңгелектер құруға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Янсон, Р.А. Ветроустановки [Текст] / Р.А. Янсон. – М.: МГТУ, 2007. – 36 с.
2. Көшеров, Е.М. Қалақты желкозғалтқыш құру және зерттеу [Мәтін]: магистрлік диссертация / Е.М. Көшеров. – Тараз, 2014.
3. Сман, Н.Ә. Автономды желэнергетикалық қондырғы құру [Мәтін]: магистрлік диссертация / Н.Ә. Сман. – Тараз, 2016.

Материал редакцияға 21.02.17 түсті.

Б.А. Койайдаров

Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

РАСЧЕТ ВЕТРОКОЛЕСА, СНАБЖЕННОГО ВЕТРОПРОПУСКАЮЩИМИ ЛОПАСТЯМИ

Предложена методика расчета ветроколеса, снабженного ветропропускающими лопастями.

Ключевые слова: ветроколесо, лопасть, ветер, скорость, сила, мощность.

В.А. Koyaydarov

Taraz State University named after M.Kh.Dulati, Taraz, Kazakhstan

CALCULATION OF THE WIND WHEEL, EQUIPPED VETROPROPUSKAYUSCHIMI BLADES

The method of calculating windwheels equipped with vetropropuskayuschimi blades.

Keywords: wind wheel, paddle, wind, speed, strength, power.

ӘОЖ 621.311.24

Б.А. Қойайдаров*Техн. ғылымдарының канд., доцент**М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан***ҚАРСЫЛЫҚ КҮШІНІҢ ҚАЛАҚТАРЫМЕН ЖАБДЫҚТАЛҒАН
ЖЕЛДӨНГЕЛЕКТЕРДІ ЕСЕПТЕУ**

Пластинка, жарты цилиндр және жарты сфера қалақтармен жабдықталған желдөңгелектерді есептеу әдістемелері ұсынылған.

Түйін сөздер: желдөңгелек, қалақ, пластинка, цилиндр, сфера, жел.

Желэнергетикалық қондырғылардың басты тетігі желдөңгелек. Желдөңгелек – желдің күшімен өз өсінде айналатын құрылым.

Желдөңгелектер жел легімен әрекеттесу әдісіне қарай [1, 2]:

- қарсылық күшінің желдөңгелектері;
- көтеру күшінің желдөңгелектері болып бөлінеді.


Бірінші топтың желдөңгелектері екі немесе одан да көп қалақтармен жабдықталады [1, 2].

Қарсылық күшінің қалақтарымен жабдықталған желдөңгелектердің ерекшелігі қалақтары желмен кезекпен әрекеттеседі және желдің қарсылық күшімен қозғалысқа келеді. Мұндай желдөңгелектерді желге жасайтын қарсылығы жоғары болатын қалақтармен жабдықтаған тиімді болады. Сондықтан, есептеуге, қарсылық коэффициенті жоғары қалақтардың үш түрімен жабдықталған желдөңгелектер таңдалды:

- пластинка қалақты желдөңгелек;
- кесілген беті ашық және желге қарсы орналасқан жарты цилиндр қалақты желдөңгелек.
- кесілген беті ашық және желге қарсы орналасқан жарты сфера қалақты желдөңгелек.

1. Желдөңгелек тік төртбұрыш формалы пластинка қалақтармен жабдықталған.

Желдөңгелектің есептеу сұлбасы 1-суретте көрсетілді. Сұлбада белгіленгендер:



1 – тік төртбұрыш формалы пластинка қалақ; 2 – желдөңгелектің корпусы; 3 – қалқан; 4 – жел жүретін қуыс.

Сурет 1. Пластинка қалақты желдөңгелектің есептеу сұлбасы

Желдің өтінде тек бір қалақ болады, қалған қалақтар қалқанмен жабылған.

Жел легі пластинка қалақтың бетіне түсіп, оны қарсылық күшімен қозғалысқа келтіреді. Қозғалыстағы пластинка қалаққа түсетін желдің қарсылық күші [1]

$$F_x = \frac{1}{2} \cdot C_x \cdot \rho \cdot S \cdot (v - u)^2, \quad (1)$$

мұнда: $C_x = 1,1 \div 1,3$ – тік төртбұрыш пластинка қалақтың қарсылық коэффициенті [1]; $\rho = 1,25 \text{ кг/м}^3$ – желдің тығыздығы; $S = a \cdot b$ – пластинка қалақтың бетінің ауданы, м^2 ; a, b – пластинка қалақтың ені мен ұзындығы, м; $v = 0,5(v_1 + v_2)$ – пластинка қалаққа түсетін желдің жылдамдығы, м/с [1]; v_1 – желдің желдөңгелекке кіру жылдамдығы, м/с; v_2 – желдің желдөңгелектен шығу жылдамдығы, м/с; u – пластинка қалақтың центрінің шеңберлік жылдамдығы, м/с.

Пластинка қалаққа түсетін желдің қарсылық күші, (1) формулаға кіретін параметрлерді ескергенде:

$$F_x = 1,2 \cdot \frac{1}{2} \cdot 1,25 \cdot a \cdot b \cdot (v - u)^2;$$

$$F_x = 0,75 \cdot a \cdot b \cdot (v - u)^2. \quad (2)$$

Желдөңгелектің пластинка қалағына түсетін желдің қарсылық күшінің қуаты

$$N_x = F_x \cdot u = 0,75 \cdot a \cdot b \cdot (v - u)^2 \cdot u;$$

$$N_x = 0,75 \cdot a \cdot b \cdot (v - u)^2 \cdot u. \quad (3)$$

Желдөңгелектің қуысына кірген желдің қуаты

$$N_0 = \frac{1}{2} \cdot \rho \cdot a \cdot b \cdot v^3 = \frac{1}{2} \cdot 1,25 \cdot a \cdot b \cdot v^3;$$

$$N_0 = 0,625 \cdot a \cdot b \cdot v^3. \quad (4)$$

Пластинка қалақты желдөңгелектің желдің энергиясын пайдалану коэффициенті

$$C_p = \frac{N_x}{N_0} = \frac{0,75 \cdot a \cdot b \cdot (v - u)^2 \cdot u}{0,625 \cdot a \cdot b \cdot v^3};$$

$$C_p = 1,2 \cdot \frac{(v - u)^2 \cdot u}{v^3}. \quad (5)$$

Жел желдөңгелектен v_2 жылдамдығымен шығу үшін пластинка қалақтың центрінің шеңберлік жылдамдығы (u) желдің шығу жылдамдығындай болу керек

$$u = g_2 = \frac{g_1}{3} \approx 0,33 \cdot v. \quad (6)$$

Осыны ескеріп пластинка қалақты желдөңгелектің желдің энергиясын пайдалану коэффициентінің шамасын анықтауға болады

$$C_p = 1,2 \cdot \frac{(v - 0,33 \cdot v)^2 \cdot 0,33 \cdot g}{v^3} = 0,18;$$

$$C_p = 0,18.$$

Қажетті қуатты алу үшін пластинка қалақты желдөңгелектің қалағының өлшемдері қандай болу керек екенін (3) және (6) тендеулерді ескеріп анықтауға болады:

$$N = N_x = 0,75 \cdot a \cdot b \cdot (g - 0,3 \cdot v)^2 \cdot 0,33 \cdot v;$$

Осыдан

$$a \cdot b = 9,1 \cdot \frac{N}{g^3}. \quad (7)$$


Пластинка қалақты желдөңгелектің пайдалы әсер коэффициенті

$$\eta = \frac{C_p}{C_{p \max}} = \frac{0,18}{0,593} = 0,30,$$

$$\eta = 0,30.$$

2. Желдөңгелек кесілген беті ашық жарты цилиндр қалақтармен жабдықталған.

Желдөңгелектің есептеу сұлбасы 2-суретте көрсетілді. Сұлбада белгіленгендер:



1 – кесілген беті ашық жарты цилиндр қалақ; 2 – желдөңгелектің корпусы; 3 – қалқан; 4 – жел жүретін қуыс.

Сурет 2. Жарты цилиндр қалақты желдөңгелектің есептеу сұлбасы

Жарты цилиндр қалақ ашық кесілген бетімен желге қарсы орналасады. Желдің өтінде тек бір қалақ болады, қалған қалақтар қалқанмен жабылған.

Жел легі жарты цилиндр қалақтың ашық бетінен ішіне кіріп оны қарсылық күшімен қозғалысқа келтіреді.

Айналыстағы желдөңгелектің жарты цилиндр қалағына түсетін желдің қарсылық күші

$$F_x = \frac{1}{2} \cdot C_x \cdot \rho \cdot S \cdot (v - u)^2,$$

мұнда: $C_x = 1,0$ – жарты цилиндр қалақтың қарсылық коэффициенті [1];

$\rho = 1,25 \text{ кг/м}^3$ – желдің тығыздығы; $S = d \cdot l$ – жарты цилиндр қалақтың кесілген бетінің ауданы, м^2 ; d – цилиндр қалақтың диаметрі, м; l – цилиндр қалақтың ұзындығы, м; v – қалаққа түсетін желдің жылдамдығы; $v = 0,5(\vartheta_1 + \vartheta_2)$ м/с; v_1 – желдөңгелекке кірген желдің жылдамдығы, м/с; v_2 – желдөңгелектен шыққан желдің жылдамдығы, м/с; u – қалақтың орта нүктесінің шеңберлік жылдамдығы, м/с.

Осы параметрлерді ескергендегі жарты цилиндр қалаққа түсетін желдің қарсылық күші:

$$F_x = 1,0 \cdot \frac{1}{2} \cdot 1,25 \cdot d \cdot l \cdot (v - u)^2;$$

$$F_x = 0,625 \cdot d \cdot l \cdot (v - u)^2. \quad (8)$$

Желдөңгелектің жарты цилиндр қалағына түсетін желдің қарсылық күшінің қуаты

$$N_x = F_x \cdot u = 0,625 \cdot d \cdot l \cdot (v - u)^2 \cdot u;$$

$$N_x = 0,625 \cdot d \cdot l \cdot (v - u)^2 \cdot u. \quad (9)$$

Желдөңгелектің жарты цилиндр қалағына жеткен жел легінің қуаты

$$N_0 = \frac{1}{2} \cdot \rho \cdot S \cdot v^3 = \frac{1}{2} \cdot 1,25 \cdot d \cdot l \cdot v^3;$$

$$N_0 = 0,625 \cdot d \cdot l \cdot v^3. \quad (10)$$

Жарты цилиндр қалақты желдөңгелектің жел энергиясын пайдалану коэффициенті

$$C_p = \frac{N_x}{N_0} = \frac{0,625 \cdot d \cdot l \cdot (v - u)^2 \cdot u}{0,625 \cdot d \cdot l \cdot v^3};$$

$$C_p = \frac{(v - u)^2 \cdot u}{v^3}. \quad (11)$$

Желдің энергиясын мүмкіндігінше алу үшін желдөңгелектің қалағының шеңберлік жылдамдығы келесідей болу керек

$$u = v_2 \approx 0,33 \cdot v.$$

Сонда, жарты цилиндр қалақты желдөңгелектің желдің энергиясын пайдалану коэффициенті келесі шамада болады

$$C_p = \frac{(v - 0,33 \cdot v)^2 \cdot 0,33 \cdot g}{v^3} = 0,15;$$

$$C_p = 0,15.$$

Жарты цилиндр қалақты желдөңгелектің пайдалы әсер коэффициенті

$$\eta = \frac{C_p}{C_{p \max}} = \frac{0,15}{0,593} = 0,25;$$

$$\eta = 0,25,$$

мұнда: $C_{p \max} = 0,593$ – желдің энергиясын пайдаланудың мүмкін шамасы [1].

Жарты цилиндр қалақтармен жабдықталған желдөңгелектің қуаты, басқа бірдей жағдайда, қалақтың өлшемдеріне тәуелді болатыны (9) теңдеуден көрініп тұр. Сондықтан, қажетті қуатқа желдөңгелекті жобалауда жарты цилиндр қалақтың геометриялық параметрлері таңдалады:

$$N = N_x = 0,625 \cdot d \cdot l \cdot (g - u)^2 \cdot u;$$

осыдан


$$d \cdot l = 1,6 \cdot \frac{N}{(g - u)^2 \cdot u},$$

егер $u = 0,33 \cdot g$ болу керектігін ескерсек, онда

$$d \cdot l = 10,8 \cdot \frac{N}{g^3}. \quad (12)$$

3. Желдөңгелек кесілген беті ашық жарты сфера қалақтармен жабдықталған.

Желдөңгелектің есептеу сұлбасы 3-суретте көрсетілді. Сұлбада көрсетілгендер: 1 – кесілген беті ашық жарты сфера қалақ; 2 – желдөңгелектің корпусы; 3 – қалқан; 4 – жел жүретін қуыс.



Сурет 3. Жарты сфера қалақты желдөңгелектің есептеу сұлбасы

Қалақтың ашық беті желге қарсы орналасады. Желдің өтіне желдөңгелектің тек бір қалағы түседі, ал қалған қалақтары қалқанмен жабылған.

Жел жүретін қуыста қалақтың ашық бетіне жел легі түседі. Қозғалыстағы қалаққа түсетін желдің күші [1]

$$F_x = \frac{1}{2} \cdot C_x \cdot \rho \cdot S \cdot (v - u)^2,$$

мұнда: $C_x = 1,3$ – кесілген ашық беті желге қарсы орналасқан жарты сфера қалақтың қарсылық коэффициенті [1]; $\rho = 1,25 \text{ кг/м}^3$ – желдің тығыздығы; $S = 0,785 \cdot d_c^2$ – кесілген жарты сфера қалақтың ашық бетінің ауданы, м^2 ; $v = 0,5(\mathcal{G}_1 + \mathcal{G}_2)$ – қалаққа түсетін желдің жылдамдығы: u_1 – желдөңгелектің қуысына кірген желдің жылдамдығы, м/с ; u_2 – желдөңгелектің қуысынан шыққан желдің жылдамдығы, м/с ; u – қалақтың орта нүктесінің шеңберлік жылдамдығы, м/с .

Осы параметрлерді ескергенде жарты сфера қалаққа түсетін желдің күші

$$F_x = 1,3 \cdot \frac{1}{2} \cdot 1,25 \cdot 0,785 \cdot d_c^2 \cdot (v - u)^2;$$

$$F_x = 0,638 \cdot d_c^2 \cdot (v - u)^2, \quad (13)$$

мұнда: d_c – жарты сфера қалақтың диаметрі, м .

Кесілген жарты сфера қалақты желдөңгелектің желден алатын қуаты

$$N_x = F_x \cdot u = 0,638 \cdot d_c^2 \cdot (\mathcal{G} - u)^2 \cdot u;$$

$$N_x = 0,638 \cdot d_c^2 \cdot (\mathcal{G} - u)^2 \cdot u. \quad (14)$$

Желдөңгелектің қуысына кіретін желдің қуаты

$$N_0 = \frac{1}{2} \cdot \rho \cdot S \cdot \mathcal{G}^3 = \frac{1}{2} \cdot 1,25 \cdot 0,785 \cdot d_c^2 \cdot \mathcal{G}^3;$$

$$N_0 = 0,491 \cdot d_c^2 \cdot \mathcal{G}^3. \quad (15)$$

Ашық беті желге қарсы орналасқан кесілген беті ашық жарты сфера қалақты желдөңгелектің жел энергиясын пайдалану коэффициенті

$$C_p = \frac{N_x}{N_0} = \frac{0,638 \cdot d_c^2 \cdot (v - u)^2 \cdot u}{0,491 \cdot d_c^2 \cdot \mathcal{G}^3};$$

$$C_p = 1,3 \cdot \frac{(v - u)^2 \cdot u}{\mathcal{G}^3}. \quad (16)$$

Желдің энергиясын барынша пайдалану үшін желдөңгелектің қалағының шеңберлік жылдамдығы желдің шығу жылдамдығындай болу керек

$$u = \vartheta_2 \approx 0,33 \cdot \vartheta.$$

Сонда, жарты сфера қалақты желдөңгелектің желдің энергиясын пайдалану коэффициенті келесі шамада болады

$$C_p = 1,3 \cdot \frac{(\vartheta - 0,33 \cdot \vartheta)^2 \cdot 0,33 \cdot \vartheta}{\vartheta^3};$$

$$C_p = 0,19.$$

Кесілген беті ашық жарты сфера қалақтармен жабдықталған желдөңгелектің пайдалы әсер коэффициенті

$$\eta = \frac{C_p}{C_{p\max}} = \frac{0,19}{0,593} = 0,32;$$

$$\eta = 0,32.$$

Жарты сфера қалақты желдөңгелекті қуатқа жобалауда сфера қалақтың диаметрі таңдалады

$$N = N_x = 0,638 \cdot d_c^2 \cdot (\vartheta - u)^2 \cdot u;$$

осыдан

$$d_c = \sqrt{\frac{N}{0,638 \cdot d_c^2 \cdot (\vartheta - u)^2 \cdot u}}.$$

Егер, желдөңгелек оңтайлы режимде жұмыс жасайтын болса

$$u \approx 0,33 \cdot \vartheta$$

онда жарты сфера қалақтың диаметрі келесідей болады

$$d_c = 3,25 \cdot \sqrt{\frac{N}{\vartheta^3}}. \quad (17)$$

Сонымен, қарсылық коэффициенті жоғары қалақтардың үш түрімен жабдықталған желдөңгелектердің күш-қуат параметрлері есептелді. Оларды өзара салыстырып, қарсылық күшінің желдөңгелегін құруға қалақ түрін ұсынуға болады.

Желдің энергиясын пайдалану коэффициенті мен пайдалы әсер коэффициенті бойынша желдөңгелектер келесі ретпен орналасты:

1) Жел өтіне кесілген ашық бетімен қарсы орналасатын жарты сфера қалақты желдөңгелек:

$$C_p = 0,19; \eta = 0,32.$$

2) Жел өтіне беті қарсы орналасатын пластинка қалақты желдөңгелек:

$$C_p = 0,18; \eta = 0,30.$$

3) Жел өтіне кесілген ашық беті қарсы орналасатын жарты цилиндр қалақты желдөңгелек:

$$C_p = 0,15; \eta = 0,25.$$

Қуатты беретін қалақтың өлшемдері бойынша желдөңгелектер келесідей ретпен орналасты:

1) Жел өтіне кесілген ашық бетімен қарсы орналасатын жарты сфера қалақты желдөңгелек:

$$d_c = 3,25 \cdot \sqrt{\frac{N}{g^3}}.$$

2) Жел өтіне беті қарсы орналасатын пластинка қалақты желдөңгелек:

$$a \cdot b = 9,1 \cdot \frac{N}{g^3}$$

3) Жел өтіне кесілген ашық беті қарсы орналасатын жарты цилиндр қалақты желдөңгелек:

$$d \cdot l = 10,8 \cdot \frac{N}{g^3}.$$

Есептеулер, қарсылық күшінің желдөңгелегін, кесілген ашық бетін желге қарсы орналастырып жарты сфера қалақтармен жабдықтау тиімді болатынын көрсетті. Мұндай желдөңгелектің габаритті өлшемдері кіші болды.

Қарсылық күшінің желдөңгелектерінің жел энергиясын пайдалану коэффициенті, негізінен, қалақтың қарсылық коэффициентіне тәуелді болатынын есептеулер көрсетті. Сондықтан, қарсылық күшінің желдөңгелегін құру үшін, алдымен қарсылық коэффициенті жоғары болатын қалақ түрін табу мәселесін шешу керек.

Жалпы, қарсылық күшінің желдөңгелектерінің ортақ кемшілігі, қалақтары көп болғанымен желмен тек бір қалағы әрекеттеседі, себебі, қалақтары желдің өтіне кезекпен кіреді. Осыған байланысты, қарсылық күшінің желдөңгелектерінің габаритті өлшемдері үлкен болады.

Күш беретін бір қалақты желмен бір уақытта әрекеттесетін бірнеше қалақпен ауыстыру арқылы қарсылық күшінің желдөңгелегінің габаритті өлшемін кішірейтуге болады.

Ұсынылған есептеу әдістемесі қарсылық күшінің желдөңгелегін тиімді етіп құруға мүмкіндік жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Фолькер Куашнинг. Системы возобновляемых источников энергии [Текст] / Фолькер Куашнинг. Перевод с немецкого. – Астана: Фолиант, 2013. – 432 с.
2. Янсон, Р.А. Ветроустановки [Текст] / Р.А. Янсон. – М.: МГТУ, 2007. – 36 с.

Материал редакцияға 21.02.17 түсті.

Б.А. Койайдаров*Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан***РАСЧЕТ ВЕТРОКОЛЕС, СНАБЖЕННЫЕ ЛОПАСТЯМИ
СИЛЫ СОПРОТИВЛЕНИЯ**

Предложена методика расчета ветроколес, снабженные пластинчатыми, полуцилиндрическими и полусферическими лопастями.

Ключевые слова: ветроколесо, лопасть, пластинка, цилиндр, сфера, ветер, сила.

В.А. Koyaydarov*Taraz State University named after M.Kh.Dulati, Taraz, Kazakhstan***CALCULATION OF THE WIND WHEEL BLADES
EQUIPPED WITH POWER RESISTANCE**

The method of calculating wind wheels equipped with plate, semi-cylindrical and hemispherical lobes.

Keywords: wind wheel, paddle, plate, cylinder, sphere, wind, force.

ӘОЖ 621.311.24

Б.А. Қойайдаров¹, А.М. Байарыстанова²

*¹Техн. ғылымдарының канд., доцент, ²Магистрант
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қаласы, Қазақстан*

КОНФУЗОР ҚАЛАҚТЫ ЖЕЛДӨҢГЕЛЕКТІ ЕСЕПТЕУ

Көп конфузор қалақтармен жабдықталған желдөңгелекті есептеу әдістемесі ұсынылды.

Түйін сөздер: конфузор, желдөңгелек, жел, жылдамдық, күш, бет.

Конфузор деп жел жүретін қуысының көлденең қимасы ұзындығында үздіксіз кішірейетін, желдің легін аулайтын және бағыттап шығаратын құрылымды айтады.

Конфузордың жел кіретін аузының ауданы оның жел шығатын аузының ауданынан үлкен болады. Жел кіретін аузы мен жел шығатын аузы түзу немесе қисық бетпен қосылуы мүмкін, көпнесе түзу бетпен қосылады.

Конфузордың көлденең қимасы дөңгелек, тік төртбұрышты, квадрат және қисық сызықты формалы болуы мүмкін.

Конфузордың үлкен аузының ауданының (S_1) кіші аузының ауданына (S_2) қатынасы сығу дәрежесі (K) деп аталады

$$K = \frac{S_1}{S_2}. \quad (1)$$

Конфузордың қасиеті:

- кірген желді тежеу, қарсылық күшінің қалақтары сияқты;
- кірген желді сығу, жел жүретін бойында;
- кірген желді толықтай сыртқа шығару.

Кіші аузының қимасындай қуыспен конфузор кірген желді шығарады, барлық кезде.

Конфузордың желді тежейтін беті

$$S_n = S_1 - S_2 \quad . \quad (2)$$

Желді тежеу қасиетін желді тежейтін беттің үлесімен сипаттауға болады

$$K_n = \frac{S_1 - S_2}{S_1} = \frac{S_n}{S_1} \quad . \quad (3)$$

Конфузордың желді тежейтін бетінің үлесі келесі аралықта болады

$$K_n = 0,10 \div 0,90.$$

Желді тежейтін бетінің үлесі аз жағдайда

$$0,10 \leq K_n \leq 0,20$$

кірген жел сығылып түгел сыртқа шығуы мүмкін.

Желді тежейтін бетінің үлесі үлкен жағдайда

$$0,5 \leq K_n \leq 0,90$$

тежелген жел сыртқа шықпауы мүмкін.

Желді тежейтін бетінің үлесі орташа жағдайда

$$0,20 \leq K_n \leq 0,50$$

тежелген желдің бір бөлігі сығылып ортадағы желдің легіне қосылып сыртқа шығуы мүмкін.

Конфузорға кірген желдің тежелген бөлігі оған қарсылық күшін түсіреді.


Кірген жел конфузордан түгел сыртқа шығатын болса, онда оған желдің үйкеліс күші түседі.

Тежелген желдің бір бөлігі сығылып сыртқа шығатын жағдайда конфузорға желдің қарсылық және үйкеліс күштері түсуі мүмкін.

Конфузорға тежелген желдің сығылу шамасы оның ішкі бетінің көлбеу бұрышына (α) тәуелді. Сығу дәрежесі (K) бірдей конфузорлардың тежелген желді сығу шамасы оның бетінің көлбеу бұрышына (α) байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Конфузордың осы қасиеттерін ескеріп оны желдөңгелекке желді өткізетін қалақ ретінде пайдалану ұсынылды [1].

Конфузор қалақтарға түскен желдің күші желдөңгелекті айналысқа келтіреді. Конфузор қалақты желқозғалтқыштың сұлбасы 1-суретте көрсетілді. Ол корпустан (1), жел кіретін құбырдан (2), жел шығатын құбырдан (3) және конфузор қалақты желдөңгелектен (4) тұрады. Конфузор қалақтар желдөңгелектің жел жүретін қуысына біркелкі адыммен орналасқан.



Сурет 1. Конфузор қалақты желқозғалтқыш сұлбасы

Жел алдымен желдөңгелектің тыныш қалпында оның қуысындағы конфузор қалақтармен әрекеттеседі. Сондықтан, бірінші кезекте, желдің тыныш тұрған конфузор қалақтармен әрекетін қарастырамыз.

1. Конфузордың желді тежейтін бетінің үлесі үлкен ($K_n = 0,5 \div 0,90$). Мұндай жағдайда конфузордың ішінде тежелген жел оған қарсылық күшін түсіреді.

Корпустың құбыры арқылы келіп 1-ші конфузордың үлкен аузына кіретін желдің мөлшері

$$Q_1 = p \cdot S_1 \cdot \vartheta_1 \quad (4)$$

мұнда: $p = 1,25 \text{ кг/м}^3$ – желдің тығыздығы; S_1 – конфузордың үлкен аузының ауданы, м^2 ; U_1 – желдің кіру жылдамдығы, м/с .

Конфузордың ішінде тежелетін желдің мөлшері

$$Q' = p \cdot S_1 \cdot K_n \cdot \vartheta_1 \quad (5)$$

Тежелген желдің конфузорға түсіретін қарсылық күші [2]

$$F_{c1} = 0,5 \cdot C_x \cdot p \cdot S_1 \cdot K_n \cdot \vartheta_1^2 \quad (6)$$

мұнда: C_x – конфузордың қарсылық коэффициенті.

1-ші конфузор қалақтан өтетін желдің мөлшері

$$Q_2 = Q_1 - Q'_1 = p \cdot S_1 \cdot \mathcal{G}_1 - p \cdot S_1 \cdot K_n \cdot \mathcal{G}_1;$$

$$Q_2 = p \cdot S_1 \cdot \mathcal{G}_1 \cdot (1 - K_n). \quad (7)$$

Конфузордан шыққан жел желдөңгелектің қуысына таралып жылдамдығын өзгертеді

$$Q_2 = p \cdot S_1 \cdot \mathcal{G}_2.$$

Осы теңдеуді (7) теңдеумен теңестіріп 2-ші конфузор қалаққа түсетін желдің жылдамдығын табамыз

$$p \cdot S_1 \cdot \mathcal{G}_2 = p \cdot S_1 \cdot \mathcal{G}_1 \cdot (1 - K_n);$$

осыдан

$$\mathcal{G}_2 = \mathcal{G}_1 \cdot (1 - K_n). \quad (8)$$

2-ші конфузордың ішінде тежелетін желдің мөлшері

$$Q'_2 = p \cdot S_1 \cdot K_n \cdot \mathcal{G}_2;$$

(8) теңдеуді ескерсек

$$Q'_2 = p \cdot S_1 \cdot K_n \cdot \mathcal{G}_1 \cdot (1 - K_n). \quad (9)$$

Желдің 2-ші конфузор қалаққа түсіретін күші

$$F_{c_2} = 0,5 \cdot C_x \cdot p \cdot S_1 \cdot K_n \cdot \mathcal{G}_2^2;$$

(8) теңдеуді ескергенде

$$F_{c_2} = 0,5 \cdot C_x \cdot p \cdot S_1 \cdot K_n \cdot \mathcal{G}_1^2 \cdot (1 - K_n)^2. \quad (10)$$

2-ші конфузордан өтетін желдің мөлшері

$$Q_3 = Q_2 - Q'_2 = p \cdot S_1 \cdot \mathcal{G}_1 \cdot (1 - K_n) - p \cdot S_1 \cdot K_n \cdot \mathcal{G}_1 \cdot (1 - K_n);$$

$$Q_3 = p \cdot S_1 \cdot \mathcal{G}_1 \cdot (1 - K_n)^2. \quad (11)$$

Желдөңгелектің қуысында өткен желдің жылдамдығы өзгереді

$$Q_3 = p \cdot S_1 \cdot \mathcal{G}_3.$$

Осы теңдеуді (11) теңдеумен теңестіріп 3-ші конфузор қалаққа кіретін желдің жылдамдығын табамыз

$$p \cdot S_1 \cdot \mathcal{G}_3 = p \cdot S_1 \cdot \mathcal{G}_1 \cdot (1 - K_n)^2;$$

осыдан

Рис. 2. Определение газообразующей способности муки разных торговых марок

Из данных графиков можно выделить три основных составляющих процесса брожения и готовности теста к выпечке:

- продолжительность созревания теста;

- продолжительность окончательной расстойки тестовых заготовок;
- продолжительность брожения теста.

Продолжительность созревания теста для муки «Алтын Дән» (Тх), при котором выделяется углекислый газ составляет 37 минут, для теста из муки «Корона» – около 1 часа, аналогично и с продолжительностью окончательной расстойки. Следовательно, продолжительность брожения теста происходит более интенсивно для муки «Алтын Дән». Процесс газообразования проходит в первые 3 часа более интенсивно, что указывает на высокую сахаробразующую способность муки. Следовательно, используя данные, полученные на приборе Реоферментометр F3, мы можем дать практические рекомендации по хлебопекарным свойствам для каждого вида муки, сорта и торговой марки муки.

Технолог, получив данные лаборатории по определению газообразующей способности на Реоферментометре F3, может оптимизировать процессы тестоведения по времени, что снизит общую продолжительность процесса приготовления хлеба и хлебобулочных изделий.

Таким образом, газообразующая способность муки является важным показателем от которого зависит ход технологического процесса, интенсивность брожения, накопление и образование веществ, оказывающих влияние на вкус, запах и окраску корки хлеба.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Ауэрман, Л.Я. Технология хлебопекарного производства [Текст] / Л.Я. Ауэрман. – М.: Пищевая промышленность, 1972. – 512 с.
2. Шепелев, А.Ф. Товароведение и экспертиза продовольственных товаров [Текст]: учеб. пособие / А.Ф. Шепелев, И.А. Печенежская. – М., 2004. – 992 с.
3. Пучкова, Л.И. Лабораторный практикум по технологии хлебопекарного производства [Текст] / Л.И. Пучкова. – М., 1971.

Материал поступил в редакцию 21.06.17.

Н.А. Горбатовская, А.С. Дильдабаева, Е.Н. Шоя, Ш.Д. Умирбаева

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ, Қазақстан

ҰННЫҢ ГАЗ ТҮЗУ ҚАБІЛЕТІ – МАҢЫЗДЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ

Ұнның маңызды наубайханалық қасиеттері – газ түзу және газ ұстау қабілеттері – технологиялық үрдістің барысы, ашу қарқындылығы, нанның дәміне, иісіне және қабығының реңіне әсер ететін маңызды технологиялық көрсеткіштері ретінде қарастырылған. Әртүрлі сауда белгілері ұсынған ұндардың газ түзу қабілеттерін екі әдіспен анықтау бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстарына талдау жасалған. Нан пісіру үрдісін қарқындатуға мүмкіндік беретін, қамыр дайындау үрдістерін оңтайландыруды толық бағалайтын ұнның газ түзу қабілетін анықтаудың заманауи әдісі ұсынылған.

Түйін сөздер: ұн, наубайханалық қасиеттер, ұнның газ түзу және газ ұстау қабілеттері, қант, қамырдың ашуы, нан.

N.A. Gorbatovskaya, A.S. Dildabayeva, Y.N. Shoya, Sh.D. Umirbayeva

Taraz State University named after M.Kh.Dulati, Taraz, Kazakhstan

GAS-FORMING ABILITY OF THE FLOUR - IMPORTANT TECHNOLOGICAL INDEX

The importance of valuable baking properties of flour – gas forming and gas retaining ability, as important technological indicators of technological process, fermentation intensity, accumulation and formation of substances influencing taste, smell and coloring of bread crust depend is presented. Studies on the determination of the gas-forming ability of flour of different brands by two methods have been analyzed. A modern method for determining the gas-forming ability of flour is recommended, which gives a complete assessment of the optimality of each testing process, which will allow to integrate the bakery process as a whole.

Keywords: flour, baking properties, gas-forming, gas-retaining ability of flour, sugar, fermentation of dough, bread.

УДК 664.71:006.354

Е. Спандияров¹, М.Д. Кенжеходжаев², Т.Б. Изгурганова³

*¹Д-р техн. наук, профессор, ²Канд. техн. наук, доцент, ³Магистрант
Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан*

РЕЛАКСАЦИЯ НАПРЯЖЕНИИ ТОЛОКНА «ТАРЫ» В УСЛОВИЯХ ОБЪЕМНОГО СЖАТИЯ

В работе изучена релаксация напряжений толокна «Тары» в условиях одноосного объемного сжатия. Предложенное уравнение релаксации напряжения испытуемого продукта от времени справедливо в интервале начальных напряжений от 10 до 30 МПа.

Ключевые слова: толокно, прессование, напряжение, релаксация, объемное сжатие, деформация.

В Республике Казахстан, Туве и др. странах применяют своеобразный национальный способ обработки проса: его варят в течении 50-60 минут в кипящей воде, прокаливают, шелушат с последующим аспирированием, затем измельчают до определенной крупности [1].

Полученный продукт называется толокно «Тары», которое является ценным национальным продуктом питания, так как обладает высокими товарными и потребительскими свойствами, не требует тепловой обработки, проявляет высокую стойкость при хранении.

Из толокна «Тары», добавляя в него различные пищевые компоненты по определенному рецепту, можно приготовить за короткий промежуток времени множество вкусных и полезных блюд для различных слоев населения с заранее заданной пищевой ценностью.

Однако, физико-механические свойства толокна «Тары», которые необходимы для расчета и проектирования технологического оборудования, изучены мало.

Целью работы является исследование релаксации напряжения толокна «Тары» влажностью 8,0%. Ситовой анализ показал, что сход продукта на сите с отверстиями 1,0 мм отсутствовал. Насыпная плотность толокна «Тары» составляла в пределах 680-700 кг/м³.

Для прессования испытуемого материала в виде таблетки круглого поперечного сечения нами разработана и изготовлена пресс-форма, принципиальная схема которой представлена на рисунке 1.

Она состоит из поршня 1, обоймы 2, цилиндра 3 с внутренним диаметром 15 и высотой 35 мм. Общий вид матрицы, цилиндра и поршня пресс-формы показан на рисунке 2, а общий вид пресс-формы – на рисунке 3. Сжатие испытуемого образца происходит в замкнутом объеме 4, что соответствует производственным условиям.

Исследование процесса релаксации напряжении толокна «Тары» проводили на прессе с ручным приводом (рис. 4) при комнатной температуре, пресс-форму помещали на нижний столик и, вращая рукояткой, сжимали посредством поршня испытуемый материал.




Рис. 1. Принципиальная схема пресс-формы



Рис. 2. Общий вид пресса



Рис. 3. Общий вид матрицы, цилиндра и поршня пресс-формы



Рис. 4. Общий вид пресс-формы

Усилие на образец фиксировали с помощью стрелки пресса. Тарировку силоизмерителя прибора производили с помощью скобы Токаря.

Начальное напряжение – один из основных и решающих факторов релаксации напряжений [2]. Поэтому процесс релаксации напряжений изучали при следующих начальных напряжениях: 10; 15; 20; 25 и 30 МПа.

На рисунке 5 приведены кривые релаксации напряжений толочка «Тары», построенные по экспериментальным данным. Кривые, соответствующие напряжениям 15, 20 и 25 МПа, находятся между кривыми 1 и 2, и для лучшей наглядности на рисунке не показаны.

Процесс релаксации напряжений условно можно разделить на два этапа: первый – неустановившийся с постепенно уменьшающейся скоростью напряжения, второй – установившийся, с постоянной скоростью снижения релаксации напряжений.




Рис. 5. Релаксация напряжений толочка «Тары» при: 1 – 30 МПа; 2 – 10 МПа.

Практический интерес представляет первый этап релаксации, так как за короткий промежуток времени (около 1 мин) падает большая часть напряжений. Например, при начальном напряжении 30 МПа, падение напряжения в течение 1 минуты составляло 22 МПа, а за последующие 5 минут – всего лишь, примерно, 4 МПа.

Из рисунка 5 видно, что характер кривых релаксации напряжений одинаковый, что позволяет искать для них общую закономерность.

Обработка опытных данных позволила предложить зависимость релаксации напряжений от времени и для первого этапа описывать уравнением вида

$$\sigma = \sigma_0(1 - A\sqrt{\tau}), \quad (1)$$

где: σ – напряжение (давление) в момент времени τ , МПа; σ_0 – начальное напряжение (давление), МПа; A – эмпирический коэффициент, зависящий от вида и состава испытываемого материала; τ – текущее время, мин.

Если разделим обе части уравнения (1) на σ_0 , то получим

$$\frac{\sigma}{\sigma_0} = 1 - A\sqrt{\tau} \quad (2)$$

Построив это уравнение (2) в координатах $\frac{\sigma}{\sigma_0}$ и $\sqrt{\tau}$, можем получить семейство прямых, каждая из которых может соответствовать определенному значению начального напряжения.

На рисунке 6 приведена зависимость $\frac{\sigma}{\sigma_0}$ от $\sqrt{\tau}$ при 10 МПа. Тангенс угла наклона прямой к оси абсцисс дает численное значение коэффициента A , а пересечение прямой с осью ординат есть 1.




Рис. 6. Зависимость $\frac{\sigma}{\sigma_0}$ от $\sqrt{\tau}$ при 10 МПа

Анализ найденных численных значений коэффициентов A для остальных начальных напряжений показал, что разница между ними составляет не более 3%, поэтому выбрали среднее значение $A=0,61$.

Полученное уравнение релаксации напряжении толочка «Тары» от времени справедливо в интервале начальных напряжений от 10 до 30 МПа.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Spandiyarov Y., Nemerebayev M., Ayazbaev T. The pellet mill for feed mix granulation. Scientific Journal Mechanics & technologies. № 1 (47), 2015. 142-144 p.
2. Мачихин, Ю.А. Инженерная реология пищевых материалов [Текст] / Ю.А. Мачихин, С.А. Мачихин. – М.: Легкая и пищевая пром-сть, 1981. – 215 с.

Материал поступил в редакцию 18.07.17.

Е. Спандияров, М.Д. Кенжеходжаев, Т.Б. Изтурганова

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан

КӨЛЕМДІК ҚЫСЫЛУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ «ТАРЫ» ТАЛҚАНЫНЫҢ КЕРНЕУ РЕЛАКСАЦИЯСЫ

Жұмыста бір өсті көлемдік қысу жағдайындағы «Тары» талқанының кернеу релаксациясы қарастырылған. Зерттелетін өнімнің кернеу релаксациясының уақытқа байланысты ұсынылған теңдеуі 10-30 МПа болатын бастапқы кернеу аралығында ғана дұрыс екені анықталды.

Түйін сөздер: талқан, престеу, жүктеме, релаксация, көлемдік қысылу, деформация.

Y. Spandiyarov, M.D. Kenzhekhodjaev, T.B. Izturganova

Taraz State University named after M.Kh.Dulati, Taraz, Kazakhstan

RELAXATION STRESS OF MILLET "TARY" UNDER CONDITIONS OF VOLUMETRIC COMPRESSION

Relaxation of "Tary" millet under volumetric compression conditions was studied. The proposed equation of stress relaxation of the test product by time is valid in the interval of initial stresses from 10 to 30 MPa.

Keywords: millet, pressing, stress, relaxation, volumetric compression, deformation.

ӘОЖ 664. 144

А.С. Клышбекова

Магистр, аға оқытушы

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ, Қазақстан

КОНФЕТ ТҰРҚЫЛАРЫНЫҢ ӨНДІРІСІНДЕ АСҚАБАҚ ЖӘНЕ АЛМА ЕЗБЕСІН БІРІКТІРІП ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІГІ

Жұмыста шикізаттың жергілікті және дәстүрлі емес түрі – асқабақ пен алма езбесінен конфет тұрқыларын дайындау мүмкіндігі зерттелді. Зерттеу жұмысында қолданылатын асқабақ пен алма Қазақстанда кең тараған және арзан көкөністі шикізат болып табылады. Конфет массалары мен дайын конфет тұрқыларының физикалық-химиялық және органолептикалық көрсеткіштері анықталды.

Түйін сөздер: дәстүрлі емес шикізаттар, көкөністер, дәрумендер, минералды элементтер, конфет тұрқылары, асқабақ және алма езбесі.

Қай кезде де салауатты тамақтану мәселесі – мемлекеттік маңызы бар өзекті мәселер қатарына жатады. Тамақ өнеркәсібін жоғары сапалы шикізаттармен қамтамасыз ету ауыл шаруашылығының негізгі мақсаты. Ал, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібінің негізгі мақсаты – денсаулыққа пайдалы өнімдерді қажетті мөлшерде және жеткілікті ассортиментте өндіру.

Экологиялық жағдайдың нашарлауы, өнеркәсіп дағдарысының басталуы мен халық санының артуы, адамзаттың өмір сүру қарқынының өсуі, тамақтану саласына бірқатар өзгерістер әкелді. Оның ішінде тамақ өнеркәсібіндегі өнімдердің көпшілігі адамзат ағзасына кері әсерін беретін химиялық қоспалардан жасалып жатыр. Бұл көбінесе өнімдердің сақтау мерзімін арттыруға бағытталған, пайдалы компонентер мөлшерін азайтауға алып келетін күрделі технологиялық өңдеулерден өтуімен тікелей байланысты. Сонымен қатар, адамзаттың күнделікті тамақтануына қажетті өнімдер құрамында теңестірілген ақуыздар, тағамдық талшықтар мен минералдық заттар мөлшері төмендеп, ал май, консерванттар, химиялық бояғыштар мен тұздар мөлшері артып келеді, сонымен қатар адам ағзасына әсері әлі толығымен зерттелмеген генетикалық модифицирленген өнім көздерінен алынған тағамдық қоспалардың үлесі қарқынды өсіп келеді [1].

Соңғы жиырма жылдықта «адамдардың денсаулығы мен өмір сүру жағдайының әсері» деген тұжырымда басты орын тамақтану саласына тиесілі екені айқындалды. Сондықтан, өнім құрамына жеміс пен көкөністі қолдану арқылы қоғамды сапалы және тағамдық құндылығы жоғары өнімдермен қамтамасыз ету, өнімдердің асортиментін кеңейту, құрылымын толық жетілдіру көзделіп отыр. Туындап отырған мәселелердің бірден-бір шешімі – күнделікті қолданылатын қантты өнімдерге көкөніс пен жемістер қосып, тамақ саласындағы өнімдердің жаңа технологиялары мен рецептураларын жете зерттеп, дайын өнімнің құндылығын байыту мәселелері болып отыр [2].

Қазіргі кезде дәстүрлі емес жергілікті шикізаттар көзі болып табылатын құрамында үйлесімді өмір сүруге қажетті ақуыз, дәрумендер, минералдық заттар, тағамдық талшықтарға бай тағамдық және биологиялық құндылығы жоғары қантты кондитер өнімдерін алу мақсаттары алға қойылған. Бұл мақсаттарға жету үшін қантты кондитер өнімдеріне дәстүрлі емес жергілікті шикізат көздерін, соның ішінде көкөніс пен жеміс өнімдерін қолданып биологиялық және тағамдық құндылығы жоғары емдік-профилактикалық бағыттағы дайын өнімдер жасау қызығушылық тудыруда. Дәстүрлі технологиялық үрдістегі негізгі шикізат көкөніс езбесі ретінде, асқабақ және сәбіз езбелері, ал жеміс езбесі ретінде алма езбесі және осы көкөніс және жеміс езбелері біріктіріліп қолданылды. Қоспаның құрамында адам ағзасына өте пайдалы В, С, Е және РР тобының дәрумендері бар, сонымен қатар ағзадағы зат алмасуының тез өтуіне әсер ететін Т дәрумені сияқты сирек кездесетін дәрумен бар.

Жергілікті және дәстүрлі емес шикізаттарды енгізу, каротинмен, дәрумендермен және минералды элементтермен байытылған, тағамдық құндылығы жоғары жаппай өндірілетін кондитер өнімдерінің принципіалды жаңа түрлерін алуға, сонымен қатар абрикос езбесі, алхоры және алма езбесі сияқты жемісті шикізаттардың негізгі түрлерін көкөністі шикізаттармен тиімді алмастыратын технологияларды жасауға мүмкіндік береді [3].

Кондитер өндірісінде жемістер мен жидектерден дайындалған жартылай өнімдер, оның ішінде алмадан дайындалған езбелер кеңінен пайдаланылады. Оны мармелад-пастилалы өнімдерді дайындағанда, конфет тұрқыларына жемісті-желелейлі және бұлғанған массаларды дайындау үшін, «Ассорти» конфеттері, карамельдер, торттар, пирожное және т.б. өндіру үшін қолданады. Алма езбесінің сапасы белгілі дәрежеде жемісті және жемісті-желелейлі кондитер массаларының сапасын құрайды [4].

Аталған жұмыста асқабақ және алма езбесін біріктіріп қосудың конфет тұрқыларының сапасына әсері зерттелді.

Жұмыстың мақсаты – конфет тұрқыларын өндіру үшін асқабақ және алма езбелерін біріктіріп қолданудың мүмкіндігін зерттеу болды. Конфет тұрқыларын өндіру технологиясын жасау барысында, алма езбесі және пісірілген асқабақтан дайындалған езбе пайдаланылды. Зерттеу нысандары ретінде қанттан, асқабақ езбесінен, алма езбесінен, инверт шәрбәтінен, майдан және лимон қышқылынан дайындалған, жемісті-көкөністі конфет тұрқылары болып табылады.

Зерттеуді жүргізу үшін конфет тұрқылары қанттың, асқабақ пен алма езбесінің келесі қатынастарында дайындалды: Қ:А-АЕ=0,9:0,7:0,3; 1,0:0,7:0,3; 1,2:0,7:0,3; 1,3:0,7:0,3. Құмшекер рецептураға сәйкес езбе массасына шаққанда 90, 100, 120 және 130% мөлшерінде қосылды.

Бұл жұмыстың ерекшелігі жемісті-көкөністі конфет тұрқыларын дайындау үшін асқабақ езбесімен бірге алма езбесінің де қолданылуы. Алма

езбесі, қант пен езбе қатынасына байланыссыз, асқабақ езбесіне шаққанда 30% мөлшерінде қосылды.

Жемісті-көкөністі конфет тұрқыларын дайындау, сонымен қатар қалыптау келесі түрде жүргізілді.

Конфет массалары мерзімді әдіспен дайындалды. Рецептuralық қоспа құрғақ заттар мөлшері 90, 85, 80 және 75% және соңғы температурасы 115, 110, 100, 95 және 90°C болғанша әбден пісіру арқылы дайындалды. Конфет тұрқыларының тиімді құрғақ заттар мөлшері 84-87% және тиімді соңғы температурасы 92-95°C болып табылады. Әбден пісіру ұзақтығы 30-40 минутты құрады. Берілген параметрлерден ауытқу, тұрқылардың өте жабысқақ және қалыпталуы қиын (төмен температурада және құрғақ заттар мөлшері аз болғанда) немесе қатты, әрі кристалдануына әкеледі.

Әбден пісірілген масса 75-80°C температурада қыздырылды. Сосын масса үстел бетінде жағу әдісімен қалыпталды және 50, 40, 30 және 25°C температураға дейін суытылды. Нәтижесінде тиімді қалыптау температурасы 25°C болатындығы анықталды. 25°C температурада конфет массасы төртбұрышты немесе тіктөртбұрышты жеке тұрқыларға кесілді.

Конфет массаларының және дайын конфет тұрқыларының сапасы келесі физикалық-химиялық көрсеткіштер бойынша анықталды: ылғалдылығы, редуцирлейтін заттар мөлшері, қышқылдығы, тұтқырлығы, жылжу кернеуі, конфет тұрқыларының иілімділік беріктігі; органолептикалық бағалау келесі көрсеткіштер бойынша жүргізілді: түсі, иісі, дәмі, бетінің күйі, консистенциясы және сақтау кезінде конфет тұрқыларының салмақ өзгерісі. Жоғарыда аталған көрсеткіштер бойынша конфет массаларының және дайын конфет тұрқыларының сапалық көрсеткіштері 1-ші және 2-кестелерде келтірілген.

Кесте 1

Конфет массалары мен дайын конфет тұрқыларының физикалық-химиялық сапа көрсеткіштері

Қант пен езбе қатынасы	Сапа көрсеткіштері					
	ылғалдылық, %	редуцирлейтін заттар мөлшері, %	қышқылдық, град	тұтқырлық, Па·с	жылжу кернеуі, Па	тұрғызылғаннан кейінгі конфет тұрқыларының иілімділік беріктігі, кПа
0,9: 0,7:0,3	14	10,6	9,0	47,91	53	9,8
1,0: 0,7:0,3	14	9,8	8,4	61,38	53	10,0
1,2: 0,7:0,3	14	8,2	6,7	98,4	53	10,4
1,3: 0,7:0,3	14	7,4	6,0	125,63	53	10,8

Кесте 2

Дайын конфет тұрқыларының органолептикалық сапа көрсеткіштері


Қант пен езбе қатынасы	Сапа көрсеткіштері
	Органолептикалық бағалау
0,9: 0,7:0,3	Қызғылт-қоңыр түсті, бөтен иіссіз, берілген тұрқы түріне тән, дәмі өте жағымды, әлсіз қышқыл, беті тегіс, мөлдір,

	консистенциясы жұмсақ, аздап жабысады, жеңіл қалыпталады
1,0: 0,7:0,3	Қызғылт-қоңыр түсті, бөтен иіссіз, берілген тұрқы түріне тән, дәмі жағымды тәтті, беті тегіс, мөлдір, консистенциясы жұмсақ, жабысқақ емес, жеңіл қалыпталады
1,2: 0,7:0,3	Күңгірт қоңыр түсті, бөтен иіссіз, берілген тұрқы түріне тән, дәмі тәтті, беті тегіс емес, қант кристалдары бар, консистенциясы жұмсақ, қиын қалыпталады
1,3: 0,7:0,3	Ашық қоңыр-сары түсті, бөтен иіссіз, берілген тұрқы түріне тән, дәмі аса тәтті, беті тегіс, консистенциясы жұмсақ, аздап жабысады, жеңіл қалыпталады

1-кесте мәндеріне сәйкес, келесі қорытындыны жасауға болады: ылғалдың массалық үлесі 13-15% құрады. Редуцирлейтін заттар мөлшері қант пен езбенің әртүрлі қатынасында 7,4-10,6% құрады. Редуцирлейтін заттардың ең аз мөлшері 1,3:0,7:0,3 қатынасында 7,4% құрады, ал редуцирлейтін заттардың ең көп мөлшері 0,9:0,7:0,3 қатынасында 10,6% құрады. Қышқылдық көрсеткіші 1,3:0,7:0,3 қатынасында ең төмен мәнге ие және 6,0 градусты құрайды, ал 0,9:0,7:0,3 қатынасында ең үлкен мәнге ие және 9,0 градусты құрайды. 1-кесте мәндеріне сәйкес, редуцирлейтін заттар мөлшері мен қышқылдық мәнінің көрсеткіштері, қант мөлшерінің біртіндеп артуына байланысты төмендейтінін анықтауға болады. Конфет массаларының тұтқырлық көрсеткіштері, қант мөлшерінің артуына байланысты жоғарылайды. Конфет тұрқыларының иілімділік беріктігі 9,8-10,8 кПа құрайды. Қант мөлшерінің асқабақ-алма езбесіне қатысты артуына байланысты, конфет тұрқыларының беріктігі өседі. Тек қана асқабақ езбесі пайдаланылған конфет тұрқыларының мәндерімен салыстырғанда, асқабақ-алма езбесі пайдаланылып дайындалған конфет тұрқыларының иілімділік беріктігі жоғары көрсеткіштерге ие және бұл жағдайды конфет тұрқыларына алма езбесін енгізумен түсіндіруге болады.

1-суретте қант пен асқабақ езбесінің және қант пен асқабақ-алма езбесінің қатынасына байланысты, конфет тұрқыларының тұтқырлығы мен иілімділік беріктігінің графигі келтірілген.


1-сурет мәндеріне сәйкес, конфет массаларының тұтқырлығы мен конфет тұрқыларының иілімділік беріктігі көрсеткіштерінің қант мөлшерінің асқабақ және асқабақ-алма езбесіне қатысты алғанда артатындығы анықталды. Тек қана асқабақ езбесін қолданған жағдайда, массалардың тұтқырлығы, асқабақ-алма езбесін қолданған кездегі массалардың тұтқырлығына қарағанда жоғары болады. Асқабақ-алма езбесін пайдаланған кезде тұрқылардың беріктігі, тек асқабақ езбесін пайдаланған кездегі конфет тұрқыларының беріктігінен жоғары болады. Асқабақ-алма езбесін қолдану барысындағы конфет тұрқыларының иілімділік беріктігі, тек қана асқабақ езбесін қолданған кездегі конфет тұрқыларының иілімділік беріктігімен салыстырғанда жоғары болады. Мұны алма езбесінің жоғары беріктік қасиеттерімен түсіндіруге болады.



1 – қант пен асқабақ езбесінің қатынасына байланысты массалардың тұтқырлығы; 2 – қант пен асқабақ езбесінің қатынасына байланысты тұрқылардың беріктігі; 3 – қант пен асқабақ-алма езбесінің қатынасына байланысты массалардың тұтқырлығы; 4 – қант пен асқабақ-алма езбесінің қатынасына байланысты тұрқылардың беріктігі

Сурет 1. Қант пен асқабақ езбесі және қант пен асқабақ-алма езбесі қатынасының конфет массаларының тұтқырлығы мен конфет тұрқыларының иілімділік беріктігіне әсері

2-суретте қант пен асқабақ Қ:АЕ және қант пен асқабақ-алма Қ:А-АЕ езбесінің қатынасына байланысты, конфет массалары мен конфет тұрқыларының редуцирлейтін заттар мөлшері мен қышқылдығының графигі келтірілген.



1 – Қ:АЕ қатынасына байланысты редуцирлейтін заттар мөлшері; 2 – Қ:АЕ қатынасына байланысты қышқылдық; 3 – Қ:А-АЕ қатынасына байланысты редуцирлейтін заттар мөлшері; 4 – Қ:А-АЕ қатынасына байланысты қышқылдық

Сурет 2. Қант пен асқабақ және қант пен асқабақ-алма езбесінің қатынасының, конфет массалары мен тұрқыларының редуцирлейтін заттар мөлшері мен қышқылдығына әсері

2-сурет мәндеріне сәйкес, конфет массалары мен конфет тұрқыларының құрамындағы редуцирлейтін заттар мөлшері мен қышқылдығы көрсеткіштерінің, асқабақ және асқабақ-алма езбесіне қатысты алғанда қант мөлшерінің біртіндеп артуына байланысты төмендейтіндігі анықталды. Тек қана асқабақ езбесін қолданған кезде массалардың қышқылдығы, асқабақ-алма езбесін қолдану барысындағы массалардың қышқылдығымен салыстырғанда төмен болады. Себебі, асқабақ езбесінің қышқылдығы алма езбесінің қышқылдығымен салыстырғанда төмен келеді.

Тұрқыларды суытқан соң, бір ай мерзім аралығында сақтау кезінде салмақ өзгерісін анықтау үшін, өнім үлгілері техникалық таразыда өлшенді. Сақтау кезінде салмақ өзгерісін анықтау, конфет тұрқыларының үлгілерін әрбір 3 тәулік сайын өлшеу жолымен анықталды. Нәтижесінде, барлық үлгілерде, дайын конфет тұрқылары салмағының айтарлықтай өзгерменгендігі белгілі болды. Бұл жағдай, осы конфет тұрқыларының да сақтау кезіндегі масса шығындарына тұрақты екендігін дәлелдейді.

Конфет тұрқыларына жүргізілген органолептикалық және физикалық-химиялық талдау нәтижесінде асқабақ-алма езбесінің негізінде конфет тұрқыларын өндіру үшін қант пен езбенің Қ:А-АЕ 1,0:0,7:0,3 қатынасы тиімді болып табылатындығы анықталды. Осы тиімді қатынаста конфет тұрқылары қызғылт-қоңыр түсті, бөтен иіссіз, берілген тұрқы түріне тән, жағымды әлсіз қышқыл дәмді, беті тегіс және мөлдір, сонымен қатар жұмсақ жабыспайтын консистенциялы, жеңіл қалыпталатын болады және бұл тұрқыларға мынадай оң физикалық-химиялық көрсеткіштер тән: ылғалдылығы 14%, редуцирлейтін заттар мөлшері 9,8%, қышқылдығы 8,4 град., тұтқырлығы 61,38 Па·с, конфет тұрқыларының иілімділік беріктігі 10,0 КПа. Осылайша, келесі зерттеуді жүргізу үшін қант пен асқабақ-алма езбесінің Қ:А-АЕ 1,0:0,7:0,3 қатынасы таңдалды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Аксенова, Л.М. Научно-практические основы здорового питания в кондитерской промышленности [Текст] / Л.М.Аксенова // Пищевая промышленность. – 1999. – №9. – С.6-11.
2. Спиричев, В.Б. Витаминно минеральные премиксы при производстве кондитерских изделий [Текст] / В.Б.Спиричев, В.М.Воробьева. // Пищевая промышленность. – 2000. – №5. – С. 40-41.
3. Корячкина, С.Я. Новые виды мучных и кондитерских изделий [Текст] / С.Я. Корячкина. – М.: Орел, 2001.
4. Драгилев, А.И. Технология кондитерских изделий [Текст] / А.И.Драгилев, И.С. Лурье. – М.: Делипрант, 2001. – 484 с.

Материал редакцияға 18.05.17 түсті.

А.С. Клышбекова

Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

ВОЗМОЖНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ ТЫКВЕННО-ЯБЛОЧНОГО ПЮРЕ В ПРОИЗВОДСТВЕ КОНФЕТНЫХ КОРПУСОВ

Представлены результаты исследований тыквенного и яблочного пюре для производства конфетных корпусов. Применяемые материалы – яблоки и тыква, широко распространены в Казахстане, являются дешевым фруктово-

овощным сырьем. Определены органолептические и физико-химические показатели конфетных масс и готовых конфетных корпусов.

Ключевые слова: нетрадиционные виды сырья, овощи, витамины, минеральные элементы, конфетные корпуса, тыквенное и яблочное пюре.

A.S. Klyshbekova

Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan

THE POSSIBILITY OF USING THE PUMPKIN AND APPLE PUREE IN CANDY SHELLS PRODUCTION

The results of research of pumpkin and apple purees for the production of candy shells are presented. Applied materials – apples and pumpkin, are widely distributed in Kazakhstan, cheap fruit and vegetable raw materials. Organoleptic and physicochemical indicators of candy masses and ready-made candy shells have been determined.

Keywords: non-traditional raw materials, vegetables, vitamins, mineral elements, candy shells, pumpkin and apple mash.

Машиностроение и обработка материалов

ӨОЖ 621.311.24

Р.К. Нусипали¹, А.Б. Танабекова²¹Магистр, аға оқытушы, ²Лаборант

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан

ЦИЛИНДР БЕТТІ ДАЙЫНДАМАЛАРДЫ ЦЕНТРЛЕП БЕКІТЕТІН ЭМБЕБАП СТАНОКТЫҚ ҚҰРЫЛҒЫ

Жұмыста құрылысы қарапайым, цилиндр бөлшекті бірден центрлеп бекітетін жобаланған қысқыш құрылғы қарастырылған. Құрылғы стандартты бөлшектерден жасалған, жетегі пневмокамера болғандықтан бөлшекті бекітуге аз уақыт жұмсайды. Пневмо желі істен шыққан жағдайда өңделетін материалды қолмен бекітуге болады. Ұсынылған құрылғының негізгі параметрлерін есептеу әдістемесі көрсетілген.


Түйін сөздер: станоктық құрылғы, дайындаманы бекіту, эмбебап құрылғы, цилиндр дайындамаларды бекіту.

Машина жасау өндірісінде жұмыс өнімділігі мен бөлшектің сапасын жоғарылатудың бірден бір жолы – қолайлы саймандар қолдану. Осыған орай болашақ машина жасау өнеркәсібінде үлкен пайдасын тигізетін сайманды (тискіні) жобалау қажет. Қазіргі кезде қолданылып жүрген металл кесетін станоктарда қолданылатын сырты цилиндр бетті дайындаманы центрлеп бекітетін саймандардың бірқатар кемшіліктері бар. Дайындаманың өңделетін бөлігін кескішке дәл алып келу қолайсыз. Көптеген зауыттарда, өнеркәсіптерде металл кесетін станоктарда сырты цилиндр бетті дайындаманы бекітетін станокты тискілер эмбебап емес. Металл кесетін станокқа арналған тискілер цилиндр бетті дайындаманы өңдеуде ыңғайсыздық тудырады және өңдеу дәлдігі тура болмайды.

Осынған орай цилиндр бөлшекті бірден центрлеп бекітетін, дайындаманы жылдам, әрі сенімді қысуға мүмкіндік беретін сайман жобалау өзекті мәселе болып табылады.

Жобаланып отырған құрылғының құрылымы өте қарапайым. Қысқыш құрылғы элементтері мүмкіндігінше стандартты бөлшектерден жасалады. Кейбір стандартты бөлшектер механикалық өңдеу арқылы жасалды. Жобаланған құрылғының қысатын элементі екі түрлі бекіту қысқыштарынан тұрады (1-сурет): біржақты әсер етуші тәрелке пішінді диафрагмалы пневмокамералық қозғалмалы қысқыш призма (4), арнайы тетіктің көмегімен қозғалатын винтті қозғалмалы қысқыш призма (2). Біржақты әсер етуші тәрелке пішінді диафрагмалы пневмокамерасы (4) және винт арқылы жылжып отыратын қозғалмалы қысқыш призмалары (2) бар тискі қажетті станок үстеліне бекітіледі. Дайындаманы тискіге винтті айналдыратын қолтетікпен (1) қозғалмалы қысқыш призманы (2) өстің бойымен қажетті арақашықтыққа жылжыту арқылы және біржақты әсер етуші тәрелке пішінді

диафрагмалы пневмокамера (4) арқылы бекітеді. Біржақты әсер ететін тәрелке пішінді диафрагмалы пневмокамера (4) жоғарғы табақтан (8) және төменгі табақтан (7), яғни қораптан және қақпақтан тұрады. Олардың арасында бұрандамен (14) штокка (10) бекітілген резіңке матадан жасалған тәрелке пішінді диафрагма (12) қысылып, болат дискіге (11) қатаң бекітілген. Пневмокамера құрылғының қорабына шпилькалармен (5) бекітілген. Қысу күші шток (10) арқылы беріледі. Сығылған ауа үлестіруші краннан штуцер (13) арқылы пневмокамераның штоксыз қуысына беріледі. Штуцер (13) арқылы сығылған ауа берілгенде дискімен (11) бірге диафрагма (12) серіппені (9) қысып, штокты (10) жылжытады. Штоктың (10) резьбалық ұшына тетіктің қысқыш механизміне әрекет ететін итергіш (қысқыш) бекітіледі. Шток (10) бекітпе (5) арқылы қозғалмалы қысқыш призматы (4) қозғалысқа келтіреді. Қозғалмалы қысқыш призма (4) бөлшекті бекітеді. Бөлшекті өңдеп біткеннен кейін ауа қысымын беру тоқтатылады. Сығылған ауа штокты (10) жазықтықтан үлестіруші кран арқылы атмосфераға жіберіледі. Сол кезде шток (10) серіппе күшімен дискіге (11) бекітілген диафрагмамен (12) бастапқы орнына кері қайтады. Штоктың (10) жұмысшы жүрісі кезінде сол қуыстан ауаның шығуы үшін А тесігі қызмет етеді.



Сурет 1. Цилиндр бетгі бөлшектерді центрлеп бекітетін қысқыш құрылғы сұлбасы


Құрылғымен бөлшекті бекіту үшін винтті қозғалмалы қысқыш призматы (2) қажетті арақашықтықта орналастырылады. Бұл қозғалмайтын, яғни бекітілген қысқыштың ролін атқарып тұрады. Енді дайындаманы біржақты әсер ететін тәрелке пішінді диафрагмалы пневмокамера (4) арқылы бекітіледі. Штуцер (13) арқылы ауа жіберіледі. Сығылған ауа берілгенде диафрагма (12) серіппені (9) қысып, штокты (10) жылжытады. Осы кезде қозғалмалы қысқыш призма (4) жылжып, бөлшекті бекітеді. Бөлшекті өңдеп біткеннен кейін ауа қысымын беру тоқтатылады. Ауа А тесігі арқылы атмосфераға шығады. Сол кезде қысылып тұрған серіппе (9) созылып, штокты (10) бастапқы орнына алып келеді. Осының арқасында қозғалмалы қысқыш призма (4) кері қайтып, бөлшекті босатады. Өңделген бөлшекті алып, орнына келесі бөлшекті қойып, жоғарыда айтылған операциялар қайталанады.

Егер белгілі бір себептермен пневмокамера істен шығып қалса пневмокамера арқылы қозғалатын қысқыш призма (4) бекітіліп қойылады. Ол үшін қозғалатын қысқыш призмаға (4) және қысқыш призма жолына арнайы кетік ойма (3) ойылады. Осы ойма арқылы қозғалмалы қысқыш призманы (4) орнынан жылжып кетпеу үшін шпилькамен бекітіледі. Сонда бұл призма қозғалмайтын қысқыштың ролін атқарады. Ал бөлшекті винтті қысқыш призма (2) арқылы қажетті арақашықтықта қысып бекітіле береді. Бөлшекті өңдеу жұмыстары аяқталғаннан соң винтті қысқыш призма (2) қолтетік (1) арқылы босатылып, дайын бөлшек алынып, орнына келесі бөлшек жоғарыда айтылған операциялар ретін қайталау арқылы орнатылады.

Жобаланып отырған құрылғының бекіту элементі етіп призма таңдалды. Себебі призмамен цилиндр бетті бөлшекті бекіткенде төменде көрсетілгендей артықшылықтар береді:

- бекітілетін бөлшек бірден төрт жағынан бекітіледі;
- бөлшекті әрқашан белгіленген бір орында орналастыруды қамтамасыз етеді;
- бірден центрлеп бекітеді [1].

Тискінің қысқыш элементінің жетегі ретінде біржақты әсер ететін тәрелке пішінді диафрагмалық пневмокамера (2-сурет) таңдалды. Себебі диафрагмалық пневмокамераларды қолдану жұмысты орындау барысында көптеген артықшылықтарға ие [2].



1 – штуцер; 2, 3 – серіппе; 4 – диск; 5 – қорап; 6 – диафрагма; 7 – шпилька; 8 – шток.

Сурет 2. Біржақты әсер етуші тәрелке пішінді диафрагмалы пневмокамера сұлбасы

Пневможетекті қолданудың төмендегідей тиімділіктері бар [2]:

- құрылымы қарапайым;
- құрылғыдағы қысқыш құрылғыларды басқару қарапайым;
- камералар ықшамды және салмағы үлкен емес;
- пневмокамералардың диафрагмаларын ұзақ мерзімде қолданады;
- қолмен немесе гидрожетектермен бекітуге қарағанда жылдамдығы жоғары;
- бөлшекті қысу және босатуға кеткен уақытты төрт немесе сегіз есе азайтады, пневможетектің әрекет ету жылдамдығы 0,5-1,2 с;

- құрылғыдағы бөлшекті қысу күші тұрақты;
- бөлшекті қысу күшін реттеу мүмкіншілігі бар;
- адамды қол жұмысынан босатады;
- жұмыс өнімділігін арттырады.

Пневматикалық жетекті іске келтіретін энергия көзі – сығылған ауа. Пневмокамераларды пневмоцилиндрлермен салыстырғандағы артықшылықтары мынадай:

- конструкциясы қарапайым;
- пневмоцилиндрге қарағанда арзан;
- өңделетін бетте аз дәлдік пен тазалықты талап етеді.

Біржақты әсер ететін пневмокамерада ауаның шығып кету қаупі туындамайды [3].

Цилиндр бетті бөлшектерді бекітетін қысқыш құрылғыны есептеу. Дайындаманы құрылғы арқылы өндегенде әсер етуші күштер: ауырлық күші, көлемдік күштер, айналу моменті, центрден тебу күші, үйкеліс күші және бекіту күші.


Өңдеу кезінде дайындама бірыңғай тұрақты қалыпты, тепе-теңдікті сақтау керек. Күштерді есептеу мақсаты өңдеу кезінде дайындамаға әсер ететін күштерді анықтап, осы тұрақтылықты қамтамасыз ету және оларды тепе-теңдікке келтіру.

Дайындамалардың массасы мен өлшемдері үлкен болған жағдайда бекіту күшін есептеуде оның ауырлық күші ескеріледі [4].

Винттің қысу күшін есептеу. Қолмен басқарылатын винтті қысу құрылғылары дайындаманы бекітудің қарапайымдылығымен және сенімділігімен станок құрылғыларында кең қолданыс тапқан. Винтті қысу құрылғыларының кемшілігі: бөлшекті қысуға және босатуға қосымша уақыт кетеді; жұмысшылардың қол күшін қажет етеді.

Винтті қысу құрылғылары бөлшекті қолмен қысқанда пайдаланылады. Винтті қысу құрылғысымен құрылғыдарда бөлшектерді қысу жұмыстары винттің соңына орнатылған кілттің, тұтқаның, гайканың, гайка-бастиектердің көмегімен орындалады. Қысқыш винт пен гайка қаттылығы HRC 30-35 болатын 35, 45 маркалы болаттан және үшінші класты бұранда дәлдігімен жасалады [5].

3-суретте тұтқаға әсер ететін күш Q мен қысу күші W әсер ететін винтті қысу құрылғысының сұлбасы көрсетілген.



1 – қысу құрылғысының жазық беті; 2 – тұтқа

Сурет 3. Винтті қысу құрылғысының сұлбасы

Винтті қысқышпен бөлшекті қысқанда әсер ететін күш тұтқаның ұзындығына l , әсер етуші күш Q мөлшерінен, қысқыш беттің формасына, винттің бұрандасының түріне байланысты.

Гайканың бұралу моменті келесі формуламен анықталады:

$$M_1 = Q \cdot l, \quad (1)$$

мұндағы: $Q = 11 - 20$ кгс – жұмысшының бұрайтын кілтке немесе тұтқаға түсіріп отырған күші; l – винт өсі мен салынған күштің Q арасындағы қашықтық ($l \approx 14d$, мұндағы d – бұранданың сыртқы номиналды диаметрі, мм).

$$l = 14 \cdot d = 14 \cdot 24 = 336 \text{ мм}$$

Сонда

$$M_1 = 11 \cdot 336 = 3696 \text{ Н} \cdot \text{мм}$$

Бұрандалы қосылыстағы үйкеліс күшінің моменті төмендегі формуламен анықталады [5]:

$$M_2 = W \cdot r_{cp} \cdot \operatorname{tg}(\alpha + \varphi), \quad (2)$$

мұндағы: W – өстік күш; $r_{cp}=12$ – винт бұрандасының орташа радиусы, мм; $\alpha \approx 2^\circ 30' - 3^\circ 30'$ – бұранданың айналымының көтерілу бұрышы; винттің немесе болттың өздігінен тежелу шарты ($\alpha \leq 6^\circ 30'$):

$$\operatorname{tg}\alpha = \frac{S}{2\pi \times r_{cp}}, \quad (3)$$

мұндағы: φ – бұрандалы жұпта көрсетілген үйкелу бұрышы - $\varphi = 6^\circ 30'$; r – винттің соңындағы цилиндр бөлігінің радиусы, мм; $S=3$ – бұранда қадамы, мм [6].

Сонда

$$\operatorname{tg}\alpha = \frac{3}{2 \cdot 3,14 \cdot 12} = \frac{3}{75,36} = 0,039$$

$$\operatorname{tg}\varphi = \operatorname{tg} 6^\circ 30' = 0,11$$

Гайканың тірек бетіндегі үйкеліс күшінің моменті:

$$M_3 = W \cdot \frac{f}{3} \cdot \frac{D^3 - d^3}{D^2 - d^2}, \quad (4)$$

мұндағы: $f = 0,1-0,15$ – гайканың тірек бетіндегі үйкеліс коэффициенті; D – гайканың сақиналы бетінің сыртқы диаметрі; d – гайкадағы болтқа арналған тесігінің диаметрі; әдетте $D = 1,7d$ қабылданады [5].

Сонда

$$D = 1,7 \cdot d = 1,7 \cdot 24 = 40,8 \approx 41 \text{ мм}$$

Жүйенің тепе-теңдік шартынан

$$M_1 = M_2 + M_3, \quad (5)$$

(1), (2), (4) теңдіктерін (5) формуласына қойып келесі теңдеуді аламыз:

$$M_1 = Q \cdot l = W \cdot \left[r_{cp} \cdot \operatorname{tg}(\alpha + \varphi) + \frac{f}{3} \cdot \frac{D^3 - d^3}{D^2 - d^2} \right] \quad (6)$$

Осыдан қысу күші W анықталады:

$$W = \frac{Q \cdot l}{r_{cp} \cdot \operatorname{tg}(\alpha + \varphi) + \frac{f}{3} \cdot \frac{D^3 - d^3}{D^2 - d^2}}. \quad (7)$$

Сонда

$$W = \frac{11 \cdot 336}{12 \cdot (0,039 + 0,11) + \frac{0,1}{3} \cdot \frac{41^3 - 24^3}{41^2 - 24^2}} = \frac{3696}{1,79 + 0,03 \cdot 50} = \frac{3696}{2,69} = 1374 \text{ Н}$$

Винттің тұтқаны бекіткен жеріндегі, яғни әлсіз жеріндегі беріктікті де тексеру ұсынылады. Бұл бетте M_1 моментінің әсер етуімен айналуға күштер түседі [5]:

$$\tau = \frac{M_1}{W_p}. \quad (8)$$

Полярлы момент кедергісінің W_p мөлшерін келесі формуламен анықтауға болады:

$$W_p = \frac{\pi d^3}{16} \approx 0,2d^3, \quad (9)$$

мұндағы d – винт бұрандасының сыртқы номиналды диаметрі.

Сонда

$$W_p = \frac{\pi d^3}{16} = \frac{3,14 \cdot 24^3}{16} = \frac{43407}{16} = 2713 \text{ мм}^3$$

Осыдан

$$\tau = \frac{M_1}{W_p} = \frac{3696}{2713} = 1,36$$

Есептелген күш рұқсат етілген күштеумен салыстырылады. Олар анықтамадан алынады немесе жуық шамамен анықталады [5].


Келесі кезекте пневмо камераның қысу күшін есептейміз. Пневмокамераның жұмысын анықтайтын негізгі өлшемі ретінде штоктағы күш Q пен штоктың жұмысшы жүрісінің ұзындығын алады.

Пневмокамерада штокқа түсетін күш штоктың бастапқы орнынан соңғы орнына жылжуынан ауысып отырады. Пневмокамерадағы шток жүрісінің оптималды ұзындығы диафрагма диаметріне D , оның қалыңдығына h , материалына, диафрагманың тіреуіш дискілерінің формасы мен диаметріне d байланысты болады.

Егер пневмокамераның штогын жұмысшы жүрістің барлық ұзындығына дейін жылжитсақ, онда штоктың соңғы жүрісінде сығылған ауаның барлық энергиясы диафрагманың серпінді деформациясына шығарылады. Ал штоктағы пайдалы күш 0-ге дейін төмендейді. Сондықтан диафрагманы штоктың барлық жұмысшы жүрісіне емес, штоктың соңғы жүрісінде күштің шамасы штоктың бастапқы орнындағы күшінің 80-85% құрайтындай, тек қана бір бөлігінде қолданылады [5].

4-суретте штоктың бастапқы және соңғы қалпындағы жүрістерінің оптималды ұзындығы көрсетілген.

Диафрагмалы пневможетектерді дұрыс таңдау мен қолдану үшін олардың күштік (Q , Q_1 , p) және геометриялық (D , d) параметрлерінің арасындағы байланысты орнату керек.



Сурет 4. МЕСТ 2924-45 бойынша бельтинг матасынан жасалған тәрелке тәріздес резіңке-маталы диафрагма штогының бастапқы және соңғы қалпындағы жүрістерінің оптималды ұзындығы

Резіңкелік матадан жасалған біржақты әсер ететін тәрелке тәріздес немесе жазық диафрагмалы пневмокамера штогының жуықтап алынған Q күші:

Бастапқы орнында

$$Q = \frac{\pi \cdot (D + d)^2 \cdot p}{16} - Q_1, \quad (10)$$

мұндағы: $D=150$ мм= 15 см-диафрагманың ішкі диаметрі; $d= 88$ мм = $8,8$ см – тіреуіш шайбаның диаметрі; $p=4$ кгс/см²-ауаның қысымы.

P-25 – серіппенің кедергісі. 9-кесте [7] бойынша, МЕСТ 13772-68 сәйкес дайындалған, материалы Сталь 65Г6, сыртқы диаметрі 38 мм серіппе тандап алынып, сол кесте бойынша серіппе күші қабылданады: $q = 25$ кгс= 250 Н.

Сонда

$$Q = \frac{3,14 \cdot (15 + 8,8)^2 \cdot 4}{16} - 25 = \frac{7115}{16} - 25 = 444,7 - 25 = 419,7 \text{ кгс} = 4197 \text{ Н}$$

Шток $0,3D$ ұзындыққа жылжығанда:

$$Q = \frac{0,75\pi(D + d)^2 \cdot p}{16} - Q_1. \quad (11)$$

Сонда

$$Q = \frac{0,75 \cdot 3,14(15 + 8,8)^2 \cdot 4}{16} - 25 = \frac{5336}{16} - 25 = 308,5 \text{ кгс} = 3085 \text{ Н}$$

Диафрагмалы пневмокамераның штоксыз бөлігіне сығылған ауаны бергендегі штоктың Q күші:

$$Q = \frac{\pi \cdot d^2 \cdot p}{4} - Q_1. \quad (12)$$

Сонда

$$Q = \frac{3,14 \cdot 8,8^2 \cdot 4}{4} - 25 = \frac{973}{4} - 25 = 243 - 25 = 218 \text{ кгс} = 2180 \text{ Н}$$

Шток $0,22D$ ұзындыққа жылжығанда:

$$Q = \frac{0,9\pi \cdot d^2 \cdot p}{4} - Q_1. \quad (13)$$

Сонда

$$Q = \frac{0,9 \cdot 3,14 \cdot 8,8^2 \cdot 4}{4} - 25 = 219 - 25 = 194 \text{ кгс} = 1940 \text{ Н}$$

Біржақты әсер ететін пневмокамера штогының бастапқы орнынан соңғы орнына дейінгі оптималды ұзындығы [5]

$$L=(0,25-0,35)D; \quad (14)$$

Сонда

$$L = 0,25 \cdot D = 0,25 \cdot 15 = 37,5 \text{ мм}$$

$$L = 0,35 \cdot D = 0,35 \cdot 15 = 52,5 \text{ мм}$$

$$L_{opt} = \frac{L_1 + L_2}{2} = \frac{37,5 + 52,5}{2} = \frac{90}{2} = 45 \text{ мм}$$

$$L = 45 \text{ мм}$$

Тискінің қысу күшін есептеу үшін диафрагманың өстік күшін ПӘК-не көбейту қажет ($\eta=0,9$):

$$W = Q \cdot \eta = 3085 \cdot 0,9 = 2776,5 \approx 2778 \text{ Н}$$

Құрылғының негізгі көрсеткіштерін қабылдау. Пневмокамераның негізгі өлшемдері 1-кестеде көрсетілген. Құйылған қорабы және тәрелке пішіндес диафрагмасы бар біржақты әсер ететін пневмокамераның негізгі өлшемдері миллиметрмен өлшенеді.

Кесте 1

Пневмокамераның негізгі өлшемдері

Сыртқы диаметр, D_1		Ішкі диаметр, D		Тәрелкенің диаметрі, d	Штоктың ең үлкен қысымы, $кҒС$	Штоктың жүрісі, L	D_2	D_3	D_4	H	h	l	l_1	Ең кіші l_2
Қораптың	Диафрагманың	Қораптың	Диафрагманың											
200	198	150	148	88	325	35	125	100	4	94	10	35	35	45

Диафрагмалардың есептік диаметрлері D МЕСТ 9887–61 бойынша таңдалады. Диаметрлерді келесі қатардан таңдау керек: 125, 160, 200, 250, 320, 400 мм. Бұлар пневмокамералардың құрылысында ең көп қолданылатын түрлері [3].

Осы кестеден қораптың сыртқы диаметрі $D_1=200$ мм болатын диафрагмалық пневмокамера қабылданды.

Камераның қорабы мен қақпағы сұр шойыннан құйылып жасалады. Кейде аз көміртекті болаттан қалыптап жасалады. Сонымен қатар АЛ9В, АЛ10В алюминий қорытпаларынан және волокнит пластмассасынан да әзірленеді.

Тәрелке пішіндес диафрагмалар престеліп жасалады. Материалы – екі жағынан майға тұрақты резіңкемен жабылған, МЕСТ 2924–45 бойынша дайындалатын төрт қабатты бельтинг матасы. «Каучук» резіңке-техникалық зауытында өндіріледі [5].

Диафрагма қалыңдығының t оның диаметріне D тәуелділігі 2-кесте бойынша таңдалады.

Кесте 2

Диафрагма қалыңдығының t оның диаметріне D тәуелділік кестесі

Диафрагманың есептік диаметрі D , мм	90-160	200	250	320	400
Диафрагманың қалыңдығы t , мм	3-4	4-5	5-6	6-8	8-10

Диафрагма қалыңдығы $t=4$ мм деп қабылданады.

Дисктердің (тіреуіш шайбалардың) диаметрін d диафрагманың D және t шамаларының тәуелділігінен анықтау керек:

1) резіңке-маталық диафрагма үшін $d = 0,7D$;

2) резіңке диафрагма үшін $d = D - 2t - (2 \div 4)$ мм.

Диафрагманың диаметрлерінің d негізгі қатары үшін дисктің диаметрлері 3-кесте бойынша таңдалады.

Кесте 3

Дискінің ұсынылатын диаметрлері d

Диафрагма диаметрі D , мм		125	160	200	250	320	400
Дискінің диаметрі d , мм	Резіңке-маталық диафрагма үшін	88	115	140	175	225	280
	Резіңке диафрагма үшін	115	150	186	235	300	375

Диафрагма қалыңдығына байланысты бекіту элементтерінің негізгі көрсеткіштері төменде көрсетілген кестеден (4-кесте) таңдалды.

Кесте 4

Диафрагманың бекіту элементтерінің көрсеткіштері

Диафрагманың қалыңдығы	K	a_1	S	a_2	r_1	a_3	c	$r_1=t$
4	12	5	1,8	0,5	0,5	6	0,5	4

Винтті механизмге М24 бұрандасы 10-кестеден [6] қабылданды. Кесте бойынша винт қадамы $S=3$ мм, тұтқа ұзындығы $l=310$ мм, қажетті күш $Q=13,0$ кгс= 130 Н, қысу күші $W=230$ кгс= 2300 Н деп қабылданды.

Жұмыстың нәтижесінде құрылысы қарапайым, цилиндр бөлшекті бірден центрлеп бекітетін, жетегі пневмокамера болғандықтан бөлшекті бекітуге аз уақыт жұмсайтын, стандартты бөлшектерден жасалған, пневмо желі істен шыққан жағдайда қолмен бекітуге болатын қысқыш құрылғы жобаланған және негізгі параметрлерін есептеу әдістемесі көрсетілген. Бұл құрылғыды сериялы өндірістерде қолданған тиімді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Клепиков, В.С. Проектирование технологической оснастки [Текст]: учебное пособие / В.С. Клепиков. – М.: МГИУ, 2008. – 76 с.

2. Косов, Н.П. Технологическая оснастка: вопросы и ответы [Текст]: учебное пособие для вузов / Н.П. Косов, А.Н. Исаев, А.Г. Схиртладзе. – М.: Машиностроение, 2005. – 304 с.
3. Корцаков, В.Ц. Основы конструирования приспособлений [Текст]: учебник для вузов / В.Ц. Корцаков. – М.: Машиностроение, 1983. – 277 с.
4. Косов, Н.П. Станочные приспособления [Текст]: Справочное пособие / Н.П. Косов. – М.: Машиностроение, 1968. – 234 с.
5. Белозёров, В.А. Проектирование технологической оснастки [Текст]: Учебное пособие / В.А. Белозёров, Н.Н. Абрамова. – Тюмень: ТюмГНГУ, 2008. – 112 с.
6. Антонюк, В.Е. Справочник конструктора по расчету и проектированию станочных приспособлений [Текст] / В.Е. Антонюк, В.А. Королев, С.М. Башеев. – Минск: «Беларусь», 1969. – 392 с.

Материал редакцияга 25.02.17 түсті.

Р.К. Нусипали, А.Б. Танабекова

Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

САМОЦЕНТРИРУЮЩЕЕ УНИВЕРСАЛЬНОЕ СТАНОЧНОЕ ПРИСПОСОБЛЕНИЕ ДЛЯ ЗАКРЕПЛЕНИЯ ЦИЛИНДРИЧЕСКИХ ЗАГОТОВОК

В работе рассмотрено спроектированное самоцентрирующее зажимное устройство для закрепления заготовок круглого сечения, отличающееся простотой конструкции, не требующего усилий для закрепления заготовок в связи с наличием пневмопривода. Устройство сделано из стандартных деталей, при неполадке пневмопривода можно закрепить деталь вручную. Представлен метод вычисления основных параметров предложенного устройства.

Ключевые слова: станочное приспособление, закрепление заготовок, универсальное приспособление, закрепление цилиндрических заготовок.

R.K. Nusipali, A.B. Tanabekova

Taraz State University named after M.Kh.Dulati, Taraz, Kazakhstan

SELF-CENTERING UNIVERSAL MACHINE TOOLS TO ATTACH A CYLINDRICAL BILLETS

A self-centering clamping device for fastening round-billets is presented, which is characterized by simplicity of construction, which does not require any effort to secure the workpieces due to the presence of the pneumatic drive. The device is made of standard parts, in case of a malfunction of the pneumatic actuator it is possible to fix the part manually. A method for calculating the basic parameters of the proposed device is presented.

Keywords: machine tool accessories, fastening pieces, universal attachment, fastening cylindrical workpieces.

УДК 621.878.25

Т.С. Жүсіп¹, Ж.А. Дуйсебаев², Б.Л. Мельдебеков³

¹Канд. техн. наук, и.о. доцента, ²Старший преподаватель, ³Магистрант
Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан
Электронная почта: ¹Dzhusipov76@mail.ru

ВЛИЯНИЕ УСОВЕРШЕНСТВОВАННОГО РАБОЧЕГО ОРГАНА НА ЭФФЕКТИВНОСТЬ РАБОТЫ БУЛЬДОЗЕРА С ПОВОРОТНЫМ ОТВАЛОМ

Для улучшения курсовой устойчивости бульдозера с поворотным отвалом при больших углах установки отвала в плане применен дополнительный горизонтальный нож. Дополнительный нож смонтирован впереди отвала с поворотом в противоположном направлении углу установки отвала в плане.

Ключевые слова: бульдозер, поворотный отвал, дополнительный нож, угол установки, стенд, усилия.

Об эффективности применения дополнительного ножа, установленного впереди отвала бульдозера с поворотным отвалом и автогрейдера, приведены в работах [1-3], посвященных дальнейшему усовершенствованию конструкции рабочего оборудования землеройно-транспортных машин. Вместе с тем, отсутствуют исследовательские работы по определению рациональных параметров подобного дополнительного оборудования к бульдозерам. Поэтому данная работа направлена на исключение отмеченного пробела в области изучения рабочего процесса бульдозера с дополнительным ножом. В соответствии с этим в лабораторных условиях ТарГУ им. М.Х. Дулати проводились экспериментальные исследования на стенде для физического моделирования рабочих процессов землеройных машин. Техническая характеристика и описание стенда приведены в предыдущих работах [4] авторов статьи.

Для изучения рабочего процесса использовался эквивалентный грунт.

В результате анализа поисковых экспериментов и априорной информации определены уровни и интервалы варьирования факторов. В качестве выходных параметров установлены лобовое P_1 и боковое P_2 составляющие сопротивления копания грунта.

Методика экспериментальных исследований разработок грунта с физическими моделями отвала с дополнительным упорным ножом базировалась на принципах многофакторного анализа с использованием матриц рототабельного плана при четырех варьируемых факторах: угла установки отвала φ_o , угла установки дополнительного ножа φ_n , глубины резания h грунта и скорости резания V грунта.

Уровни факторов и интервалы варьирования приведены в таблице 1.

Перед проведением опытов производилась тарировка тензометрического элемента путем подвешивания к нему эталонных грузов. Перед началом опытов контролировалась влажность грунта.

Измерение составляющих сопротивления копания грунта (P_1 и P_2) осуществлялось с помощью тензометрической аппаратуры при

установившемся режиме копания грунта. На стенде также установлены датчики регистрации пройденного пути тележки.

Таблица 1

Уровни факторов и интервалы варьирования

Факторы	Уровни факторов					Интервалы варьирования
	-2	-1	0	+1	+2	
$X_1 (\varphi_o)$ угол установки отвала, град	21	27	33	39	45	6
$X_2(\varphi_n)$ угла установки дополнительного ножа, град	15	20	25	30	35	5
$X_3 (h)$ – глубина резания, мм	4	8	12	16	20	4
$X_4 (\vartheta)$ скорость резания, м/с	0,5	1,0	1,5	2,0	2,5	0,5

Одновременно наблюдалась картина процесса разработки грунта путем замеров, зарисовок и фотографирования.

Обработка экспериментальных данных позволила получить регрессионные модели, определяющие зависимость функций отклика от варьируемых факторов:

Для лобового усилия грунта копанию; Н

$$P_1 = 47,25 + 2,37x_2 - 2,38x_4 + 1,9x_1^2 + 6,36x_4^2 - 1,78x_{14} - 3,57x_{24} - 2,68x_{34}$$

Для бокового усилия грунта копанию; Н

$$P_2 = 8,5 + 0,66x_1 + 2,1x_1^2 + 1,85x_2^2 + 0,5x_{12}$$

Переход от кодированного вида к натуральным значениям переменных осуществляется по формуле:

$$X_i = X_i E + X_{oi}$$

где: X_i - натуральное значение фактора; X_i - кодированное значение фактора; E – кодированное значение интервала варьирования фактора; X_{oi} - кодированное значение фактора на нулевом уровне.

4. Жүйенің екі алғашқы және соңғы теңдеулерінен $R_2 = -9$ Ом екенін анықтаймыз. Кедергінің теріс таңбасы алынған нәтиженің дұрыс еместігін көрсетеді. Дұрыс нәтиже алу үшін R_2 резистордағы I_2 токтың бағытын өзгерту керек; сонда жүйенің соңғы теңдеуі келесі түрде жазылады: $U_{AB} = -I_2 r_2$ және $U_{AB} = -1.6R_2$. Көрсетілген теңдеулерді қайта шешсек, $R_2 = 6$ Ом болады.

5. Алғашқы төрт (немесе түзетілген бесінші теңдеуді ескере отырып, соңғы үш) теңдеулерден қалған токтарды табамыз:

$$I_3 = 4.2 \text{ A}, \quad I_1 = 2.6 \text{ A}.$$

Есепті шығару барысында пайда болған U_{AB} – тармақ ұштарындағы кернеудің алдындағы «теріс» таңбасы ешқандай қиындық туғызбайды. Бұл тек В нүктесіндегі потенциалдың А нүктесіндегі потенциалдан жоғары екенін білдіреді.

6. Тексеру: Түзетілген I_2 токты ескеріп А түйіні үшін $I_1 + I_2 = I_3$ теңдігінің орындалатынына көз жеткізуге болады.

3 – есеп. Параллель қосылған екі, ЭҚК – і $\varepsilon_1 = 12$ В, $\varepsilon_2 = 24$ В және ішкі кедергілері $r_1 = 1$ Ом, $r_2 = 2$ Ом ток көздері электродвигательмен қоректендіріледі (4 – сурет). Егер электродвигательдің орамының кедергісі $r_1 = 1$ Ом, ал олар тұтынатын ток күші $I = 3,6$ А болса, онда электродвигательдің механикалық қуаты мен ПӘК –і қандай болғаны.

Шешуі:

Электродвигательдің механикалық қуаты $P = I\varepsilon_i$ өрнегімен анықталады. Сондықтан алдымен оның индукциялық ЭҚК-ін табу керек.

1. В-дан А-ға қарай тармақтың оң бағытын таңдап аламыз.

2. Тармақтардағы токтардың бағытын көрсетеміз.

3. ЭҚК – н және токтардың таңбаларын таңдау ережесі бойынша (6) – жүйенің үш теңдеуін жазамыз:

$$\left\{ \begin{array}{l} \frac{U_{AB}}{r_3} = \frac{\varepsilon_1}{r_1} + \frac{\varepsilon_2}{r_2} + \frac{\varepsilon_i}{r} \\ \frac{1}{r_3} = \frac{1}{r_1} + \frac{1}{r_2} + \frac{1}{r} \\ U_{AB} = \varepsilon_i + Ir \end{array} \right. \quad \text{немесе} \quad \left\{ \begin{array}{l} \frac{U_{AB}}{r_3} = 24 + \varepsilon_i \\ r_3 = 0.4 \\ U_{AB} = \varepsilon_i + 3.6 \end{array} \right.$$

4. Жүйенің соңғы теңдеуінен: $\varepsilon_i = 10$ В. Ендеше, электродвигательдің механикалық қуаты $P = I\varepsilon_i = 36$ Вт және ПӘК – і

$$\eta = \frac{P_{\tau}}{P_{\text{жс}}} = \frac{I\varepsilon_i}{IU_{AB}} = \frac{\varepsilon_i}{\varepsilon_i + Ir} \approx 0.74$$

Жаттығулар:

1. Параллель қосылған екі, ЭҚК – і $\varepsilon_1 = 18$ В, $\varepsilon_2 = 12$ В және ішкі кедергілері $r_1 = 0.2$ Ом, $r_2 = 0.4$ Ом ток көздері зарядталу үшін, ішкі кедергісі $r = 0.2$ Ом аккумуляторға қосылған. Аккумулятордың клеммаларындағы кернеу 14,4 В. Аккумулятордың ЭҚК –ін және тұтынылатын токты анықтау керек. Зарядтық токты 7,5 А – ге дейін азайту үшін, аккумуляторға тізбектей жалғанатын реостаттың кедергісі қандай болу керек?

2. Электромотор параллель қосылған, ЭҚК-і $\varepsilon_1 = 24$ В, $\varepsilon_2 = 22$ В және ішкі кедергілері $r_1 = 0.5$ Ом, $r_2 = 1$ Ом ток көздерінен қоректенеді.

А. Мотордың білігі сыналған. Егер тұтынылатын ток 10 А болса, онда мотор орамының кедергісі қандай?

Б. Мотор қуаты 56 Вт болатындай механикалық жұмыс жасайды. Мотор тұтынатын токты және оның ПӘК –ін табыңыз. Алынған нәтижені түсіндіріңіз.

3. Параллель қосылған екі, ЭҚК – і $\varepsilon_1 = 3.6$ В, $\varepsilon_2 = 9$ В және ішкі кедергілері $r_1 = 0.2$ Ом, $r_2 = 0.5$ Ом ток көздеріне кілт арқылы кедергісі $R = 5$ Ом индуктивтілік катушкасы жалғанған. Кілтті тұйықтап қосады. Катушкадағы ток күші 0,3 А болған мезеттегі өздік ЭҚК-ін анықтау керек. Катушкада тұрақталған ток күші неге тең?

4. Параллель қосылған екі, ЭҚК – і $\varepsilon_1 = 120$ В, $\varepsilon_2 = 90$ В және ішкі кедергілері $r_1 = 2$ Ом, $r_2 = 1$ Ом ток көздеріне конденсатор жалғанған. Егер конденсатордың электр сыйымдылығы 0,2 мкФ болса, онда конденсатордың заряды неге тең?

5. Параллель қосылған екі, ЭҚК – і $\varepsilon_1 = 9$ В, $\varepsilon_2 = 6$ В және ішкі кедергілері $r_1 = 0.2$ Ом, $r_2 = 0.1$ Ом ток көздерінің бір қысқышына кілт арқылы, кедергісі өте аз және радиусы $R = 0.5$ м жартылай сақина қосылған. Екінші қысқыш жартылай сақинаның центрі арқылы өтетін оське жалғанған. Оське кедергісі $r = 0.6$ Ом және екінші ұшы жарты сақина бойымен үйкеліссіз сырғитын стержень орнатылған. Контур күш сызықтары жарты сақинаның жазықтығына перпендикуляр магнит өрісінде ораналасқан. Кілтті қосқанда стержень жарты сақина бойымен сырғи бастайды. Стерженнің айналмалы қозғалысының бұрыштық жылдамдығын тұрақты ұстап тұру үшін, оған $M = 0.09$ Н·м тежеуші күш моментімен әсер етеді. Егер стержень бойымен 9 А ток өтетін болса, онда стерженнің айналу жиілігі мен магнит өрісінің индукциясы неге тең?

6. Электролиттік ванна параллель қосылған, ЭҚК – і $\varepsilon_1 = 18$ В, $\varepsilon_2 = 15$ В және ішкі кедергілері $r_1 = 3$ Ом, $r_2 = 2$ Ом екі ток көздерімен қоректенеді. Егер судың электролизі кезінде әрбір 45 с – та 13 см^3 сутегі бөлінсе, онда поляризацияның ЭҚК – і мен ваннаның ПӘК – і, сонымен

бірге, химиялық реакцияны жасауға жұмсалған қуат неге тең? Ваннаның ішкі кедергісі 4 Ом; жағдайды қалыпты деп есептеу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. G. Eve, M. Peschard. Physique – 1CDT. - Paris: Maghfrd. – 1967. – 392 p.
2. G.Guinier, R. Guimbal. Physique, classe de premiere. - Paris: Chais – Desfosses.-1972.- 463 p.
3. H. Fraudet, F. Milsant. Cours deelectricite. - Paris: Editions eyrolles.-1966.- 375 p.

Материал редакцияға 28.03.17 түсті.

М.Т. Кейкиманова, Т.К. Касенова, А.К. Жантурина

Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

О РАСЧЕТЕ ЭЛЕКТРИЧЕСКИХ ЦЕПЕЙ ПАРАЛЛЕЛЬНО СОЕДИНЕННЫХ ИСТОЧНИКОВ ПИТАНИЯ

Предложен оригинальный метод расчета электрических цепей постоянного тока. Такая цепь содержит параллельное включение источников тока с различными ЭДС и внутренними сопротивлениями а также другие потребители тока, в которых электрическая энергия, помимо тепловой, преобразуется в другие виды энергии. Предложенный метод позволяет легко рассчитывать наиболее часто применяемые на практике электрические соединения. Приведены примеры расчета подобных электрических цепей. Даны задания для самоконтроля.

Ключевые слова: Источник тока, эдс, электрические цепи, внешние и внутренние сопротивления.

M. T. Keikimanova, T.K.Kasanova, A.K. Zhanturina

Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan

ON THE CALCULATION OF ELECTRIC CIRCUITS OF PARALLEL- CONNECTED CURRENT SOURCES

Original method of calculation of DC electric circuits with parallel connection of current power supplies with various electromotive forces and internal resistances as well as other current consumers has been proposed. Application of Ohm's Law in generalized form in the course of Physics permits easy calculation of DC circuit, containing not only active resistances but any other consumers of current, where electric power is transformed into thermal and other energy types (mechanic, chemical, energy of electromagnetic field and etc.). Tasks for self-control are provided. The offered method permits to calculate most frequently applied electrical connections. Examples of calculation of similar electric circuits have been provided.

Keywords: Current Source, electromotive force, electric circuit, internal and external resistance.

Математика

ӘОЖ 517.938

Н.А. Абиев¹, Ш.Т. Сейдалиева²¹Физ.-мат. ғылым. канд., доцент, ²Магистрант
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., ҚазақстанСИНГУЛЯРЛЫ АУЫТҚЫҒАН ТЕНДЕУЛЕР
БИФУРКАЦИЯЛАРЫНЫҢ КОМПЬЮТЕРЛІК
ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАНУЫ

Жұмыс Ван дер Поль осцилляторынан алынатын сингулярлы ауытқыған сызықсыз автономды дифференциалдық теңдеулер жүйесі шешімдерінің сапалық жүріс-тұрысын компьютерде интерпретациялау сұрақтарына арналған. Аталған система гиперболалық типтегі жалғыз ерекше нүктеге ие болады. Сонымен бірге, мұндай нүкте тек түйін немесе фокус болуы мүмкін. Жұмыс осындай белгілі нәтижелерді компьютерде растаудың мақсатын көздейді.

Түйін сөздер: сингулярлы ауытқыған жүйе, ерекше нүкте, бифуркация.

Кіріспе. $\vec{a} := (a_1, \dots, a_n) \in R^n$ параметрінен тәуелді

$$\frac{d\vec{x}(t)}{dt} = f(\vec{x}, \vec{a}), \quad (1)$$

дифференциалдық теңдеулер жүйесі берілсін, мұнда $\vec{x} := (x_1, \dots, x_n) \in R^n$. Сонда $f(\vec{x}^0, \vec{a}) = 0$ шартын қанағаттандыратын $\vec{x}^0 = \vec{x}^0(\vec{a})$ нүктесі (1) жүйесінің *ерекше нүктесі (singular point)* деп аталады [2,3]. $f(\vec{x}, \vec{a}) = 0$ шартын қамтамасыз ететін $\vec{x}^0 = \vec{x}^0(\vec{a})$ нүктелері \vec{a} векторы мәнінен тәуелді болатыны түсінікті. Анықтамаларға сай $\vec{x}^0 = \vec{x}^0(\vec{a})$ ерекше нүктесінің тибі \vec{a}^0 мәнінде шұғыл түрде өзгергенде $\vec{a} = \vec{a}^0$ мәні (1) жүйесінің *бифуркациялық мәні (bifurcation value)* деп аталады. Сонымен қатар, мұнда $\vec{x}^0 = \vec{x}^0(\vec{a})$ тәуелділігі үзіліссіз түрде болуы мүмкін. Мақалада Ван дер Поль теңдеуінен келіп шығатын мынадай сингулярлы ауытқыған жүйе қарастырылады [1]:

$$\frac{dx_1}{dt} = f = \alpha \left(x_1 + x_2 - \frac{x_1^3}{3} \right), \quad (2)$$

$$\frac{dx_2}{dt} = g = -\frac{x_1}{\alpha},$$

мұндағы α – нақты сандық параметр. Сонымен қатар, (2) жүйесінің α параметрінен тәуелді бифуркациялары зерттелінеді.

$$J = J(x_1^0, x_2^0) = \begin{pmatrix} f_{x_1} & f_{x_2} \\ g_{x_1} & g_{x_2} \end{pmatrix} \Big|_{(x_1, x_2) = (x_1^0, x_2^0)}$$
 матрицасы (2) жүйесінің

(x_1^0, x_2^0) нүктесіндегі *Якоби матрицасы (Jacobian matrix)* деп аталады. $J = J(x_1^0, x_2^0)$ матрицасы меншікті мәндерін келесі формула бойынша да есептеуге болады [3]:

$$\lambda_{1,2} = \frac{\rho \pm \sqrt{\sigma}}{2}, \quad (3)$$

мұндағы $\sigma := \rho^2 - 4\delta$, $\delta := \det(J)$ саны- J матрицасының анықтауышы, $\rho := \text{trace}(J)$ саны- J матрицасының ізі. (x_1^0, x_2^0) нүктесі (2) жүйесінің ерекше нүктесі болсын, яғни $f(x_1^0, x_2^0) = g(x_1^0, x_2^0) = 0$. Ерекше нүктелердің классификациясына қатысты белгілі териялық нәтижелерге тоқтала кетейік ([2] жұмысын қараңыз):

Нұқсанды болмаған (non degenerate) ерекше нүкте ($\lambda_1 \neq 0$, $\lambda_2 \neq 0$). Демек, $\delta = \lambda_1 \lambda_2 \neq 0$. Мұндай нүкте ершік (saddle), түйін (node), фокус (focus) немесе центр (center) болуы мүмкін. λ_1, λ_2 меншікті мәндерінің екеуінің де $\text{Re } \lambda_1, \text{Re } \lambda_2$ нақты бөліктері нөлге тең болмаса, онда (x_1^0, x_2^0) нүктесі (2) жүйесінің *гиперболалық (hyperbolic) ерекше нүктесі* деп те аталады.

Нұқсанды (degenerate) ерекше нүкте ($\delta = 0$):

А) Жартылай гиперболалық (semi-hyperbolic) ерекше нүкте ($\lambda_1 = 0$, $\lambda_2 \neq 0$). Демек, $J \neq 0$, $\rho = \lambda_1 + \lambda_2 \neq 0$, $\sigma > 0$. Мұндай нүкте ершік, түйін немесе ершік-түйін болады;

Б) Нильпотент (nilpotent) ерекше нүкте ($\lambda_1 = 0$, $\lambda_2 = 0$, $J \neq 0$). Демек, $\rho = 0$, $\sigma = 0$. Мұнда фазалық портреттердің 13 түрі кездеседі;

В) Сызықты нөлдік (linearly zero) ерекше нүкте ($J = 0$). Мұнда да, $\rho = 0$, $\sigma = 0$. Мұндайда, [4] жұмысында дәлелденгендей, фазалық портреттердің 65 түрі кездеседі.

Негізгі нәтижелер. Maple 17 аналитикалық есептеулер жүйесіне (2) дифференциалдық жүйесінің оң жақтарын енгіземіз:

$$\begin{aligned} > f := \alpha \cdot \left(x_1 + x_2 - \frac{x_1^3}{3} \right); g := -\frac{x_1}{\alpha}; \\ f := \alpha \left(x_1 + x_2 - \frac{1}{3} x_1^3 \right) \end{aligned}$$

$$g := -\frac{x_1}{\alpha}$$

Сонымен бірге, (2) жүйесі жалғыз ғана $(x_1^0, x_2^0) = (0, 0)$ ерекше нүктесіне ие болатынын оңай-ақ байқаймыз:

> solve({f, g}, {x₁, x₂});

$$\{x_1 = 0, x_2 = 0\}$$

Енді (2) жүйесінің Якоби матрицасын табатын болсақ:

>

$$j_{11} := \text{diff}(f, x_1); \quad j_{12} := \text{diff}(f, x_2); \quad j_{21} := \text{diff}(g, x_1); \quad j_{22} := \text{diff}(g, x_2);$$

$$j_{11} := \alpha(-x_1^2 + 1)$$

$$j_{12} := \alpha$$

$$j_{21} := -\frac{1}{\alpha}$$

$$j_{22} := 0$$

> J := Matrix([[j₁₁, j₁₂], [j₂₁, j₂₂]])

$$J := \begin{bmatrix} \alpha(-x_1^2 + 1) & \alpha \\ -\frac{1}{\alpha} & 0 \end{bmatrix}$$

яғни $J := J(x_1, x_2) = \begin{pmatrix} \alpha(1 - x_1^2) & \alpha \\ -\frac{1}{\alpha} & 0 \end{pmatrix}$.

Демек, $(x_1^0, x_2^0) = (0, 0)$ нүктесінде Якоби матрицасының меншікті мәндері

$$\lambda_1 = \frac{1}{2}\alpha + \frac{1}{2}\sqrt{\alpha^2 - 4},$$

$$\lambda_2 = \frac{1}{2}\alpha - \frac{1}{2}\sqrt{\alpha^2 - 4}$$

болатыны түсінікті:

> eig := Eigenvalues(subs(x₁ = 0, J))

$$\text{eig} := \begin{bmatrix} \frac{1}{2}\alpha + \frac{1}{2}\sqrt{\alpha^2 - 4} \\ \frac{1}{2}\alpha - \frac{1}{2}\sqrt{\alpha^2 - 4} \end{bmatrix}$$

$(x_1^0, x_2^0) = (0, 0)$ жағдайында $\delta = 1$, $\rho = \alpha$, $\sigma = \alpha^2 - 4$, себебі

>

$$\delta := \text{Determinant}(\text{subs}(x_1 = 0, J)); \rho := \text{Trace}(\text{subs}(x_1 = 0, J)); \sigma := \rho^2 - 4 \cdot \delta$$
 $\delta := 1$ $\rho := \alpha$ $\sigma := \alpha^2 - 4$

Сөйтіп, (2) жүйесінің $(x_1^0, x_2^0) = (0, 0)$ ерекше нүктесі α параметрінен тәуелсіз болып шықты. Алайда бұл нүктенің тибі α параметріне тәуелді болатынын көрсетеміз. Ол үшін (3) формулаларын талдап отырайық.

$\delta = 1 > 0$ болған себепті, $(x_1^0, x_2^0) = (0, 0)$ ерекше нүктесі ешқашан *еруік* бола алмайды [3]. Сонымен қатар, $\delta = 1 > 0$ шартынан ерекше нүкте тек гиперболалық типте ғана болуы мүмкін екенін алдын ала қорытындылай аламыз, яғни орын алуы мүмкін жағдайлар: *түйін*, *фокус* және *центр*. Енді осыларға толығырақ тоқталайық.

$\alpha = 0$ жағдайы. Мұндайда (2) жүйесі анықталмаған. *Центр* тибіндегі ерекше нүкте теорияға сай $\rho = 0$ кезінде алынуы тиіс еді. Алайда $\rho = \alpha$ болғандықтан, (2) жүйесінде центр болуы мүмкін емес.

$\alpha \neq 0$, $|\alpha| < 2$ жағдайы. $\sigma = \alpha^2 - 4 < 0$ шартынан меншікті мәндер комплекс сандар болатынын байқаймыз. Демек, [3] жұмысы нәтижелеріне сай $(x_1^0, x_2^0) = (0, 0)$ ерекше нүктесі *фокус* тибіндегі ерекше нүкте болады. Сонымен қатар, $\rho = \alpha$ болғандықтан, $\alpha < 0$ кезінде *фокус орнықты*, ал $\alpha > 0$ кезінде *орнықсыз* екені келіп шығады. Осы айтылғандарды $\alpha = \alpha_0 = -1$ кезіндегі 1,2-суреттерден байқауға болады. Графикалық терезені дайындаймыз:

$$> x_min := -1; x_max := 1; y_min := -1; y_max := 1;$$
 $x_min := -1$ $x_max := 1$ $y_min := -1$ $y_max := 1$

$(x_1^0, x_2^0) = (0, 0)$ ерекше нүктесін E_1 арқылы белгілеп алайық. E_1 нүктесін графикке шығаруға дайындаймыз:

>

$$\text{sing_point} := \text{plot}(\text{Vector}([0]), \text{Vector}([0]), \text{style} = \text{point}, \text{symbol} = \text{diamond}, \text{symbolsize} = 20, \text{legend} = [E_1], \text{color} = \text{blue});$$
 $\text{sing_point} := \text{PLOT}(\dots)$

$\alpha = \alpha_0 = -1$ кезінде (2) жүйесі мына түрге келеді:

 $> \alpha_0 := -1$ $\alpha_0 := -1$

>

$$\text{deq} := \frac{d}{dt}x_1(t) = \text{subs}(x_1 = x_1(t), x_2 = x_2(t), \text{subs}(\alpha = \alpha_0, f)), \frac{d}{dt}x_2(t) = \text{subs}(x_1 = x_1(t), x_2 = x_2(t), \text{subs}(\alpha = \alpha_0, g));$$

$$deq := \frac{d}{dt} x_1(t) = -x_1(t) - x_2(t) + \frac{1}{3} x_1(t)^3, \frac{d}{dt} x_2(t) = x_1(t)$$

Осылайша алынған жүйенің фазалық портретін графикке шығаруға дайындаймыз:

>


```
d_plot := DEplot([ deq ], [ x_1(t), x_2(t) ], t=-20..20, x_1=x_min..x_max, x_2=y_min..y_max, axes
=framed, linecolor=blue, numpoints=1500, color=magenta, scaling=constrained);
```

```
d_plot := PLOT(...)
```


Сонда

```
display(d_plot, sing_point, view = [ x_min..x_max, y_min..y_max ]):
```

командасы мониторға 1-суретті алып шығады:




Сурет 1. (2) жүйесінің $-2 < \alpha < 0$ кезіндегі фазалық портреті




Сурет 2. (2) жүйесінің $0 < \alpha < 2$ кезіндегі фазалық портреті

$|\alpha| \geq 2$ жағдайы. Мұндайда $\sigma = \alpha^2 - 4 \geq 0$ болғандықтан, $(x_1^0, x_2^0) = (0,0)$ түйін болады. Сонымен қатар, $\rho = \alpha$ болғандықтан, $\alpha < 0$ кезінде фокус орнықты, ал $\alpha > 0$ кезінде орнықсыз екені келіп шығады. Осы айтылғандарды 3,4-суреттерден байқауға болады.



Сурет 3. (2) жүйесінің $\alpha \leq -2$ кезіндегі фазалық портреті



Сурет 4. (2) жүйесінің $\alpha \geq 2$ кезіндегі фазалық портреті

$(x_1^0, x_2^0) = (0,0)$ ерекше нүктесі гиперболалық типте болғандықтан, осы нүктеде Хартман-Гробман теоремасы орын алады, яғни $(x_1^0, x_2^0) = (0,0)$ нүктесінің қандайда бір маңайында (2) жүйесінің траекторияларын сызықтандырылған

$$\frac{dx_1}{dt} = \alpha(x_1 + x_2),$$

$$\frac{dx_2}{dt} = -\frac{x_1}{\alpha}$$

жүйесінің траекторияларына көшіретін (бейнелейтін) гомеоморфизм табылады. (4) жүйесінің фазалық портретін графикке шығаруға дайындау келесі командалармен жүзеге асырылады:

> $\alpha_0 := -1$

$\alpha_0 := -1$

>


$leq := \frac{d}{dt}x_1(t) = \text{subs}(\alpha = \alpha_0, \alpha \cdot x_1(t) + \alpha \cdot x_2(t)), \frac{d}{dt}x_2(t) = \text{subs}(\alpha = \alpha_0, -\frac{1}{\alpha} \cdot x_1(t));$

$leq := \frac{d}{dt}x_1(t) = -x_1(t) - x_2(t), \frac{d}{dt}x_2(t) = x_1(t)$

>

$d_plot := DEplot([leq], [x_1(t), x_2(t)], t = -20 .. 20, x_1 = x_min .. x_max, x_2 = y_min .. y_max, axes = framed, linecolor = blue, numpoints = 1500, color = magenta, scaling = constrained);$

$d_plot := PLOT(...)$



Сурет 5. (4) жүйесінің $-2 < \alpha < 0$ кезіндегі фазалық портреті

Сонымен, $\alpha = 0$ және $\alpha = \pm 2$ мәндері (2) жүйесі үшін бифуркациялық мәндер болатыны айқын болды. Дәлірек айтсақ, (2) жүйесінің $(x_1^0, x_2^0) = (0,0)$ ерекше нүктесі $\alpha \leq -2$ кезінде орнықты түйін болады да, $-2 < \alpha < 0$ мәндерінде орнықты фокусқа айналады. Тура осылайша, $0 < \alpha < 2$ мәндерінде бұл нүктенің тибі орныксыз фокусқа өзгереді. $\alpha \geq 2$ мәндерінде $(x_1^0, x_2^0) = (0,0)$ нүктесі орныксыз түйінді береді. α мәндерінің

ешқайсысында (2) жүйесінде ершіктер мен центрлер болмайтынын да жоғарыда дәлелдедік.

Соңында $(x_1^0, x_2^0) = (0, 0)$ нүктесі аз маңайында (2) сызықсыз жүйесі мен оның сызықтандырылған (4) жүйесінің фазалық портреттері топологиялық тұрғыдан өз ара эквивалентті болатынын қорытындылаймыз. Мұны $-2 < \alpha < 0$ кезіндегі 1- және 5-суреттерін салыстыру арқылы да байқауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Berglund N. Perturbation Theory of Dynamical Systems. Switzerland, Zurich, 2001. Also available at: <https://arxiv.org/abs/math/0111178v1>.
2. Dumortier F., Llibre J., Artes J. Qualitative Theory of Planar Differential Systems. Universitext. Springer-Verlag, Berlin, 2006. 298p.
3. Perko L. Differential Equations and Dynamical Systems. Texts in Applied Mathematics, 7. Springer, New York, 2001. 555p.
4. Jiang Q., Llibre J. Qualitative classification of singular points // Qualitative Theory of Dynamical Systems. -2005. -V.6, -No.1. -P.87-167.

Материал редакцияға 03.04.17 түсті.

Н.А. Абиев, Ш.Т. Сейдалиева

Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

КОМПЬЮТЕРНАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ БИФУРКАЦИЙ СИНГУЛЯРНО ВОЗМУЩЕННЫХ УРАВНЕНИЙ

Работа посвящена вопросам компьютерной интерпретации качественного поведения решений системы сингулярно возмущенных нелинейных автономных дифференциальных уравнений, полученных из осциллятора Ван дер Поля. Такая система имеет единственную особую точку, которая является гиперболической. Более того, эта точка может быть только либо узлом, либо фокусом. Цель работы подтвердить такие известные результаты на компьютере.

Ключевые слова: сингулярно возмущенная система, особая точка, бифуркация.

N.A. Abiev, Sh.T. Seidaliyeva

Taraz State University named after M.Kh.Dulati, Taraz, Kazakhstan

COMPUTER INTERPRETATION OF BIFURCATIONS OF SINGULARLY PERTURBED EQUATIONS

The present work is devoted to the computer interpretation of qualitative behavior of solutions of a system of singularly perturbed nonlinear autonomous differential equations obtained from the Van der Pol oscillator. The system under consideration has a unique singular point which is of the hyperbolic type. Moreover, that point can be either nodes or foci only. The aim of the present work is to confirm these well-known results on computer.

Keywords: singularly perturbed system, singular point, bifurcation.

ЭОЖ 517.938

Н.А. Абиев¹, Ш.Т. Сейдалиева²¹Физ.-мат. ғылым. канд., доцент, ²Магистрант

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан

**СИНГУЛЯРЛЫ АУЫТҚЫҒАН ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ
ТЕҢДЕУЛЕРДЕГІ ШЕКАРАЛЫҚ ҚАБАТТЫҢ ҚАЛЫҢДЫҒЫН
КОМПЬЮТЕРДЕ БАҒАЛАУ**

Жұмыс жоғары туындылығы аз параметрлі дифференциалдық теңдеулердегі шекаралық қабаттың қалыңдығын компьютерде шамалау сұрақтарына арналған. Бірінші ретті модельдік теңдеудің асимптотикалық жіктеуін іске асыратын Maple программасы әзірленген. Осындай жіктеудің қалдығы бағаланған. Жұмыс Maple қаражаттарының артықшылығын демонстрациялау мақсатын көздейді.

Түйін сөздер: сингулярлы ауытқыған жүйе, асимптотикалық жіктеу.

Кіріспе. Мынадай екі теңдеу берілсін:

$$L_0 u = f_0, \quad (1)$$

$$L_0 u + \varepsilon L_1 u = f_0 + \varepsilon f_1, \quad (2)$$

мұнда L_0, L_1 - операторлар, f_0, f_1 - берілген функциялар, $\varepsilon > 0$ - аз шама, u - ізделінді функция, $x \in D \subseteq R^n$. Сонда $\varepsilon \rightarrow 0$ кезінде

$$\sup_D \|u_\varepsilon(x) - u_0(x)\| \rightarrow 0 \quad (3)$$

шарты орын алса, онда (2) есебі *регулярлы ауытқыған (regularly perturbed)* деп аталады [1,2]. Олай болмағанда бұл есеп *сингулярлы ауытқыған (singularly perturbed)* деп аталады. Демек, регулярлы ауытқыған жағдайда (2) есебінің u_ε шешімі (1) есебінің u шешіміне $\varepsilon \rightarrow 0$ кезінде D облысының әрбір нүктесінде жинақталады. Сондықтан, егер (2) есебі сингулярлы ауытқуға ұшыраған болса, онда u_ε шешімі u шешімінен D облысының қайсы бір бөлігінде алшақтайды.

Мақалада сингулярлы ауытқыған мынадай модельдік Коши есебі қарастырылады [1]:

$$\varepsilon \frac{du}{dx} = -u(x) + x, \quad 0 \leq x \leq 1, \quad (4)$$

$$u(0) = 1.$$

$\varepsilon = 0$ кезінде

$$0 = -u(x) + x, \quad 0 \leq x \leq 1 \quad (5)$$

есебі алынады. Соңғы есеп (4) есебіндегі бастапқы шартты қанағаттандырмайтыны анық.

Негізгі нәтижелер. Maple 17 аналитикалық есептеулер жүйесіне (4) есебін енгіземіз:

restart : with(DEtools) : with(plots) : with(plottools) :

> deq := ε · $\frac{d}{dx} u(x) = -u(x) + x$; init := u(0) = 1

deq := ε $\left(\frac{d}{dx} u(x) \right) = -u(x) + x$

init := u(0) = 1

Сонымен бірге, (4) есебі $u_\varepsilon(x) = -\varepsilon + x + e^{-x/\varepsilon} (1 + \varepsilon)$ шешіміне ие болады:

> $u_\varepsilon := rhs(dsolve(\{deq, init\}))$

$u_\varepsilon := -\varepsilon + x + e^{-\frac{x}{\varepsilon}} (1 + \varepsilon)$

Енді $d_\varepsilon(x) = u_\varepsilon(x) - u(x)$ айырымын табатын болсақ:

> $d := u_\varepsilon - x$;

$d := -\varepsilon + e^{-\frac{x}{\varepsilon}} (1 + \varepsilon)$

Бұдан

$$\sup_{x \in [0,1]} \|d_\varepsilon(x)\| = \sup_{x \in [0,1]} \|u_\varepsilon(x) - u_0(x)\| = \sup_{x \in [0,1]} \|(1 + \varepsilon)e^{-x/\varepsilon} - \varepsilon\| = 1$$

екені алынады, яғни (4) есебі сингулярлы ауытқыған. Осы айтылғандарды 1-суреттен көруге болады. Ол үшін графикалық терезені дайындаймыз:

> $x_min := 0$; $x_max := 1$; $y_min := 0$; $y_max := 1$;

$x_min := 0$

$x_max := 1$

$y_min := 0$

$y_max := 1$

Сонда келесі командалар бізге 1-суретті шығарады:

>

$d3 := plot\left(\text{subs}\left(\varepsilon = \frac{1}{2^3}, |d\right), x = 0..x_max, legend = ["\varepsilon=0.125"], color = red, numpoints = 1500, thickness = 2\right)$:


>

```
d4 := plot( subs( ε = 1/2^4, |d| ), x = 0 .. x_max, legend = ["ε=0.0625"], color = green, numpoints = 1500, thickness = 2 ):
```

>

```
d5 := plot( subs( ε = 1/2^5, |d| ), x = 0 .. x_max, legend = ["ε=0.03125"], color = blue, numpoints = 1500, thickness = 2 ):
```

```
> display( d3, d4, d5, view = [x_min .. x_max, y_min .. y_max] )
```



Сурет 1. ε параметрінің әртүрлі мәндеріндегі $|d_\varepsilon(x)|$ шамасының графиктері

Осыдан мынадай белгілі заңдылықты байқауға болады: x аргументінің бастапқы $x_0 = 0$ мәнінің аз маңайында $d_\varepsilon(x) = u_\varepsilon(x) - u(x)$ айырымы жеткілікті үлкен болады. Бұл $e^{-x/\varepsilon}$ шамасының $x \approx \varepsilon$ кезіндегі жүріс тұрысы мен түсіндіріледі: $\varepsilon \rightarrow 0$ кезінде

$$d_\varepsilon(x) = -\varepsilon + e^{-x/\varepsilon}(1 + \varepsilon)$$

шамасы нөлге ұмтылуына $x \approx 0$ мәндері кедергі болады. Басқаша айтқанда, қандайда бір $0 \leq x \leq \delta$ интервалында (4) есебінің u_ε шешімі (5) есебінің u шешіміне ε шамасының аз мәндерінде де жақын болмайды. Осындай $[0, \delta]$ интервалы шекаралық қабат (пограничный слой) деп аталады. Енді осындай шекаралық қабатты зерттеуге кірісейік.

Мынадай сұрақ қояйық: x аргументінің қандай мәндерінде $\sup_{x \in [0,1]} \|d_\varepsilon(x)\| = \sup_{x \in [0,1]} \|u_\varepsilon(x) - u_0(x)\|$ саны берілген $\Delta > 0$ санынан кем болмайды? Сонымен қатар, $\sup_{x \in [0,1]} \|d_\varepsilon(x)\|$ саны ε шамасынан қалайша тәуелді болатыны да бізді қызықтырады. $d_\varepsilon(x) = \Delta$ теңдеуінің шешімін δ арқылы белгілеп, мұны шешетін болсақ:

$$> \delta := \text{solve}(d - \Delta, x)$$

$$\delta := -\ln\left(\frac{\Delta + \varepsilon}{1 + \varepsilon}\right) \varepsilon$$

Δ санының мынадай мәнін таңдап алайық:

$$> \Delta_0 := 0.1$$

$$\Delta_0 := 0.1$$

ε шамасы үшін

$$> \varepsilon_0 := \frac{1}{2^3}$$

$$\varepsilon_0 := \frac{1}{8}$$

болсын. Сонда тиісті $\delta = \delta_0$ мәні мынаған тең болмақшы:

$$> \delta_0 := \text{evalf}(\text{subs}(\varepsilon = \varepsilon_0, \Delta = \Delta_0, \delta))$$

$$\delta_0 := 0.2011797390$$

Келесі командалар (5), (4) есептері шешімдері мен (4) есебі фазалық портретін графикалық редакторға шығаруға дайындайды:

>

$$\text{non_per} := \text{plot}(x, x = x_min .. x_max, \text{color} = \text{"Teal"}, \text{linestyle} = \text{solid}, \text{numpoints} = 1500, \text{thickness} = 1, \text{scaling} = \text{constrained})$$

>

$$\text{per} := \text{plot}(\text{subs}(\varepsilon = \varepsilon_0, u_\varepsilon), x = x_min .. x_max, \text{color} = \text{blue}, \text{linestyle} = \text{solid}, \text{numpoints} = 1500, \text{thickness} = 3, \text{legend} = [\text{"}\varepsilon=0.125\text{"}], \text{scaling} = \text{constrained})$$

>

$$d_plot := \text{DEplot}(\text{subs}(\varepsilon = \varepsilon_0, \text{deq}), u(x), x = x_min .. x_max, u = y_min .. y_max, [\text{init}], \text{linecolor} = \text{blue}, \text{numpoints} = 1500, \text{thickness} = 3, \text{scaling} = \text{constrained})$$

δ_0 мәніне сәйкес келетін $x = \delta_0$ түзуі:

>

```
x_vert := implicitplot([x -  $\delta_0$ ], x=x_min..x_max, y=y_min..subs(x= $\delta_0$ ,  $\epsilon = \epsilon_0$ ,  $u_\epsilon$ ), grid=[500, 500], linestyle=solid, color="SteelBlue")
```

$u = 0$ түзуін және (5), (4) есептері шешімдерінің графиктерін $x = \delta_0$ түзуі P, Q, R нүктелерінде қиып өтсін дейік. Сонда P, Q, R нүктелері былайша табылады:

>

```
P := plot(Vector([ $\delta_0$ ]), Vector([0]), style=point, symbol=asterisk, symbolsize=20, legend=["P"], color=blue)
```

>

```
Q := plot(Vector([ $\delta_0$ ]), Vector([ $\delta_0$ ]), style=point, symbol=diamond, symbolsize=20, legend=["Q"], color=blue)
```

>


```
R := plot(Vector([ $\delta_0$ ]), Vector([subs(x= $\delta_0$ ,  $\epsilon = \epsilon_0$ ,  $u_\epsilon$ )]), style=point, symbol=circle, symbolsize=20, legend=["R"], color=blue)
```

Соңында

>

```
display(non_per, per, d_plot, x_vert, P, Q, R, view=[x_min..x_max, y_min..y_max])
```


командасы мониторға 2-суретті алып шығады:

Сурет 2. (4) теңдеуінің $\epsilon = 0.125$ кезіндегі фазалық портреті


Демек, $\varepsilon = \frac{1}{2^3}$ кезінде $0 \leq x \leq \delta = 0.2011797390$ интервалында (шекаралық қабатында) (4) есебінің u_ε шешімі (5) есебінің u шешімінен алшақтығы $\Delta = 0.1$ санынан кем болмайды:

$$\sup_{x \in [0,1]} \|d_\varepsilon(x)\| \geq \Delta.$$

$\varepsilon = \frac{1}{2^4}$ және $\varepsilon = \frac{1}{2^5}$ кезінде алынған нәтижелер 3-ші және 4-суреттерде кескінделген.



Сурет 3. (4) теңдеуінің $\varepsilon = 0.0625$ кезіндегі фазалық портреті



Сурет 4. (4) теңдеуінің $\varepsilon = 0.03125$ кезіндегі фазалық портреті

Корыта келсек, $\varepsilon = \frac{1}{2^4}$ кезінде $\sup_{x \in [0,1]} \|d_\varepsilon(x)\| \geq \Delta$ шартымен анықталатын шекаралық қабат $\delta = 0.1173563687$ санымен, ал $\varepsilon = \frac{1}{2^5}$ кезінде $\delta = 0.06441946988$ санымен сипатталынады. Бұдан ε кеміген сайын шекаралық қабаттың қалыңдығы болатын $\delta = \delta(\varepsilon)$ санының да азаятынын байқауға болады. Осы айтылғандар $\Delta = \Delta_0 = const$ және $\varepsilon \rightarrow 0$ кезіндегі мынадай теориялық болжамды растайды:

$$\delta(\varepsilon) = -\varepsilon \ln\left(\frac{\Delta + \varepsilon}{1 + \varepsilon}\right) = -\ln(\Delta)\varepsilon + O(\varepsilon^2) \rightarrow 0.$$

Шынында да

> *series*($\delta, \varepsilon, 2$)

$$-\ln(\Delta)\varepsilon + O(\varepsilon^2)$$

Енді (4) есебі шешімін асимптотикалық қатарға жіктеу арқылы іздестіріп көрейік. Ол үшін

$$u(x, \varepsilon) = \sum_{n=0}^{\infty} \varepsilon^n u_n(x) \quad (6)$$

формальды қатарын (4) теңдеуіне апарып қоямыз да, теңдеудің екі жағындағы бірдей дәрежедегі ε^k сандарын коэффициент ретінде қамтыған мүшелерін теңдейміз:

$$G := \text{collect}\left(\varepsilon \cdot \frac{d}{dx} \left(u_0(x) + \varepsilon \cdot u_1(x) + \varepsilon^2 \cdot u_2(x) + \varepsilon^3 \cdot u_3(x) + \varepsilon^4 \cdot u_4(x)\right) + \frac{\left(u_0(x) + \varepsilon \cdot u_1(x) + \varepsilon^2 \cdot u_2(x) + \varepsilon^3 \cdot u_3(x) + \varepsilon^4 \cdot u_4(x)\right)}{1} - x, \varepsilon\right);$$

$$G := \left(\frac{d}{dx} u_4(x)\right) \varepsilon^5 + \left(\frac{d}{dx} u_3(x) + u_4(x)\right) \varepsilon^4 + \left(u_3(x) + \frac{d}{dx} u_2(x)\right) \varepsilon^3 + \left(u_2(x) + \frac{d}{dx} u_1(x)\right) \varepsilon^2 + \left(\frac{d}{dx} u_0(x) + u_1(x)\right) \varepsilon + u_0(x) - x$$

Осыдан

$$> u_0 := x$$

$$u_0 := x$$

$$> u_1 := -\frac{d}{dx} u_0$$

$$u_1 := -1$$

$$> u_2 := -\frac{d}{dx} u_1$$

$$u_2 := 0$$

Қалған мүшелердің нөлге тең екені айқын. Демек, асимптотикалық жіктеудің қалдық мүшесі $\xi(x, \varepsilon) = u_\varepsilon(x) - u(x, \varepsilon)$ табылады:

$$> \xi := u_\varepsilon - (u_0 + \varepsilon \cdot u_1 + \varepsilon^2 \cdot u_2);$$

$$\xi := e^{-\frac{x}{\varepsilon}} (1 + \varepsilon)$$

Келесі командалардың көмегімен $\varepsilon = \frac{1}{2^3}$, $\varepsilon = \frac{1}{2^4}$, $\varepsilon = \frac{1}{2^5}$


мәндеріндегі $\xi(x, \varepsilon)$ қалдық мүшесінің графиктері алынады (5-сурет):

```
>
as3 := plot(subs(ε = 1/2^3, ξ), x = 0 .. x_max, legend = ["ε=0.125"], color = red, numpoints
= 1500, thickness = 2):
```

```
>
as4 := plot(subs(ε = 1/2^4, ξ), x = 0 .. x_max, legend = ["ε=0.0625"], color = green, numpoints
= 1500, thickness = 2):
```

```
>
as5 := plot(subs(ε = 1/2^5, ξ), x = 0 .. x_max, legend = ["ε=0.03125"], color = blue, numpoints
= 1500, thickness = 2):
```

```
> display(as3, as4, as5, view = [x_min .. x_max, y_min .. y_max])
```



Сурет 5. (4) теңдеуі шешімінің (6) асимптотикалық жіктеуінің $\xi(x, \varepsilon)$ қалдық мүшесі

$\xi(x, \varepsilon) = e^{-x/\varepsilon} (1 + \varepsilon)$ функциясы $x > \delta$ және $\varepsilon \rightarrow 0$ кезінде нөлге x бойынша бір қалыпты ұмтылатыны айқын. Алайда $0 \leq x \leq \delta$ шекаралық кабатында $\varepsilon \rightarrow 0$ кезінде $\xi(x, \varepsilon) \rightarrow 0$ ұмтылуы орын алмайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Berglund N. Perturbation Theory of Dynamical Systems. Switzerland, Zurich, 2001. Also available at: <https://arxiv.org/abs/math/0111178v1>.
2. Васильева, А.Б. Асимптотические методы в теории сингулярных возмущений [Текст] / А.Б. Васильева, В.Ф. Бутузов. – М.: Высшая школа, 1990. – 208 с.

Материал редакцияға 03.04.17 түсті.

Н.А. Абиев, Ш.Т. Сейдалиева

Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

КОМПЬЮТЕРНАЯ ОЦЕНКА ТОЛЩИНЫ ПОГРАНИЧНОГО СЛОЯ В СИНГУЛЯРНО ВОЗМУЩЕННЫХ ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНЫХ УРАВНЕНИЯХ

Работа посвящена компьютерной оценке толщины пограничного слоя в дифференциальных уравнениях с малым параметром при старших производных. Была разработана Maple программа осуществления асимптотического разложения для модельного уравнения первого порядка. Получена оценка остаточного члена такого разложения. Целью работы является демонстрация преимуществ инструментария Maple.

Ключевые слова: сингулярно возмущенное уравнение, асимптотическое разложение, пограничный слой.

N.A. Abiev, Sh.T. Seidaliyeva

Taraz State University named after M.Kh.Dulati, Taraz, Kazakhstan

COMPUTER ESTIMATIONS OF THICKNESS OF BOUNDARY LAYER IN SINGULARLY PERTURBED DIFFERENTIAL EQUATIONS

The present work is devoted to the computer estimation of thickness of boundary layer in differential equations with a small parameter at high derivatives. Maple program for asymptotic expansion was prepared for a model equation of first order. An estimation of a residual term of such expansion was obtained. The aim of the present work is to demonstrate advantages of Maple tools.

Keywords: singularly perturbed equation, asymptotic expansion, boundary layer.

УДК 514.763.85

Е.Н. Баяндиев¹, Д.А. Мекемова²¹Преподаватель, ²Студент

Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

**РЕШЕНИЕ СИСТЕМ ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНЫХ УРАВНЕНИЙ И
ПОСТРОЕНИЕ ФАЗОВЫХ ПОРТРЕТ НА MAPLE**

В работе рассматриваются решение систем дифференциальных уравнений и построение фазовых портрет на MAPLE.

Ключевые слова: система, параметры, дифференциальное уравнение, фазовая траектория, фазовый портрет, диапазон изменения независимой переменной.

Дифференциальное уравнение – это уравнение, в которое входит неизвестная функция под знаком производной или дифференциала.

Если неизвестная функция является функцией одной переменной, то дифференциальное уравнение называют обыкновенным (сокращенно ОДУ – обыкновенное дифференциальное уравнение). Если же неизвестная функция есть функция многих переменных, то дифференциальное уравнение называют уравнением в частных производных.

Максимальный порядок производной неизвестной функции, входящей в дифференциальное уравнение, называется порядком дифференциального уравнения [1].

Решением системы дифференциальных уравнений называется совокупность функций $y_1(x), y_2(x), \dots, y_n(x)$, удовлетворяющих каждому уравнению этой системы. Частным решением СДУ называется решение, удовлетворяющее заданным начальным условиям: $y_1(x_0) = y_{10}, y_2(x_0) = y_{20}, \dots, y_n(x_0) = y_{n0}$, где $y_{10}, y_{20}, \dots, y_{n0}$ – заданные постоянные числа.

Одно дифференциальное уравнение n -го порядка, разрешённое относительно старшей производной: $y^{(n)} = f(x, y, y', y'', \dots, y^{(n-1)})$ всегда можно свести к нормальной системе дифференциальных уравнений. Нормальную систему дифференциальных уравнений можно привести методом исключения неизвестных к одному уравнению, порядок которого меньше или равен числу уравнений нормальной системы дифференциальных уравнений [2].

Задаем значения параметров системы.

> $\alpha := 0.1$:

> $\beta := 0.05$:

> $\xi := 0.03$:

> $\delta := 0.2$:

> $\epsilon := 0.15$:

Задаем первое дифференциальное уравнение

> $\text{first} := \text{diff}(x(t), t) = x(t) * (\alpha - \beta * y(t) - \xi(x) * x(t));$

$$\text{first} = \frac{\partial}{\partial t} x(t) = x(t)(0.1 - 0.5y(t) - 0.3x(t)) \quad (1)$$

и второе дифференциальное уравнение

$$> \text{second} := \text{diff}(y(t), t) = -y(t) * (\text{delta} - \text{epsilon} * x(t));$$

$$\text{second} := \frac{\partial}{\partial t} y(t) = -y(t)(0.2 - 0.15x(t)) \quad (2)$$

$$> \text{deqns} := [\text{first}, \text{second}];$$

Задаем список функций

$$> \text{vars} := [x(t), y(t)];$$

Задаем начальные условия. Мы планируем нарисовать две фазовые траектории, поэтому создаем список из двух условий.

$$> \text{inits} := [[x(0) = 3.7, y(0) = 0.01],$$

$$[x(0) = 2, y(0) = 0.01]]];$$

Задаем диапазон изменения независимой переменной

$$> \text{trange} := t = 0..164;$$

Задаем опции для графика: linecolor задает цвета линий, color - цвет стрелок, arrows определяет вид стрелок, stepsize - шаг

>

$$\text{optns} := \text{linecolor} = [\text{red}, \text{blue}], \text{color} = \text{black}, \text{arrows} = \text{'MEDIUM'}, \text{stepsize} = .5;$$

Функция phaseportrait рисует фазовый портрет автономной системы дифференциальных уравнений первого порядка (рис.). Параметры: первый параметр (deqns) задает систему дифференциальных уравнений, второй (vars) - список переменных, третий (trange) - диапазон изменения независимой переменной (в данном случае - времени t), четвертый (inits) параметр определяет начальные значения величин x и y, пятый (optns) - необязательный список опций для построения фазового портрета.

$$> \text{phaseportrait}(\text{deqns}, \text{vars}, \text{trange}, \text{inits}, \text{optns});$$




Рисунок. Фазовый портрет автономной системы дифференциальных уравнений первого порядка

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Ракитин, В.И. Практическое руководство по методам вычислений с применением программ [Текст] / В.И.Ракитин, В.Е.Первушин. – М.: Высшая школа, 1998.
2. Агафонов, С.А. Дифференциальные уравнения [Текст] / С.А. Агафонов, А.Д. Герман, Т.В. Муратова. – М.: МГТУ им. Н.Э. Баумана, 2004.

Материал поступил в редакцию 09.01.17.

Е.Н. Баяндиев, Д.А. Мекемова

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан

**ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕНДЕУЛЕР ЖҮЙЕСІН ШЕШУ ЖӘНЕ
MAPLE-да ФАЗАЛЫҚ ПОРТРЕТТЕР ҚҰРАУ**

Бұл жұмыста MAPLE аналитикалық жүйесінде дифференциалдық тендеулер жүйесінің шешімі мен фазалық траекториялары қарастырылады.

Түйін сөздер: жүйе, параметрлер, дифференциалдық тендеулер, фазалық траектория, фазалық портрет, тәуелсіз айнымалы диапазон.

E.N. Baiandyev, D.A. Mekemova

Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan

SOLVING SYSTEMS OF DIFFERENTIAL EQUATIONS ON MAPLE

In this work the differential equations are considered in MAPLE, that is ratios between unknown function, her derivatives and independent variables.

Keywords: system, parameters, differential equalization, a phase trajectory, is a phase portrait, turn-down of independent variable.

Информационные технологии

ӘОЖ 681.3

И.Б. Шедреева¹, К. Тлепберды², Б. Жолдыбай³

¹Оқытушы, магистр, ²Студент, ³Студент

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қаласы, Қазақстан
Электрондық пошта: indisher@mail.ru

GSM ЖҮЙЕСІН EDGE ТЕХНОЛОГИЯСЫНА ҚАРАСТЫ ЖЕТІЛДІРУ

Бұл мақалада GSM желісінде Интернет қызметін енгізу үшін GPRS (радиокызметтің ортақ дестелі таратуы) дестелі мәліметтерді тарату технологиясы қарастырылған. GSM-дегі ұялы/жиілікті жобалауда мәліметтердің көлемін үш есе үлкеюін қамтамасыз етеді. EDGE/GSM физикалық параметрлері салыстырылған.

Түйін сөздер: GSM желісі, EDGE технологиясы, мультимедиялық қосымшалар, радио-интерфейс, QOS кешені, модуляция, UMTS желісі.

GSM желісіндегі Интернет қызметін енгізу үшін өткізу жолағын бөлуі GPRS (радиокызметтің ортақ дестелі таратуы) дестелі мәліметтерді тарату технологиясы қолданылады. Нақты уақыт режимінде мәліметтерді таратуға бағытталған, қосымша, одан кең өткізу жолағын және қызмет көрсету сапасы (QOS) жоғары болғандығын талап етеді, қазір сол сапаны GPRS стандарты қамтамасыз ете алмайды. GPRS-тен EGPRS-ке ақырындап өту осы ахуалды шешуге көмектеседі. EGPRS стандарты жоғарғы қызмет көрсету сапасын және бір абонентке кең өткізу жолағын қамтамасыз етеді. EDGE технологиясы сегізпозициялы фазалық манипуляциясында (8PSK) негізделген, ол радио-интерфейс үшін жаңа шешім көрсетеді. EDGE технологиясы GSM желісінің операторларының алдында ұялы мәліметтерді тарату және мультимедиялық қызметті қамтамасыз етуі жағынан эволюциялық даму мүмкіндігін ашады, GSM-дегі бар жиілік аймағында ұялы/жиілікті жобалауда ешбір үлкен өзгеріссіз таратылып жатқан мәліметтердің көлемін үш есе үлкеюін қамтамасыз етеді. Сонымен, желінің UMTS стандартын іске асыруға лицензиясы жоқ операторларға, EDGE альтернативті шешім болып табылады. UMTS желісін дамытамын деген операторлар, қосымша EDGE технологиясын енгізе алады. Осындай желі «эстафетті таратудың»/ GSM/EDGE және UMTS желілерінің арасында қатынасты қамтамасыздандыру кезіндегі ұяны қайта таңдаудың функционалдық мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді. АҚШ-та DAMPS (ұялы телефондық байланыстың жетілдірілген есептік жүйесі) желісінің операторлары үшінші ұрпақтың желісін құрастыру үшін EDGE технологиясын қолдады [1].

EDGE технологиясы соңғы қолданушы үшін қызмет көрсету сапасын (QOS) көп есе жоғарлатады:

- жаңа мультимедиялық ұсыныстар ұялы мәліметтерді тарату қызметін қолданушылар үшін тартымды жасайды;

- QOS комплексті сипаттамаларын енгізу үшін байланыс арналарының тез рұқсатына және жоғарғы өтімділік қасиетіне кепілді;

- қайталап таралудың автоматты сұранысының кең таралған үлкен сұлбаларын қолдану (ARQ) (байланыс арнасының шартына байланысты мәліметтерді тарату жылдамдығының адаптациясы, жоғарлайтын кемшілік);

- EDGE технологиясы тораптың жалпы көлемін жоғарылатады.

EDGE технологиясы ұялы мультимедиялық қосымшалардың арасында кең қолданыс табатын, инвестицияның мүмкін болатын қорғау дәрежесін максималды қамтамасыз етеді, оған себепті:

- жаңа тораптық элементтерді орнату қажеттігінің болмауы;

- GSM/EDGE (интервал бойынша) торапының екілік режим жұмысының арқасында инвестициялық тәуекелдің төмендеуі;

- эволюциондық дамудың мүмкіндігі, ұйғарылатыны

- GPRS стандартының қызметтерін де сүйемелдейді, бірақ мәліметтерді тарату жылдамдығы 473,6 кбит/сек-ке дейін жоғары;

- GSM стандарты үшін қолданатын жиілікті спектр, өткізу жолағының, протоколдың, тасымалдаушының құрылымының кеңдігі және ұялық жобалау процесі;

- UMTS тораптарын енгізу бағытында тағы бір қадам – қызмет көрсетіп жатқан тораптардың эволюциясын қамтамасыз етеді;

- GERAN торабы арқылы үшінші ұрпақты торапқа көпір болады;

- өзінде өсу потенциалы бар, жаңа бизнес мүмкіндіктерін ашу;

- өткізу жолағының кеңдігіне қатысты шығғындардың тиімді қатынастары;

- дестелі мәліметтерді тарату торапына тура рұқсат (мысалы, Интернет);

- енгізу трафик көлемі бойынша тарификация моделі, абоненттердің «торапқа тұрақты қосылып тұратынына» мүмкіндік береді;

- екі нүкте арасында үнемі көп емес көлемде мәліметтері үшін оптималды тарату ортасын қамтамасыз ету немесе берілген географиялық райондағы «нүкте-көпнүкте» сұлбасы бойынша мәліметтермен айырбас [2].

GSM классикалық технологиясынан EDGE технологиясына көшу кезіндегі негізгі эволюциондық өзгеріс жаңа модуляция және кодтау әдістерін қолданады, ол радио-интерфейстың мүмкіндіктерін едәуір жоғарлатады. Сонымен, GSM радиоинтерфейсының аса маңызды қасиеттерін бір уақытта сақтаған кезінде, EDGE технологиясын аса жоғары мәліметтерді тарату жылдамдығының жолында эволюциондық қадам, мысалы, арна жиілік жолағының кеңдігі 200 кГц және десте құрылымы (биттік кезектігі). Классикалық GSM жүйесінде тек ғана минималды жиілікті жылжулы гаусстық манипуляция (GMSK) қолданылады, ол радиоинтерфейстағы бір уақыттық интервалға (TS) таратудың максималды жылдамдығын 22.8 кбит/с қамтамасыз етеді. Осыған қарама қарсы EDGE технологиясы екі модуляция әдісін қолданады: радиотаралудың жағымсыз шарттары кезінде төменгі жылдамдықты мәліметтерді тарату үшін бөгеуілге тұрақты гаусстық модуляцияны және радиобайланыстың жақсы шарттары кезінде радиоинтерфейстегі бір уақыттық интервалға 59,2 кбит/с битті едәуір жоғарлатылған таралу жылдамдықты мәліметтерді тарату үшін жаңа модуляция әдісін, сегізпозициялы фазалық манипуляцияны (8PSK)

қолданады. 1-кестеде EDGE/GSM физикалық параметрлерін салыстыру көрсетілген [3].


Екі модуляция әдістерінің айырмашылығы негізінен бір символға берілетін бит санынан тұрады. GMSK модуляция кезінде бір символға бір бит беріледі (1-сурет), ал 8PSK модуляция кезінде бір символға үш бит беріледі (2-сурет) [4].

Кесте 1


EDGE/GSM физикалық параметрлерін салыстыру

Параметрлері	EDGE	GSM
Модуляция	8-PSK 3 бит\сим	GMSK 1 бит\сим
Символдық жылдамдық	270.833 kspss	270.833 kspss
Тестегі пайдалы жүктеме	348 бит	114 бит
Уақыттық интервалдағы қосылған жылдамдық	592 кбит\с	228 кбит\с

Осымен, сол бір 200 кГц жиіліктік жолақта (уақыттық интервалдағы GSM жолақ кеңдігі) радиосигналдың таралу шарттары жақсы болған кезінде биттердің таралу жылдамдығы үш есе жоғары болады. Сонымен бірге, EDGE жүйесіндегі байланыс арнасындағы адаптация механизімінде GMSK модуляциясына көшу мүмкіндігі енгізілген [5].



Сурет 1. Минималды жиіліктік жылжытулы (GMSK) Гаусстық манипуляция, символға бір бит



Сурет 2. Сегізфазажиілікті жылжытулы манипуляция (8PSK), символға үш бит

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Авдеева, Л.В. Внедрение в России систем радиотелефонной связи GSM: история и проблемы [Текст] / Л.В. Авдеева // Мобильные системы. Спецвыпуск по стандарту GSM. – М., 1998. – 34 с.
2. [?] Беспроводный доступ абонентских линий [Текст]: Справочник по подвижной наземной связи. Том 1. – М., 1997. - 346 с.
3. Варакин, Л.Е. Теория систем сигналов [Текст] / Л.Е. Варакин. – М., 1978. – 304 с.
4. Варакин, Л.Е. Системы связи с шумоподобными сигналами [Текст] / Л.Е. Варакин. – М., 1985. – 384 с.
5. Громаков, Ю.А. Цифровые сотовые системы подвижной радиосвязи с кодовым разделением каналов [Текст] / Ю.А. Громаков. – М., 1996. – 49 с.

Материал редакцияға 24.01.17 түсті.

И.Б. Шедреева, К. Тлепберды, Б. Жолдыбай

Таразский государственный университет им.М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

МОДЕРНИЗАЦИЯ GSM СИСТЕМ В EDGE ТЕХНОЛОГИИ

В статье используется GPRS (технология пакетной передачи данных по радиоканалу) технология. Для высокоскоростной передачи данных посредством GSM сетей была разработана эта технология. была внедряет Интернет услуги. EDGE/GSM это цифровая технология беспроводной передачи для мобильной связи, которая функционирует как надстройка 2G. Обеспечивает более высокую пропускную способность для передачи и приема данных.

Ключевые слова: GSM сети, EDGE технология, мультимедийные приложения, радио-интерфейс, QOS комплекс, модуляция, UMTS сети.

I.B. Shedreyeva, K. Tlepberdi, B. Zholdybay

Taraz State University named after M.Kh.Dulati, Taraz, Kazakhstan

MODERNISATION OF GSM OF SYSTEMS IS IN EDGE OF TECHNOLOGY

In this article GPRS (technology of batch communication of data on a radio channel) is used technology. For kilostream service by means of GSM of networks was worked out it is technology. it was inculcates the Internet of service. EDGE/GSM it is digital technology of off-wire transmission for mobile communication that functions as building on 2g. Provides a higher carrying capacity for a transmission and reception of data.

Keywords: GSM of network, EDGE technology, multimedia applications, radio-interface, QOS complex, modulation, UMTS of network.

ӘОЖ 681.3


И.Б. Шедреева¹, К. Тлепберды², Б. Жолдыбай³¹Оқытушы, магистр, ²Студент, ³СтудентМ.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қаласы, Қазақстан
Электрондық пошта: indisher@mail.ru**EGPRS ЖӘНЕ EDGE РАДИО-ИНТЕРФЕЙСТЫҢ СИПАТТАМАЛАРЫ**

Бұл мақалада EGPRS жүйесі туралы айтылған. Демек, GPRS жүйесіне қарағанда мәліметтерді тарату жылдамдығы едәуір жоғары, сондықтан EGPRS абоненттерге ұялы Интернетке ыңғайлы рұқсатты қамтамасыз етеді. Егер GPRS радиоинтерфейстегі бір уақыттық интервалға максималды мәліметтерді тарату жылдамдығы 21.4 кбит/с болса, онда EGPRS бөлінген радио-слотқа максималды мәліметтерді тарату жылдамдығы 59.2 кбит/с құрайды.

Түйін сөздер: LTE – кейінгі ұрпақ технологиясы, GSM – мобилді байланыстың цифрлық стандарты, GPRS – мәліметтерді жіберудің пакеттік қызметі.


EGPRS GPRS жүйесіне қарағанда мәліметтерді тарату жылдамдығы едәуір жоғары, сондықтан EGPRS абоненттерге ұялы Интернетке ыңғайлы рұқсатты қамтамасыз етеді. Егер GPRS радиоинтерфейстегі бір уақыттық интервалға максималды мәліметтерді тарату жылдамдығы 21.4 кбит/с (CS4) болса, онда EGPRS бөлінген радио-слотқа (MCS9) максималды мәліметтерді тарату жылдамдығы 59.2 кбит/с. EDGE технологиясы Интернет торапындағы іздену немесе электрондық почта сияқты, GPRS қызметтерінің кеңеюін қамтамасыз етпей ғана, басқа да қызметтерге жол ашады, мысалы, ұялы видеоконференц-байланыс немесе MP3 форматты әуенді файлдарды тиеу. 1.3 суретте көрсетілгендей, мәліметтерді тарату арнаның мүмкіндіктері едәуір дәрежеде радио-интерфейс сапасына тәуелді. EGPRS үшін пиктік мәліметтерді тарату жылдамдығы едәуір мөлшерде қоршаған шарттарына және қолданушының орналасу жылдамдығына тәуелді [1].

Төменде диаграммада жақсы радио шарттары кезіндегі мәліметтерді тарату жылдамдықтары бойынша EGPRS-тің GPRS-ке қарағанда сапалық ерекшеліктері 1 суретте көрсетілген:



Сурет 1. Әртүрлі радио шарттарындағы 8PSK және GMSK жұмыс параметрлерін салыстыру

EDGE технологиясын абонентке EGPRS, ECSD, (HS)CSD, GPRS және дауыстық байланыс GSM (толық жылдамдықты FR, жарты жылдамдықты HR, және AMR адаптивті көпжылдамдықты режимі) сияқты қызметтермен қолдануды қамтамасыз етеді. Берілген технология бір уақыттық интервалдағы (слоттағы) әртүрлі модуляция әдістерімен қызметтерді тығыздау мүмкіндігін береді. GSM стандартындағы қызмет істеп жатқан базалық станцияларға EDGE технологиясын енгізу үшін, минимум , тасымалдаушы блогын EDGE (ECU) деп аталатын тасымалдаушы блогына ауыстырамыз. ECU блогын қосу EDGE (EGPRS, ECSD) және EDGE-емес (мысалы, GSM дауыс байланысы, AMR адаптивті көпжылдамдықты таралу режимі, HSCSD, GPRS дестелі мәліметтерді тарату) сол бір тасымалдаушыда уақыттық интервалдарын біріктіріп (2 сурет) әртүрлі комбинацияларын қолдануға болады. EDGE және EDGE-емес интервалдары, яғни EGPRS және GPRS дестелі мәліметтер ағыны сол бір берілген тасымалдаушыдағы уақыттық интервалында топталуы (мультиплексерленуі) мүмкін [2].



Сурет 2. EDGE жүйесіндегі уақыттық интервалдарды толтыру

Алдымен EDGE жүйесін енгізу үшін негізгі сілтемелерді көрсетейік:

- EDGE технологиясы GSM/GPRS жүйелерінің эволюциясында логикалық және табиғи қадам болып табылады;
- EDGE және WCDMA бір-бірін толықтыратын технологиялар болып табылады: SIEMENS компаниясы және тағы басқа компаниялар EDGE және WCDMA технологияларын бәсекелес деп қарастырмайды;
- Үшінші ұрпақ қызметін тез ұйытылу мүмкіндігі;
- GPRS (EGPRS жүйелеріндегі спектрді едәуір тиімді қолдану) және HSCSD тораптарының сыйымдылықтарының жоғарылануы.

Екінші ұрпақтың GSM торапының эволюциясы бірнеше сатыдан өтеді. Бірінші сатыда GPRS қызметін енгізу, яғни мәліметтерді тарату қызметтерінде дестелерді тарату үшін аса кең өткізу жолағын қамтамасыздандыру үшін мәліметтердің дестелі коммутациялау трафигін қолдану. Мәліметтерді тарату қызметі тұрақты дамып жатқандықтан, олар үздіксіз сыйымдылықтарының жоғарлануын талап ететін, шынайы уақыт режимінде жұмыс істейтін қосымшалар, GPRS-тен EGPRS/UMTS-ке көшу болады. EDGE технологиясын әртүрлі жолдармен енгізуге болады және нақты операторлардың үшінші ұрпақты тораптарға көшу стратегиясына байланысты [3].

GPRS қызметін енгізу операторларға келесі артықшыларды береді:

- дестелі коммутациялық мәліметтерді таратуды қолдануы арқасында байланыс арнасын жоғарғытиімді қолдану. Нәтижесінде абонентке бүкіл уақыт интервалы бөлінбейді.

- көп мөлшердегі қолданушыларға арналған, трафиктің көлемі бойынша абоненттерге арналған қызықты тарифті жобаларды құрастыру.

- BSS жүйесіндегі минималды инвестициялық талаптар.

- үшінші ұрпақ торапына көшуді қамтамасыз ететін, жаңа технологияға енгізілген инвестицияларды қорғау.

- дестелі мәліметтерді тарату тораптарына тура рұқсат (мысалы, Интернет, X.25);

- қызмет көрсетуді және басқаруды интеграциялау.

Абоненттер үшін артықшылықтар келесіде:

- мәліметтерді тарату қызметі үшін тарату жылдамдығын 170 кбит/с дейін жоғарлату (8 мультислоттар CS-4 теру мүмкіндігі);

- уақыт бойынша емес, берілген мәліметтер көлемі бойынша тарификация (нақты қолдану);

- ұялы станция «тұрақты қосылу» режимінде болады, яғни GPRS қызметі қосылған;

- IP протоколы бойынша Интернет қызметінің провайдеріне арзан;

- ұялы IP функциялары (Интернет, телеметрия, электрондық почта) тұрақты қосылу режимінде болады;

- трафиктің көлемі бойынша биллинг.

GPRS бизнес қолданушыларға әрбір нүктеден өзінің офисімен мәліметтермен ауысу арнасымен қосылу мүмкіндігін береді. Олар қазіргі уақытта қайда болмаса да өзінің электрондық почталарына, Интернет торапына, өздерінің электрондық файлдарына, факстарына және басқа мәліметтеріне рұқсаты болады.

GPRS нарық реакциясын тексеру үшін жаңа дестелі-бағытталған ұсыныстардың бірінші қадамы. GPRS-тен EDGE және EGPRS көшу эволюциясы екінші ұрпақтың операторлары абоненттерге үшінші ұрпақтық қызметтерін ұсыну мүмкіндіктерін ашады. EDGE технологиясын енгізу операторлармен екі мүмкін сценарий бойынша өткізіледі [4].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Попов, Е.А. Технология GPRS пакетной передачи данных в сетях GSM [Текст] / Е.А. Попов. – СПб.: Изд-во Политехн. ун-та, 2008. – 68 с.
2. Диксон, Р.К. Широкополосные системы [Текст] / Р.К. Диксон. – М., 1979. – 304 с.
3. Немировский, М.С. Цифровая передача информации в радиосвязи. [Текст] / М.С. Немировский. – М.: Радио и Связь, 2000. – 156 с.
4. Мордухович, Л.Г. Цифровая передача информации в радиосвязи [Текст] / Л.Г. Мордухович. – М.: Радио и Связь, 2001. – 160 с.

Материал редакцияға 24.01.17 түсті.

И.Б. Шедреева, К. Тлепберды, Б. Жолдыбай

Таразский государственный университет им.М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

ХАРАКТЕРИСТИКИ EGPRS И EDGE РАДИО-ИНТЕРФЕЙСОВ

В статье рассмотрены технологии EGPRS, которые могут внедряться двумя разными способами: как расширение GPRS, в этом случае его следует называть EGPRS (enhanced GPRS) или как расширение CSD (ECSD). Учитывая, что GPRS распространена намного шире, GPRS способен обеспечивать пропускную способность до 160 Кбит\с, для этого нужно использовать кодирования каналов и коррекции ошибок.

Ключевые слова: GPRS – служба пакетной передачи данных, LTE – технология следующего поколения, GSM – цифровые данные мобильной связи.

I.B. Shedreyeva, K. Tepberdi, B. Zholdybay

Taraz State University named after M.Kh.Dulati, Taraz, Kazakhstan

DESCRIPTIONS OF EGPRS AND EDGE OF RADIOS-INTERFACES

In this article it is said about technologists. EGPRS. Because, it technology can be inculcated two in number of different ways: as expansion of GPRS, in this case him it is necessary to name EGPRS (enhanced GPRS) or as expansion of CSD (ECSD). Taking into account, GPRS is widespread far wider. GPRS is able to provide a carrying capacity to 160 Kbit\with, for this purpose it is needed to use encoding of channels and ERCC.

Keywords: GPRS – General packet radio service, LTE – Long Term Evolution, GSM - Global System for Mobile Communications.

ӘОЖ 681.3

С.О. Ахметова¹, А.А. Куттибоев²

¹Аға оқытушы, магистр, ²Студент

*М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қаласы, Қазақстан
Электрондық пошта: saule.axmetova.79@mail.ru*

WI-FI ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕЛІНІ ҚҰРУ БОЙЫНША NET CRACKER БАҒДАРЛАМАСЫН ҚОЛДАНУ

Берілген мақалада мәліметтерді сымсыз байланыс желісінің негізі және жай кабель желісіне қарағанда Wi-Fi технологиясының артықшылығы жайында айтылады. Мақалада кеңейтілген спектр технологиясы негізінде сымсыз байланыс ортасында қолжетімділік әдістеріне байланысты сұрақтар қарастырылған. Мақалада қазіргі заманауи NET CRACKER бағдарламасын қолдана отырып желі топологиясын құрастырып зерттеу жасалады.

Түйін сөздер: коммутатор, қол жеткізу нүктесі, сымсыз желі, Internet желісі, net cracker бағдарламасы.

Wi-Fi технологиясы негізінде жергілікті желіні құру принциптерінің мақсаты: Wi-Fi негізінде сымсыз жергілікті желілерін құру принциптерін қарастыру. Ол үшін қолданбалы бағдарламаларды пайдалану керек.

Тапсырмалар

Офистік ғимараттың 4 қабатын біріктіретін Wi-Fi желісін құрыңыз. Net Cracker ортаны пайдаланыңыз.

Әдістемелік нұсқаулар:

Заманауи сымсыз технологиялар теориялық тұрғыдан қарағанда 1,3 Гбит/сек жылдамдықпен деректерді таратуға жарамды (стандарт Wi-Fi 802.11ac), іс жүзінде болса, бұл көрсеткіш көпке төмен, көбінесе 150 – 300 Мбит/с. Ең басында жобаланатын желіге қойылатын талаптарды және оның масштабын анықтап алу керек. Керекті жабдықтардың таңдалуы құрылғылардың санына, олардың физикалық орнатылуына және қосылудың мүмкін тәсілдеріне тікелей тәуелді болады (1-сурет) [1].



Сурет 1. Керекті жабдықтардың таңдалуы

Wi-Fi технологияның келесі стандарттары қолданады:

- 802.11 - 1 Мбит/с және 2 Мбит/с, 2,4 ГГц;
- 802.11a - 54 Мбит/с, 5 ГГц;
- 802.11b - 5,5 и 11 Мбит/с, 2,4 ГГц;
- 802.11g - 54 Мбит/с, 2,4 ГГц;
- 802.11n - 600 Мбит/с, 2,4 - 2,5 ГГц немесе 5 ГГц.

Wi-Fi желіні ұйымдастыру үшін қажетті жабдықтар [2]:

1) D-Link DWL-8600AP – жалпыланған сымсыз қол жеткізу нүктесі, ол IEEE 802.11n стандартына сәйкес. Бұл құрылғы икемділікпен, қуаттылықпен ерекшеленеді, оны басқарушы нүкте режимінде немесе сымсыз коммутаторға қосылғаннан кейін бақыланатын жеке сымсыз қол жеткізу режимінде пайдаланады (2-сурет).




Коммутатор



Қол жеткізу нүктесі

Сурет 2. D-Link DWL-8600AP – жалпыланған сымсыз қол жеткізу нүктесі

2) Коммутатор DWS-3024. Бұл коммутаторлар 2+ деңгейдегі сымсыз қол жеткізу нүктелерін басқару үшін қолданады, көбінесе бизнес үшін (3-сурет).



Сурет 3. Сымсыз желінің сұлбасы

Wi-Fi аббревиатурасы ағылшын тілінде Wireless Fidelity (сымсыз сенімділік) – деректерді сымсыз таратудың IEEE 802.11x (802.11a, 802.11b, 802.11g, 802.11n) протоколдар жиынтығы. Сымсыз желінің 802.11x стандарты жергілікті желілердің IEEE802.x стандарттарының бөлігі болып табылады. 802.11x стандарты жеті деңгейлі OSI (Open System Interconnection) үлгінің тек төменгі екі деңгейлерін жабады – физикалық және арналық, өйткені олар жергілікті желілердің спецификасын көрсетеді. Сымсыз желілер кабельдік желілерге қарағанда OSI үлгінің физикалық (Phy) және арналық (MAC) деңгейлерінде ғана айырмалары байқалады [3].

Арналық деңгей екі деңгейге бөлінеді: MAC – деректерді тарататын ортаға қол жетімділікті басқару және LCC – логикалық арнаны басқару. Wi-Fi желілерінде деректер жартылай дуплексті режим бойынша таратылады, ал Ethernet архитектуралы кабельдік желілерінде дуплексті режим қолданады. Сондықтан сымсыз және сымды желілердің MAC деңгейлері бөлек болады.


Wi-Fi желілері 2,4 ГГц немесе 5 ГГц жиіліктерінде жұмыс істейді. 802.11a стандартында 5 ГГц жиілігі қолданады. 802.11b және 802.11g (802.11b үйлесімді) стандарттарында 2,4 ГГц. 802.11n 802.11a,b,g үйлесімді) стандартында 2,4 немесе 5 ГГц жиіліктері қолданады. Тіке көріністе қол жеткізу нүктесінен есептегенде сымсыз байланыс 300 метрге дейінгі қашықтыққа таралады. Жабық ғимаратта сымсыз байланыс 50 м аралықта қамтамасыз етіледі [4].

Net cracker бағдарламасындағы желі топологиясының құрастырылған үлгісі (4-сурет).

Wi-Fi желілерінің қауіпсіздігі үшін рұқсат етілмеген қол жеткізуден қорғау үшін кешенді әдістер қолданады.

Барлық стандарттар секілді IEEE 802, 802.11 стандарттары ISO/OSI үлгісінің төменгі екі деңгейінде, яғни физикалық және арналық деңгейде жұмыс жасайды. Кез-келген желілік қосымша, желілік операциялық жүйе немесе протокол (хаттама) (мысалы, TCP/IP) 802.11 желісінде Ethernet желісіндегідей жақсы жұмыс жасайды.

802.11b стандартының алғашқы архитектурасы, ерекшеліктері және қызметі алғашқы 802.11 стандартында анықталады. 802.11b спецификациясы рұқсаттың жоғарғы жылдамдығын қосып, тек физикалық деңгейді ғана анықтайды.



Сурет 4. Net cracker бағдарламасындағы желі топологиясының үлгісі

802.11 стандарты құрылғының екі үлгісін анықтайды. Біріншісі, сымсыз желілік интерфейстік картамен жабдықталған компьютерді ұсынатын клиент (Network Interface Card, NIC) және екіншісі, сымсыз және желілік желілердің арасында көпір ролін атқаратын рұқсат нүктесі (Access point, AP). Әдетте, рұқсат нүктесінің құрамында қабылдап-таратушы, желілік желі интерфейсі (802.3) және деректерді өңдеумен айналысатын программалық қамтамасыз ету кіреді. Сымсыз станция ретінде ISA, PCI және 802.11 стандартындағы PC Card желілік картасы немесе нақты шешімдер, мысалы 802.11 телефондық гарнитурасы қолданылуы мүмкін.

Физикалық деңгейде таратудың екі кең жолақты радиожиліктік әдісі және оның біреуі инфрақызыл диапазонда анықталады.

Радиожиліктік әдістер ISM-де 2,4 ГГц диапазонында жұмыс істейді және 83 МГц тен 2,400 ГГц пен 2,483 ГГц-ке дейінгі жолақты қолданады. Радиожиліктік әдістерде қолданылатын кеңжолақты сигнал технологиялары сенімділікті, өткізгіштік қабілетті арттырады және көптеген бір-біріне байланысы жоқ құрылғылар үшін бір-біріне өте аз бөгеуілдері болатын бір жиілік жолағын қолдануға мүмкіндік береді.

Деректерді таратудың екі жылдамдығы - 1 және 2 Мbps қолданылады. 1 Мbps жылдамдықты қолданған кезде деректер тобы модуляция уақытында әрқайсысы 16 импульстің біріне кодталатын кварталеттерге бөлінеді. 2 Мbps жылдамдық кезінде модуляция әдісі өзгеше. Деректер тобы әрқайсысы төрт импульстің біріне модуляцияланатын биттік жұптарға бөлінеді.

Жиіліктік секіріс FHSS әдісін қолданған кезде 2,4 ГГц жолағы 1 МГц-тен 79 арнаға бөлінеді. Таратушы және қабылдап алушылар арналарды ауыстырып қосу схемасына алдын-ала келісіп алады (таңдауда 22 схема бар) және деректер осы схеманы қолданып, әртүрлі арналармен жүйелі түрде жіберіледі. 802.11 желісінде әрбір деректі тарату әртүрлі қосылу схемаларымен жүреді, ал схемалардың өздері екі таратушының да біруақытта

бір арнаны қолдану мүмкіндігін азайту үшін өңделіп шығарылған. FHSS әдісі қабылдап- таратушының өте қарапайым схемасын қолдануға мүмкіндік береді, бірақ та ол 2 Mbps максимальды жылдамдықпен шектелген. Бұл шектеу FHSS жүйесінің 2,4 ГГц диапазонды әрбір арнаға 1 МГц-ке тең етіп бөлуінен шығып отыр. Бұл арналарды жиі ауыстырып қосу жүретіндігін білдіреді (мысалы, АҚШ-та секундына ең минимальды 2,5 ауыстырып қосу жылдамдығы орнатылған) және бұл өз кезегінде шығындарды арттырады.

DSSS әдісі 2,4 ГГц диапазонды 14 бөліктелген арналарға бөледі. Бірнеше арналардың біруақытта және бір жерде қолданылуы үшін, сонымен қатар өзара бөгеуілдерді болдырмау үшін олар бір-бірінен 25 МГц жерде тұруы керек. Осылайша, бір жерде және бір уақытта ең көп дегенде 3 арна қолданылуы мүмкін. Деректер басқа арналарға қосылмай тек бір арна бойымен жіберіледі. Бөгде шуылдарды компенсациялау үшін қолданушының деректерінің әрбір биті таратылған деректердің 11 битіне ауысқан кезде Баркердің 11 биттік тізбегі қолданылады. Әрбір бит үшін мұндай артықтылық таратылатын сигналдың қуатын төмендете отырып таратудың сенімділігін арттыруға көмектеседі. Егер де сигналдың бір бөлігі өшіп қалатын болса, ол көптеген жағдайларда қалпына келтіріледі. Осылайша, деректерді қайтадан тарату саны азаяды.

Infrastructure Mode режимінде жұмыс істейтін Wi-Fi желіде сымсыз құрылғылар өзара Access Point қол жеткізу нүстесі арқылы байланысады. Желінің SSID (Service Set ID) идентификаторын қол жеткізу нүктесі арнайы сигналдық дестелер көмегімен таратады. Сымсыз құрылғылар Access Point-қа желінің SSID арқылы қосылып, ақпаратпен алмасады. Бұл жағдайда Access Point орталық нүкте ретінде қолданады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Рошан, П. Основы построения беспроводных локальных сетей стандарта 802.11. [Текст] / П.Рошан, Д.Лиэrm. – М.: Cisco Systems, 2005. – 445 с.
2. Сюваткин, В.С. WiMAX -технология беспроводной связи, теоретические основы, стандарты, применение [Текст] / В.С. Сюваткин. – Спб.: БХВ - Петербург, 2005. - 368 с.
3. Гусев, Д. Технологии беспроводного доступа [Текст]: справочник / Д.Гусев. – Спб.: БХВ Петербург, 2002. - 345 с.
4. Попов, В.И. Основы сотовой связи стандарта GSM [Текст] / В.И. Попов. – М.:Эко-Трендз, 2005. - 545 с.

Материал редакцияға 06.01.17 түсті.

С.О. Ахметова, А.А. Куттибоев

Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г Тараз, Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРИКЛАДНОЙ ПРОГРАММЫ NET CRACKER ДЛЯ ПОСТРОЕНИЯ СЕТИ СВЯЗИ НА ОСНОВЕ WI-FI ТЕХНОЛОГИИ

В статье представлена возможности прикладной программы NET CRACKER для сборки беспроводной сети по заданной топологии. Результаты

исследования выводятся в виде сигналов. По виду сигналов определяется точность передачи информации.

Ключевые слова: коммутатор, точка доступа сети, беспроводная связь, сети Internet, программа net cracker .

S.O. Akhmetova, A.A. Kutyboev

Taraz State University named after M.Kh.Dulati, Taraz, Kazakhstan

THE NET CRACKER APPLICATION PROGRAM USE FOR CREATION OF THE COMMUNICATION NETWORK ON THE WI-FI TECHNOLOGY

In this article, we conducted research work of students on the subject of "wireless technology" using NET CRACKER application program in this work is fully assembled on a given wireless network topology, and the result of the study appear in the form of signals. As determined by the type of signal transmission accuracy.

Keywords: switch, network access point, wireless communication, Internet networks, net cracker program.

ӘОЖ 681.5.011

А.С. Тлешова¹, Б.А. Айтқали²

¹Аға оқытушы, магистр, ²Студент

*М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қаласы, Қазақстан
Электрондық пошта: ¹akmaral.tleshova@mail.ru*

PLC (POWER LINE COMMUNICATIONS) ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУМЕН ЭНЕРГИЯ ТОРАБЫ БОЙЫНША МӘЛІМЕТТЕРДІ БЕРУ ТОРАБЫНЗЕРТТЕУ

Мақалада PLC технологиясы негізінде энергияторабы бойынша желіні құру және жалпы қолданыстағы желіде PLC технологиясын қолдану кезінде мәліметтерді беру торабын ұйымдастыру, сонымен қатар оны ендіру кезіндегі проблемаларды шешу жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: PLC технологиясы, модуляция, сигнал, модем компоненттері, кабель, тораптағы қолжетімді нүкте.

Қазіргі кезеңде компьютерлі техника мен торапты технологияның даму деңгейі торапқа қатаң талап жасауда. Компьютерлі торап беріліс жылдамдығының нақты шарты үшін талаптарды қанағаттандыру қажет; және де ол мобилді, кабелді жүргізуді талап етпейтін үлкен санды қолжетімді түйіндерден тұруы қажет; торап қарапайым администрацияланытын болу керек; ол қарапайым техникалық шешімдерде жоғары сенімділікті қамтамасыз ету керек; торап мүмкіндігінше барлық типті торапты жабдықтарға қосыла біліп, сонымен қатар арзан бағада болу керек.

Жалпы тұрғындар мен мекемелерді, ұжымдар мен арнайы қызметшілерді компьютермен қамту кезінде компьютерлік торапты ұйымдастыру қажеттігі туындайды [1].

Осы торапты ұйымдастырудың бірден бір нұсқасы энергия торабы бойынша мәліметтерді беру жүйесі болып табылады.

PLC технологиясы - бұл, біріншіден «соңғы миль» проблемаларын шешу болып табылады. Өйткені бөл шешімде ішкі электр тораптары қолданылады. Қызметтің өзі Plug&Play принципі бойынша ұсынылған. Яғни адаптер немесе дүкеннен сатып алынған абоненттік модем ешқандай жабдықтарды қолдану қажет етпейді. Оны қосқан кезде байланыс басты құрылғымен автоматты түрде қосылады, ол әр бір үйде бірден автоматты түрде конфигурацияға келтіру және IP-адресі белгіленеді. Технологияның артықшылығы сол Интернетке қосылу үшін монтерлерді үйге шақырып қосудың қажеті жоқ. Басқада қосымша артықшылығы роуминг: модем PLC-жабуы бар барлық үйлерде істей береді. Ол қатаң бір адреске жабысып қалмаған, аудандарда, қала ішінде және басқа да қалаларда жұмыс істей береді. Қазіргі кезде бұл технология біраз аз тұрғындары бар қалалар мен ауылдарда орнатылуда [2].

PLC технологиясы және оның дамуы. Электр торап арқылы Интернетте кеңжолақты қолжетімділік қызметін тестілеу Шотландияда қосылды. Бұл инициатива Scottish Hydro Electricс электр энергетикалық компаниясымен ұсынылды. Британдық PC Advisor басылымы хабарлағандай «Розета арқылы Интернет» тестілеу 150 тұтынушыны қамтыған. Әрбір абонент Интернетке 2 Мбит/с жылдамдықпен қосылуға мүмкіндік алды. Бағасы бойынша бұл басқа Интернет провайдерлері ұсыныстарынан екі есе арзанға түсті. Жаңа қызметке қызығушылық елдің бірнеше энергетикалық компанияларынан сұранысқа ие болды. Сонымен қатар PLC технологиясын Германияның RWE компаниясы тез енгізуде [3]. Мысалы Германияда жергілікті тұрғындар электр энергия квитанциясын толтырмайды: есептеуіштен ақпарат бірден электржетегі бойынша электрмен қамтамасыз етушіге келип түседі. Осындай жобалар Италия мен Швецияда жүргізілген.

Қазақстанда PLC-технологии базасында құрылыс «Спарк» компаниясымен 2011 жылы жүргізіле бастады. Сол мезгілде торап өзіне тұрғын үйлерде орналасқан 750 түйін қолжетімділігін қоса алды. Барлық түйіндердің қосылуы Gigabit Ethernet магистралді оптикалық торапқа біріккен.

Интернетке қосылу төлемі жоғары емес қызмет жақсы бәсекелестік қабілеттілікті қамтамасыз етеді. Бірақ кейде сапасы тұтынушы абоненттерге ұнамай жатады. Мысалы, Торапқа қосылу үшін тек белгілі бір розетка арқылы қосылу керектігін, бұл абонентке қолайсыздық тудырады, және де басқада электр аспаптарын қосқанда жылдамдықтың азаятыны жайында өткен форумдарда әңгіме етілді. Бұл жағдай ортақ өткізгіштің болуынан, ол мәселені провайдермен шешуге болады [4].

«Соңғы миль проблемасы» соңғы кезде көп айтылып, ол көп шешімді тудырды. Бірақ шешімнің мұндай көп бөліктерінде бір жалпы кемшілік бар-олардың барлығы өткізгіш сымдар мен кабельдерді жүргізуді талап етеді. Қазіргі кезде кабельді жүргізудің бағасы торапты құруға кеткен шығынның көп бөлігін алады. Сонымен қатар бірқатар жағдайларда жаңа кабельдерді жүргізу мүмкін емес.

Сондықтанда әрқашан қызығушылықты жаңа кабель жүргізуді қажет етпейтін технологиялар тудырады. Қазіргі кезде осы проблемаға қолайлы екі

технологияларымыз бар – олар желісіз торап Wi-Fi және PLC технологиясы. Егер желісіз торап жайында көп жазылса, ал PLC технологиясы жайында ақпарат тым аз.

PLC технологиясы компьютерлі локальді торапты жүргізілген электрберіліс желісіне қосуға мүмкіндік береді. Осылай PLC технологиясының көмегімен электрлік өткізгіш сымды қолдана отырып, үйде локальді торапты құруға болады.


Бірінші қарағанда PLC технологиясы қарапайым болып көрінуі мүмкін, яғни мәліметтерді берудің керекті жылдамдығын қамтамасыз ететін модуляция тәсілін таңдасаң болғаны. Бірақ PLC технологиясын қолдану үшін модуляцияның бұл тәсілдері тығыз нығыздалған сигналдар күрделі математикалық операцияны талап етеді. Оларға шапшаң сигналды (DSP) процессорларды қолдану қажет [5].

Сигналдарды сандық өңдеу процессоры (digital signal processor – DSP) – бұл нақты масштаб уақыт ағымында сандық мәліметтерді манипуляциялау үшін тағайындалған арнайы бағдарламаланған микропроцессор. DSP-процессорлары аудио- және видео сигналдарды, графикалық ақпарат ағымдарын өңдеу үшін кеңінен қолданылады.

Соған байланысты PLC-технологиясының дамуы алғы алгоритмді тиімді модуляциясымен DSP процессорларының дамуымен тығыз байланыста болады. Қазіргі кезде PLC-технологиясында OFDM-модуляциясы қолдануда, ол мәліметтерді берудің жоғары жылдамдығын және сигналдардың кедергіге жақсы беріктілігін қамтамасыз етеді.

Негізгі соңғы жабдық PLC-модем, ол әдетте ПК мен байланысы үшін интерфейстер жасалады: USB, немесе Ethernet. Сондықтан да модем ақпарат қорегіне – 220 В розеткаға қосылады, ал шығысы сәйкес персоналды компьютер интерфейсіне қосылады. ПК мен параллель VoIP режимін қолдайтын телефон нұсқасы қосылуы мүмкін.

Типті функционалды схема және PLC-модемнің негізгі компоненттері 1- суретте келтірілген.



Сурет 1. PLC-модем компоненттері

Бұл инновациялы технологияда торапты Интернетпен жалғау Broadband over power lines (BPL) деп аталады.


DSL-жалғануынан артықшылығы тұрмыстық торап жабдығы технологиясы Интернетте кеңжолақты қолжетімділігі бар бірнеше сан адамға қосылуына мүмкіндік береді.

PLC технологиясының даму проблемалары. Шет елдерде PLC торабының экспериментальдік жұмыс нәтижесі жақсы болғанымен, біздің елімізде бұл технология бір қатар қиыншылықтармен ұшырауы мүмкін.

Отандық электрлік өткізгіш сымдар көп елдерде қолданатын мыстан емес, негізінен алюминийден жасалған. Алюминилі өткізгіш сымдар нашар электрөткізгіштік қасиетіне ие, ол сигналдардың тез өшуіне әкеліп соғады. Бұдан басқа проблемалар бұл осы технологиялардың қолдануына нормативтік-құқықтың негізгі сұрақтарын реттеу әлі күнге дейін шешілмеген. Бұл мәселе Батыс елдерінде де актуальді. PLC жоғары жылдамдықты жүйесінің дамуының басты факторы кеңжолақты PLC-жүйесінің стандартының болмауында, ол басқада қызметі бар тура сондай немесе жақын жиілік диапазонын қолдануымен үлкен үйлеспеушілік қауіпі бар. 2001 жылы халықаралық консорциум HomePlug Powerline Alliance тұрмыстық электрөткізгіш желісі арқылы үй тораптарын құру үшін салалық стандарт - HomePlug 1.0. спецификациясын қолдануды шешті. Бірақ бұл стандарт бір пәтер (коттедж) аймағындағы торапқа «үйлік» торапты құруды ұсынады. Кеңжолақты PLC үшін толыққанды стандарт әзірге жасалмады [5].

PLC-шешімі үшін ИМС өндірушілері. Үшінші буын PLC-жүйесі үшін ИМС (чиптер)-ті өндіру Design of Systems on Silicon Corporation - DS2 (Испания) компаниясы болып табылады. Ол 1998 жылы құрылып, өнімнің толық жинағын өндіреді. Ол PLC базасында кеңжолақты қамтамасыз ету тапсырмасын шешу үшін қолданады. ИМС-ның үшінші буынын бірден бір DS2 ұсынып, 200 Мб/с дейін алмасу жылдамдығын қамтамасыз ету. DS2 өнімдері HP v.AV стандартын қолдайды.

DS2 өсімдері негізінде өткізу PLC-жүйесі келесі 2- суретте көрсетілген.



Сурет 2. DS2 өсімдері негізінде өткізу PLC-жүйесі

Осы технология негізінде IPTV және VoIP тораптарын қолдануға болатын PLC-торабын құруға болады.

PLC технологиясының артықшылықтары мен кемшіліктері

Артықшылығы:

Кабелдерді жүргізуге, оны қорапқа салуға, қабырғаны тесуге және тіреуші конструкцияны қою қажеттілігінің болмауында.

Қолдану қарапайымдылығы

Монтаж жылдамдығы

Wi-Fi салыстырғанда:

Келтіруді қажет етпейді

Мейлінше тұрақты байланыс

Ақпараттың үлкен қауіпсіздігі

Multicast-трафигін беру үшін ыңғайлы, мысалы, IPTV

Байланыстың сапасына материал мен пәтердегі қабырға қалыңдығы әсер етпейді.

В КР қондырғыларды тіркеуді Казкомнадзор талап етпейді.

Кемшіліктері:

PLC-модемдері жұмыс істейтін үйжайдағы радиоқабылдау бұзылуы, әсіресе орташа және қысқа толқындарда [6], модемнен 3-5 метр қашықтықта болуы керек.

Электржетек бойынша тораптағы өткізу қабілеттілігі бардық қолданушылардың арасында бөлінеді. Мысалы, егер бір Powerline-торабында екі жұп адаптерлері белсенді түрде ақпаратпен алмасса, онда әрбір жұп үшін алмасу жылдамдығының жалпы өткізу қабілеттілігі 50 өзара бөлінеді

PLC жұмысының жылдамдығы мен тұрақтылығы әртүрлі материалдан тоғысу болуынан (мысалы, мысты және алюминийлі өткізгіш сымдар) электржетекті орындау сапасына әсер етеді. Сол сияқты өткізгіш сымдарды жалғау санына да байланысты болады.

Торапты сүзгіштер мен жабдықталмаған "PLC READY" арнайы розеткасы ИБП арқылы жұмыс істемейді.

Байланыстың сапасына арзан энергия жинақтаушы шамдар, тиристорлы диммерлер, импульсті қоректену блоктары және зарядтау құрылғылары кері әсер етуі мүмкін. Тораптағы аталған құрылғылардың жылдамдығына максималды әсер PLC-модемiне тікелей жақын қосқанда болады.

Қазақстан Республикасында анықталмаған құқықты аспектілердің берілген технологияны қолдануына мүмкіндік болмауында.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Павловский, А. PLC в России. Специфика, проблемы, решения, проекты [Текст] / А. Павловский, С. Соломасов // ИнформКурьерСвязь, - 2003.- № 8. - С. 29-33.
2. Невдяев, Л. М. Мост в Интернет по линиям электропередачи [Текст] / Л. М. Невдяев // ИнформКурьерСвязь. - 2003. - № 8. - С. 25-28.
3. Курочкин, Ю.С. "PLC приходит в Россию" [Текст] / Ю.С. Курочкин // Connect.– 2004.- № 8.- С. 46-47.
4. Коноплянский, Д.К. PLC - передача данных по электрическим сетям [Текст] / Д.К. Коноплянский // Последняя миля.– 2006.- № 5.-С.5-7.
5. Даффи, Д. ВРL набирает силу. [Текст] / Д. Даффи// Сети. – 2005. - № 14. - С. 24.
6. Моррисси, П. Реализация технологии ВРL. [Текст] / Сети и системы связи // - 2005.- № 12.- С. 79-81.

Материал редакцияға 16.02.17 түсті.

А.С. Тлешова, Б.А. Айткали

Таразский государственный университет им.М.Х. Дулати, г Тараз, Казахстан

**ИССЛЕДОВАНИЕ СЕТИ ПЕРЕДАЧИ ДАННЫХ ПО ЭНЕРГИЯ
СЕТЯМ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ТЕХНОЛОГИИ PLC (POWER LINE
COMMUNICATIONS)**

В статье рассматривается организации сети передачи данных по энергосетям построения сети на основе PLC технологии и использование технологии PLC в сетях общего пользования, и пути решения проблемы при внедрении.

Ключевые слова: технология PLC, модуляция, сигнал, компоненты модем, кабель, точка доступа сети.

A.S. Tleshova, A.B. Aytkali

Taraz State University named after M.Kh.Dulati, Taraz, Kazakhstan

RESEARCH NETWORK DATA IN ENERGY NETWORKS USING TECHNOLOGY PLC (POWER LINE COMMUNICATIONS)

This article discusses the organization of the network transmission of data on the grid of building a network based on PLC technology and the use of PLC technology in public networks, and solutions to problems in the implementation of

Keywords: PLC technology, modulation, signal components of the modem, cable, network access point.

ӘОЖ 721.2

А.С. Тлешова¹, М.Р. Жаксылық²

¹Аға оқытушы, магистр, ²Студент

*М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қаласы, Қазақстан
Электрондық пошта: akmaral.tleshova@mail.ru*

«РАДИОТЕХНИКА ЖӘНЕ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІНЕН МАТЛАВ БАҒДАРЛАМАСЫНДА ТӘЖІРИБЕЛІК ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖАСАУ

Берілген мақалада қолданбалы MATLAB бағдарламасы көмегімен «Радиотехника және телекоммуникация негіздері» сабағы бойынша студенттермен жүргізілген зерттеу жұмысы қарастырылады. Бұл жұмыста берілген топология бойынша сымсыз байланыс торабын толық жинақтау жұмысы көрсетілген. Сигнал түрлері бойынша ақпараттың беру дәлдігі анықталады.

Түйін сөздер: сымсыз байланыс, топологиялық желілер, сигналдар, спектр, осциллограф, MatLab Simulink бағдарламасы.

Замануи телекоммуникациялық әлемінде байланыстың сымсыз түрлері шапшаң дамуда. Олардың арасында ерекше орын алатын сымсыз байланыстың жылжымалы (ұялы және транкингітік) түрі.

«Радиотехника және телекоммуникация негіздері» пәні сымсыз байланыстың топталуын, көп станциялы қол жеткізу әдістерін, сымсыз байланыс жүйесін құрудың техникалық концепцияларын, сигналдардың таралу принциптерін, спектрі кеңейтілген жүйелер құрамын қарастырады.

Осы мақсатта оқу процесінде білімгерлерге сымсыз байланысты ұйымдастыру принциптерін, оның технологияларын оқып үйрету, арналарды


бөлу әдістерін көрсету, олардың жиіліктері тональды стандартты арналардан қандай айырмашылығы бар екенін көрсету, сигналдарды шашыратқанда оптикалық және радио байланысты пайдаланғанды үйрету, сымсыз байланыс жүйелерін құрудың техникалық жағын қарастыру, спектрі кеңейтілген жүйелерді қарастыру, жергілікті сымсыз желілерді құру принциптерімен таныстыру үшін келесі тәжірибелік жұмыс ұсынылуда.

Сымсыз байланыстың құрылғыларын зерттеу. Сымсыз байланыс жүйелерінде сигналдарды қабылдау.

Сабақтың мақсаты: IPv4 және IPv6 хаттамаларын желілік құрылғыларда баптау, сымсыз байланыстың сигналдарын қабылдау үрдісін MATLAB бағдарламасын қоданып зерттеу.

Тапсырмалар. Тапсырмаларды орындау үшін «Ауқымды компьютерлік желілер» зертханалық стенді керек.

Тәжірибе барысында көрсетілген топологиялық желілерді жинау қажет (1-сурет).



Сурет 1. Желі топологиялары

1. ЭМ-нен біртіндеп желілік құрылғылардың түйіндері мен интерфейстерінің қол жетімділігін тексеру, ол үшін ring команданы қолданып, нәтижесін есепте көрсету керек.

2. Веб-браузер арқылы HP коммутаторының желілік IPv6 адресін баптау. ЭМ-ге қол жеткізулікті коммутатордың құрылғылары арқылы тексеру. Нәтижені есепте көрсету.

3. Коммутаторға ЭМ-нен қол жеткізу мүмкіндігін тексеру. Нәтижені есепке кірістіру.

Әдістемелік нұсқаулар. Желінің қызмет көрсету радиусы қолданыстағы сымсыз қол жеткізу нүктесінің (роутердің) түріне, оларды қолдайтын 802.11* стандартына, антенналардың маны мен қуаттылығына байланысты болады. Сымсыз желі бойымен мультимедиялық трафикті тарату кезінде әр түрлі бөгеттердің әсер тигізу мүмкіндігі жоғары болады. Одан басқа, замануи техниканы жобалағанда олардың мобильділігін максималды, ал өлшемдерін минималды етуге тырысады, сондықтан Wi-Fi мен Bluetooth блоктары бір платада орналастырылады. Нәтижеде жұмысшы жиіліктер диапазоны жақын орналасқаннан, өзара бөгеттер пайда болады, IEEE 802.11 стандарты үшін – 0,9; 2,4; 3,6 және 5 ГГц; IEEE 802.15 үшін – 2,4–

2,4835 ГГц. Сонымен, Wi-Fi мен Bluetooth-дың бөгеттерге деген тұрақтылығын бағалағанда, стандарттардың екеуінің де арналық интерференциясын есепке алады.

Енді сигналдардың пайда болуын зерттейміз.

Цифрлік байланыстың жүйелерінде сигналдың пайда болуын MatLab Simulink бағдарламасы негізінде қарастыру.

Тапсырманы орындау үшін келесі блоктарды қолданамыз:

Random Integer Generator – кездейсоқ бүтін сандар генераторы;

1-D Lookup Table – сәйкестіктер (ақиқаттылық) кестесі;

Raised Cosine Transmit Filter – көтеріңкі косинустың түбірі деген сипаттамасы бар әзірлеуші фильтр;

Gain – сигналдың күшейткіші;

Complex to Real-Imag – комплекстік санның нақты және жорамал бөліктерін ажырату блогы;

Scope – осциллограф;

Discrete-Time Eye Diagram Scope – сигналдың көздік диаграммасын бейнелеу блогы;

Discrete-Time Signal Trajectory Scope – жазықтықтағы сигналдың комплекстік орайжанауыш векторының траекториясын бейнелеу блогы;


Discrete-Time Scatter Plot Scope – сигналдың шашырау диаграммасын бейнелеу блогы;

Subsystem – ішкі жүйе, үлгінің бір бөлігін жеке блок түрінде көрсетеді;

Spectrum Scope – сигнал спектрінің талдаушысы.

Көрсетілген блоктар арасынан 2-суретте көрсетілген үлгіні жинау керек. Modulator – цифрлік таратқыштың сигналды әзірлейтін ішкі жүйе.

Бастапқы деректер




Сурет 2. Таратқыш жүйе үлгісінің жалпы көрінісі

Кездейсоқ сандар генераторының баптауларында өз нұсқаңызғасәйкес позиционность созвездия (M-ary number) деп аталатын параметрді және дискреттеу жиілігін (Sample Time) 1/9600 (бұл шама 9600 бод/сек жылдамдықсәйкес) деп беру керек.

Спектр талдаушының (Spectrum Scope) баптауларында БПФ терезенің өлшемін 1024 деп көрсету керек, ал кіріс сигналының буферизациясын қосу керек, буфердің өлшемін 1024 отсчет деп аламыз.


Осциллографтың кіріс сигналдары ретінде деректердің сигналдары және таратқыштан шығатын комплекстік сигналдың (Complex to Real-Imag блогынан шығатын) құрамдас бөліктері алынады. 3-суретте сигналды әзірлеудің үлгісі келтірілген.



Сурет 3. Сигнал құраушысы

Сигнал спектрін шектеу үшін көтеріңкі косинус түбірі бар фильтр арқылы жүргізеді. Оның баптаулары келесідей: фильтрдың түрі (Filter Type) – көтеріңкі косинустың түбірі (Square Root); ИХ фильтрдің ұзындығын анықтайтын топтық кідіріс (Group Delay) – 5 символ; дөңгелектендіру коэффициенті (Rolloff Factor) – 0.8; дискреттеу жиілігін жоғарлату коэффициенті (Upsampling factor) – 8; сигналды өңдеу сипаты (Input Processing) – sample based. Құраушы фильтр шығысынан түскен комплекстік сигнал күшейткішке түседі, ондаоның нормалануы орындалады. Күшейткіштің тарату коэффициенті $1/K$, мұнда, N – шоктың позициялығы.


Сигналдың құрылу үрдістерін зерттеу үшін көздік диаграммаларды бейнелеу блоктарын, комплекстік орайжанауыш векторының траекториясын бейнелеу блоктарын және шашырату диаграмманың бейнелеу блогын қолданады (4-сурет).




Сурет 4. Сигнал туралы ақпаратты бейнелейтін блоктар

5-суретте спектр талдаушының жұмысы көрсетілген. Үш арналы осциллограф көмегімен деректер сигналын және сигнал компонентасын комплекстік орайжанауышты салыстыруға болады (6-сурет).

Әзірленген сигнал фильтрінің дөңгелек ету коэффициентін 0 деп беріп, үлгіні қосыңыз. Есеп үшін барлық графиктерді сақтап қойыңыз. Сигнал спектрінің енін, алғашқы жақтық тармақтың деңгейін бағалаңыз. Осциллограф арқылы сигналдық созвездиедегі сыртқы нүктелер үшін квадратуралық құрамдастардың максималды амплитудасын, ал ішкі нүктелер үшін минималды амплитудасын бағалаңыз.



Сурет 5. Әзірленген сигналдың спектрі



Сурет 6. Деректер шинасы мен құрылған сигналдың осциллограммалары

Осы жұмыс негізінде келесі тапсырмаларды орындауға болады:

- 1) Цифрлік ақпаратты тарату жүйелерінің арналарында пайда болатын құбылыстарды зерттеу;
- 2) Цифрлік байланыс жүйелеріндегі қабылдағыштар жұмысы негіздерін зерттеу.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Рошан, П. Основы построения беспроводных локальных сетей стандарта [Текст] / П.Рошан, Д. Лиэрм. – М: Cisco Systems, 2012. – 445 с.
2. Сюваткин, В.С. WiMAX-технология беспроводной связи, теоретические основы, стандарты, применение [Текст] / В.С. Сюваткин и др. - СПб.: БХВ – Петербург.- 2015. –368 с.
3. Гусев, Д. Технологии беспроводного доступа [Текст]: справочник / Д.Гусев. – СПб.: БХВ Петербург. - 2012. – С 45-51.
4. Попов, В.И. Основы сотовой связи стандарта GSM [Текст] / В.И. Попов. – М.: Эко-Трендз. - 2005. – 256 с.
5. Шахнович, И.В. Современные технологии беспроводной связи [Текст] / И.В. Шахнович. – М.: Техносфера.- 2006. – 288 с.

Материал редакцияға 16.02.17 түсті.

А.С. Глешова, М.Р. Жаксылык

Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ РАБОТА СТУДЕНТА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ПРОГРАММЫ MATLAB ПО ДИСЦИПЛИНЕ «ОСНОВЫ РАДИОТЕХНИКИ И ТЕЛЕКОММУНИКАЦИИ»

В статье проводятся исследовательская работа студента по предмету «Технология беспроводной связи» с помощью прикладной программы MATLAB. В этой работе полностью идет сборка беспроводной сети по заданной топологии и результат исследования выводятся в виде сигналов. По виду сигналов определяется точность передачи информации.

Ключевые слова: беспроводная связь, линии топологии, сигналдар, спектр, осциллограф, модулятор, программа MatLab Simulink.

A.S.Tleshova, M.R.Zhaksylyk*Taraz State University named after M.Kh.Dulati, Taraz, Kazakhstan***RESEARCH STUDENT WORKING WITH ICPOLZOVANIEM
MATLAB PROGRAMS VYPOLNENIYA PRAKTICHECKIH RABOT ON
THE SUBJECT "OCNOVY RADIO ENGINEERING AND
TELECOMMUNICATIONS"**

This article conducted research work of the student on the subject of "wireless Technology" using the software program MATLAB. In this work we build a wireless network for a given topology and the result of the study are displayed in the form of signals. On types of signals determined by the accuracy of information transfer.

Key words: wireless communication, line topology, signaller, spectrum, oscilloscope, a modulator, MatLab Simulink.

ӘОЖ 683.8

А.С. Тлешова¹, М.Р. Жақсылық²¹Аға оқытушы, магистр, ²Студент*М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қаласы, Қазақстан
Электрондық пошта: akmaral.tleshova@mail.ru***«СЫМСЫЗ БАЙЛАНЫС ТЕХНОЛОГИЯСЫ» ПӘНІНЕН
CISCO PACKET TRACER БАҒАДАРЛАМАСЫ КӨМЕГІМЕН
БІЛІМГЕРЛЕРДІҢ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ**

Мақалада Cisco Packet Tracer бағдарлама пакеті көмегімен берілген пән бойынша виртуалды зертханалық жұмыстарды орындау көрсетілген. Онда маршрутизатор, коммутатор, қолжетімді нүкте, арнай компьютер, торапты принтер, IP-телефония ретінде имитациялы моделдер мен желі құрылғылары қолданылған. Сигнал түрлері бойынша ақпараттың беру дәлдігі анықталады.

Түйін сөздер: топологиялық желілер, симуляция, спектр, осциллограф, Cisco Packet Tracer бағдарлама пакеті.

Сымсыз байланыстың замануи құралдары өзінің кішігірім габариттеріне және салмағына қарамастан, күрделі техникалық құрылғы болып табылады. Ол құрылғылардың жоғары эксплуатациялық сипаттамаларын қолдайтын және ондай жүйені жобалайтын дәрежесі жоғары маман қажет.

Сымсыз байланыстың негізін құрайтын іргелі принциптердің кешенді түсінігін қалыптастыру үшін принциптерге сымсыз жүйелердің сипаттамаларына және сапа көрсеткіштеріне қойылған шектеулер, сымсыз жүйелерді талдауға қажетті әдістер мен математикалық аппарат, сымсыз жүйелерді құруға қатысты техникалық құралдар мен компромисстерді жатқызады[1].

Сымсыз байланыстың құрылғыларын зерттеу

Сабақтың мақсаты: Біріктірілген сымсыз маршрутизаторлар мен сымсыз қол жеткізу нүктелерін зерттеу.

Тапсырмалар

1. Интернеттен үш әр түрлі сымсыз маршрутизаторды тауып, олардың ең маңызды функцияларын тізімдеп, төмендегі кесетеге кірістіріңіз. Іздестіру кезінде Сіз үшін маңызды болып табылатын қосымша функцияларын да жазып алып, кестедегі Басқа функциялары атты бағанға кірістіріңіз.


2. Сымсыз қол жеткізудің екі Cisco нүктесін зерттеу керек — WAP321 және AP541N. Cisco веб-сайтынан осы нүктелердің қол жетімді техникалық сипаттамаларын іздестіріп, төмендегі кестені толтырыңыз.

Cisco Packet Tracer виртуалды зертхана негізінде желілік жабдықтарды зерттеу.

Cisco Packet Tracer – бұл Cisco компаниясы өндірген желінің эмуляторы. Cisco Packet Tracer бағдарламасы арқылы маршрутизатор қосымша арқылы желіні әр түрлі жабдықтар негізінде, әр түрлі топологиялы желілерді, әр түрлі хаттамалар негізіндегі желілерді әзірлеуге болады. Коммутатор, сымсыз қол жеткізу нүктесі, дербес компьютер, желілік принтер, IP-телефон сияқты құрылғылардың негізіндегі желінің жұмысын имитациялауға болады. Интерактивті симулятор негізінде көптеген құрылғылардан тұратын нақты желінің баптауын жүргізгендей болсаңыз[2].


1 - суретте бағдарламаның телімдерге бөлінген интерфейсі көрсетілген. Суретте сандармен келесі компоненттер белгіленген:

- 1 – бағдарламаның бас мәзірі;
- 2 – құрал-құрылғылар тақтасы;
- 3 – логикалық және физикалық ұйымдастыруларды ауыстырып тұру;
- 4 – құрал-құрылғылар тақтасы, мұнда нысандарды ерекшелу, жою, тасымалдау, масштабтау, дестелерді әзірлеу құрылғылары орналасқан;
- 5 – нақты режим (Real-Time) мен симуляция режимдерді алмастыру;
- 6 – ақырғы құрылғылар мен байланыс арналарының тақтасы;
- 7 – ақырғы құрылғылардың өздері, мұнда әр түрлі коммутаторлар, түйіндер, қол жеткізу нүктелері, өткізгіштер бар;
- 8 – пайдаланушының сценарийлерін құру тақтасы;
- 9 – жұмыс кеңістігі.



Сурет 1. Cisco Packet Tracer бағдарламаның интерфейсі


Бір желіні басқа желіден ажырату үшін түрлі түсті аумақтарды қолдануға болады (сурет 2). Түрлі түсті аумақты орнату үшін келесі амалдар орындалады: 1 – құрал-саймандар тақтасынан керекті таңбашаны таңдаймыз; 2 - "Заливка" режимін таңдаймыз; 3 – түс пен қалыпты таңдаймыз; 4 – жұмысшы кеңістікте аумақты сызамыз. Одан басқа жазбаларды қосып, оларды тасымалдап, аумақтардың өлшемдерін өзгертуге болады.



Сурет 2. Түрлі түсті аумақтарды орналастыру мысалы

Жабдықтардың физикалық құрамдалуы

Жұмысшы өрісінде Cisco 1841 роутерін орнатыңыз. Роутердің баптауларынан оның физикалық конфигурациясын таңдаймыз (3-сурет).




Сурет 3. Құрылғының физикалық конфигурациясы


Сол жағында модульдердің тізімі (цифра 2) орналасқан, солар арқылы берілген роутерді жабдықтауға болады. Қазір онда екі бос орын көріп тұрмыз (цифра 3). Осы бос орындарға модульдерді кірістіруге болады. Әрине, бұл операцияны қорек көзін өшіріп орындайды (цифра 1).

Желінің құрамы: 4 түйін, сервер, принтер, екі концентратор. Концентраторлар өзара кроссоверлі кабельмен жалғанған (4-сурет).

Симуляция режиміне өту үшін Shift+S немесе жұмыс кеңістігіндегі тетікшені шертеді. Келесі оқиғаға өту үшін "Вперёд" тетігін қолданамыз (5-сурет). PING-сұранысын жібереміз.




Сурет 4. Желінің сұлбасы




Сурет 5. Симулятордың интерфейсі

Бір түйін арқылы басқа түйінді бақылауға тырысамыз. Алыста орналасқан түйіндерді таңдап, симуляция режимінде дестелер желі бойымен қалай өтетінін көреміз. Дестені желіге жіберу үшін симуляция терезесіндегі "Вперёд" тетігін басамыз (6-сурет).

Сол терезеден дестені көріп, оның түрін (ICMP) және көзін (192.168.0.4), [3] ерекшелейміз (7-сурет).



Сурет 6. Симулятордың жұмысы




Сурет 7. Хаттамалар жұмысын бақылау


Дестенің үстінен шертсек, толық ақпарат алуға болады. Сонда біз OSI үлгісін көреміз. 3-ші (желілік) деңгейде шығу бағытында дестенің пайда болғанын бірден көреміз. (8-сурет).

Басқа қыстырмадан дестенің құрылымын көруге болады (9-сурет).


"Вперёд" тетігін басқанда десте концентраторға қарай жылжиды. Бұл осы жақтан келіп қосылған бір ғана желілік қосылу (10-сурет). Концентратор дестені қалған порттарда соның біреуінде адресат болу керек деген себеппен қайталайды (11-сурет). Десте қайтып келгенде, қосылу шын мәнінде болғанын дәлелдеуге болады [4].




Сурет 8. OSI үлгісі негізінде желінің жұмысты бақылау



Сурет 9. Дестенің құрылымы



Сурет 10. Дестенің өтуі. Алғашқы кезең




Сурет 11. Дестенің өтуі. Екінші кезең

Егер дестелер кейбір түйіндер үшін тағайындалмаған болса, онда оларға мән берілмейді (12-сурет).

Осы жұмыс негізінде келесі тапсырмаларды орындауға болады:

- 1) Бір желіні басқа желіден ажырату үшін түрлі түсті аумақтарды қолдану
- 2) Бір түйін арқылы басқа түйінді бақылау.



Сурет 12. Дестенің өтуі. Үшінші кезең

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Рошан, П. Основы построения беспроводных локальных сетей стандарта 802.11 [Текст] / П. Рошан, Д. Лиэрм. – М.: Cisco Systems, 2005. – 445 с.
2. Сюваткин, В.С. WiMAX – технология беспроводной связи, теоретические основы, стандарты, применение [Текст] / В.С. Сюваткин и др. – СПб.: БХВ – Петербург, 2013. – 368 с.
3. Гусев, Д. Технологии беспроводного доступа [Текст]: справочник / Д. Гусев. - СПб.: БХВ Петербург, 2012. – 248 с.
4. Попов, В.И. Основы сотовой связи стандарта GSM [Текст] / В.И. Попов. - М:Эко-Трендз, 2005. – 301 с.

Материал редакцияға 16.02.17 түсті.

А.С. Тлешова, М. Жаксылык

Таразский государственный университет им.М.Х. Дулати, г Тараз, Казахстан

ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ РАБОТА СТУДЕНТА ПО ДИСЦИПЛИНЕ «ТЕХНОЛОГИЯ БЕСПРОВОДНОЙ СВЯЗИ» С ПОМОЩЬЮ ПАКЕТА ПРОГРАММЫ CISCO PACKET TRACER

В статье с помощью пакета программы CiscoPacketTracer выполняется виртуальные лабораторные работы по данному предмету и используются имитационные модели и устройства сети как маршрутизатор, коммутатор, точка доступа, персональный компьютер, сетевой принтер, IP-телефония.

Ключевые слова: системы топологии, симуляция, спектр, осциллограф, пакет программы Cisco Packet Tracer

A.S. Tleshova, M.R. Zhaksylyk

Taraz State University named after M.Kh.Dulati, Taraz, Kazakhstan

RESEARCH WORK OF THE STUDENT ON THE SUBJECT OF "WIRELESS COMMUNICATION TECHNOLOGY" WITH THE HELP OF PROGRAM PACKAGE FOR CISCO PACKET TRACER

In this article, using the program package Cisco Packet Tracer runs the virtual laboratory work on the subject and used a simulation model and network devices like router, switch, access point, personal computer, network printer, IP-telephony.

Keywords: system topology, simulation, spectrum, oscilloscope, packet program Cisco Packet Tracer.

Журнал «Механика и технологии»:



Входит в реферативную базу данных Information Service for Physics, Electronics and Computing (INSPEC DIRECT) Института Инжиниринга и Технологий Великобритании.

<http://inspecdirect-service.theiet.org/private/home.aspx>




Зарегистрирован в российской национальной библиографической базе данных научного цитирования РИНЦ

http://elibrary.ru/project_risc.asp



Включен в перечень научных изданий, рекомендуемых Комитетом по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан для публикации основных результатов научной деятельности.

<http://control.edu.gov.kz/ru/perechen-nauchnyh-izdaniy-rekomenduemyh-komitetom-dlya-publikacii-osnovnyh-rezultatov-nauchnoy-0>



Имеет импакт-фактор по Казахстанской базе цитирования – $IF_{kaz} = 0,03$

http://www.nauka.kz/page.php?page_id=794&lang=1#

Подписной индекс журнала: 74714 (АО «Казпочта»-«Почтовый сервис»)